А. А. Фомин дұрыс атап өткендей, «әдеби онимдердің реминисценттілік деңгейлері өте әртүрлі болуы мүмкін, өйткені олар сілтеме жасалған атаулардың Даңқ дәрежесіне тікелей байланысты» [2, 170 б.]. Сонымен, бір топ үшін реминисцентті атауды, мысалы, қажетті фондық білімнің болмауына байланысты прецеденттік сигналдарды қабылдамаған басқа топтар реминисцентті емес деп қабылдауы мүмкін.

Ю. Н. Карауылов прецеденттік мәтіндерді қолданудың төрт түрін анықтады: дәйексөз, шығарманың атауы, автордың немесе кейіпкердің аты [3, 218 б.]. Осы мақаланың аясында біз реминисценцияны жалқы есімдер – авторлардың, кейіпкерлердің және шығармалардың атаулары арқылы автордың жеке көзқарастарын қарастырамыз.

Реминисценцияны авторлық идеялардың бейнелі көрінісі ретінде толық сипаттау үшін Мәшһүр Жүсіп шығармаларына жүгінеміз. Реминисценттік қолданыстар авторлық идеяның тарихи, мифтік немесе басқа да ағартушылық мотивтерін анықтау мақсатында қолданылғанын байқауымызға болады.

Реминисценциялар арқылы көркем кейіпкердің жеке әлемі ашылады, автордың өз туындысына деген жеке қатынасы көрсетіледі. Әйгілі діни, тарихи немесе әдеби кейіпкерлерді реминисценттік жағдаятта қамтуының өзінен автордың рухани әлеміне бағдар жасауға болады.

Поэзиядағы реминисценциялар ерекше мәнге ие болады, олардың көмегімен ақынның идеялық пайымдары шешіледі. Өнер ескерткіштеріндегі реминисценциялардың рөлі өте ауқымды, олар аталымдық функцияны ғана емес, сонымен қатар поэтонимдердің аялық мағынасын да анықтайды.

Топонимикалық объектілердің аталуындағы реминисценциялар назар аударылып отырған топонимнің географиялық орналасуын анықтайды және әдетте, белгілі бір тұлғамен байланысты болып отырады.

Мәтінде сипатталған маңызды тарихи және діни атаулар қаламгерлердің дүниетанымдық ерекшеліктері туралы ақпарат береді, бұл автордың болмысы мен авторлық идеясы мен ниетін түсінуге ықпал етеді.

Қандай да бір кейіпкердің есімі кейіпкердің өзін ғана емес, сонымен қатар оның әдеби ортасын да; сол кейіпкермен байланысты бірқатар сюжеттік жағдайлар, сөздер тобы және т.б. еске түсіреді. Шын мәнінде, есім алынған барлық мәтінді еске түсіреді. Демек, біз бір есім аталған кезде осы есіммен байланысты бүкіл тарихи суретті ассоциативті түрде елестете аламыз. Реминисценциялардың идеялық көіл-күйді де бере алу қабілеті бар. Ассоциативті қатынасты анықтауға қызмет ететін мәтіндік емес элементтер, тарихи, мәдени оқиғалар реминисценциялардың денотаты болып табылады.

Осы тұрғыдан қарастыратын болсақ, Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы поэтонимдердің де реминисценциялық қасиеттерін анықтап кетуімізге болады

Материалдар және әдістер

Ғылыми материал ретінде шетелдік және отандық лингвист-ғалымдардың, әдебиеттанушылар мен философтардың жұмыстары қызмет етті, олардың қатарына В. В. Виноградов, А. В. Суперанская, Ю. А. Карпенко, В. А. Никонов И. С. Зинин, Е. Э. Бертельс, В. А. Жуковский, М. Т. Степанянц, А. В. Смирнов, Р. Никольсон, К. Эрнст және қазақ ономастикасын жан-жақты зерттеу барысында А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов, А. Т. Қайдаров, О.А. Султаньяев, Е. Жанпейісов, Ф. Мұсабекова, Қ.Қ. Рысбергенова, В. У. Махпиров, Г. Б. Мәдиева, С. Қ. Иманбердиева, Қ. Ғ. Аронов, Е. Ә. Керімбаев, Б. М. Тілеубердиев, С. Е. Керимбаева, Б. Көшімова т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектеріне, негізгі теориялық тұжырымдары мен пікірлеріне сүйендік.

Талданатын материалдың ерекшелігі және қойылған міндеттерді орындау қажеттілігі синхронды талдау, дескриптивтік, интерпретациялық, қорыту, тарихи теңестірушілік, салыстырмалы және стилистикалық талдау әдістерін пайдалануға себепші болды.

Нәтижелері мен талқылануы

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы поэтонимдердің реминисценциялар түрінде қолданылуы арқылы діни және философиялық ұғымдар берілетінін байқаймыз. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы реминисценцияның төмендегідей факторларын ұсынуымызға болады:

– пайғамбарлар және басқа да діни өкілдер есімдерінің рөлін анықтау факторы;

– сүрелер мен аяттарды ғана көрсету факторы және олардағы жалқы есімдердің сипаты;

– халықтың өткен өмірімен, оның тарихының мәдени және психологиялық маңыздылығымен тығыз байланысты көркем ескерткіштің тарихи бейнесін дәйектеу факторы;

– аңыз, миф желісімен жазылған шығармаларындағы кездесетін белгілі тұлғалар туралы бейнелеу факторы. Олардың танымдық, сипаттамалық және тәрбиелік мәндері бар екенін айта кеткен жөн.

Бірінші фактор бойынша қарастыра болсақ, алғашқы пайғамбар – Адам ата поэтонимі көптеген аңыздарда кездеседі. Аталмыш поэтонимнің Мәшһүр Жүсіп шығармаларында келуі де оның шығармашылығының көп бөлігі қасиетті Құран аңыздарын сипаттаумен байланыстылығын көрсетеді.

Адам атаның топырақтан жаратылғаны және оған Хақ сәулесінің даруы туралы аңыз Мәшһүр Жүсіп шығармаларында реминисценция формасында көптеп қайталаанады. Бұлай берілуі «барлығы Хақ нұрынан жаралған» деген философиялық идеяны көрсетумен байланысты екенін тануымызға болады:

- Әуелі жан иесі – **Адам ата**,

Жан қылып топырақтан қылған жота [4, 155 б.].

-Топырақтан жаратам **Адам!** – дейді,

Жебірейіл, бұйырамын саған! – дейді.

Бар-дағы Мағриб, Машрих ортасынан,

Бір уыс топырақ ап кел маған! – дейді [5, 59 б.].

- Жаралған ең әуелі- **Адам ата**,

Қоймады дүниеге оны да [алған].

Жаралған онан соңғы – Нух нәби,

Біз түгіл, бәрі өткен, олар кәні?!

Бәрінің құрметі үшін ол жаратқан-

Мұхаммед расул Мұстафаны [6, 20 б.].

- Сонда Хақ тағала айтты: «Ей, періштелерім, мен білгенді сендер білмейсіңдер! – деді. Адам атаны жаратты – топырақтан. **Адам ата** жиырма жастағы жігіт шамасында болып жаралды. Онан кейін Адам ғалайссалам ұйқылы-ояу жатқанда, сол жақ қабырғасының ішкі жағынан алып, Адам атаның етін ауыртпай, анамыз- Хауа ананы жаратты. Екеуін бір-біріне қосып, жұпты қылды. Жебірейіл құтпа оқып, неке қиды. Неках (неке) сонан бері мұрас (мирас) қалды. Сонан кейін Адам ата, Хауа анамыз бен көп жыл ұрмақта (жұмақта) болды [7, 179 б.].

Мәшһүр Жүсіптің шығармаларындағы Адам ата туралы ойлар Құран сүрелерінен алынғанын айта кеткеніміз жөн. Құран кәрімде адамның жаратылуы жөніндегі аяттардың барлығында да хазірет Адамның топырақтан жаратылғандығы айтылады. Ол туралы Құранда: «Аллаһ тағала сені (Адам атаны) топырақтан, сосын бір тамшы судан (Адам атаның ұрпағын) жаратты» [7, 180 б.], – дейді.

Адам атаның өмірге келуі мен алғашқы кұнаһарлықтың пайда болуы – шайтанның Адам атаға жасаған кесапаттары Мәшһүр Жүсіптің келесі жолдарынан байқалады:

Жаралған ең әуелі Адам ата,

Жайылған жанның бәрі – соған бота.

Хауа ана шайтан малғұн тілін алып,

Жұмақтан шықпады ма біржолата [8, 18 б.].

Бұдан соң шайтан өз баласы Ханнасты Хауа ананың жанына «жаныңда бола тұрсын» деп қалдырып кетеді, оны Адам ата қайтып келгенде көріп, қылышымен турап өлтіреді. Бірақ шайтан келіп, «Ханнас» деп атын атағанда, ол түк болмағандай орнынан тұрып келе жатады. Осылайша бірнеше рет қайталаанады.

Жетіп кеп Адам ата қатуланды,

Хауаға қатуланып, қамшы салды.

Білсеңіз, ашуланып қатын ұрмақ

Мирас боп кейінгіге содан қалды, – дейді [8, 20 б.].

Осылайша Адам ата бірнеше рет Ханнасты өлтіреді, ал шайтанның баласы аты аталысымен-ақ тіріліп кете береді. Бұлай жалғастыруға болмайтынын біліп, Адам ата мен Хауа ана Ханнасты өлтіріп, етін бөлшектеп, пісіріп жеп алады.

Осыдан соң шайтан келіп, «Ханнас» дегенде, Адам мен Хауаның ішінен «Мен мұндамын» деген дауыс естіледі.

Шайтан сонда: -Жайғастың, балам! – дейді,

Сен іштен, мен тыстан шалам! – дейді.

Адамды жан-жағынан біз азғырсақ,

Жанбай ма Жаханнамда олар?! – дейді.

Содан бері шайтандар жайлап алған,

Қан секілді адамның тамырында [8, 21 б.].

Міне, Мәшһүр Жүсіп Құран оқиғаларынан алынған реминисценцияларды пайдалана отырып, өз тұжырымдарын қорытып айтады. Адам баласына арақ ішудің кесапаттарын айтады:

Қан болып тамырында жүр-ау шайтан,

Тартарсың қияметте сен жазаны,

Малғұнның денеңдегі тілін алсаң, – дейді [8, 20 б.].

- Ауырса, арақ ішіп, сұрама халін!

Тәубе қылмай, дүниеден өтер болса,

Оқымаңдар жаназа-намаздарын!

- Кімде-кім: «Бұл арақты десе халал»

Тап сол жан діннен шыққан кәпір болар [8, 22 б.].

Мәшһүр Жүсіп поэзиясында Адам ата мен Хауа ананың жеуге тыйым салынған бидай дәнін жеп қойғандары үшін жұмактан қуылғандары жайлы да реминисценциялар бар:

Барады Хауа анамыз жегісі кеп,
Жоламай Адам ата отырды көп.
Екі үзіп өзі жеді, Хауа анамыз,
Кәнеки, маған жұқты немене? – деп.
Жемеске өзін Хауа тыя алмайды,
Енді айттым: Мен байдан тіл алмайды.
Көргеннен Хауа ананы сондай жақсы,
Адам да оның сөзін қия алмайды.
Екі үзіп сол бидайдан Хауа жеді,
Бір үзіп атамызға алып берді.
Аузына Адам ата салған шақта,
Шошынып өне бойы дірілдейді [9, 106 б.].
Иә, Адам, ұжмағымнан сен шық! – дейді,
Тұруға енді мұнда жол жоқ! – деді.
Екі өгіз, он қой, бір ат енші бердім,
Кешікпе, енді мұнда, тұр шық! – деді [9, 107 б.].

Кейде адамдардың жасаған күнә-қателіктері Адам атаның күнәсіне теңдестіріліп айтылады. Нәпсі мен шайтан бәр нәрсе болып айтылады. Ол Адам атаны ақ жолдан тайдырғандар ретінде көрсетіледі.

Адам мен Хауаның балалары Қабыл және Һабілмен байланысты реминисценциялар қантөгіс пен қатыгездіктің көрсеткішін дәйектейді. Шығарма желісі бойынша екі ағайынды Қабыл мен Һабіл дүниеге келген кезде олармен бірге екі қарындасы да дүниеге келді. Екі ағайынды жігіт өз қарындастарына үйленеді. Бірақ олар үйленбекші болып отырған қарындастарын айырбастау үшін араларында кикілжің туады. Бұл оқиға Адамға жетіп, ол екі ағайындыны Мина тауында құрбандық шалуды және оның құрбандығын Жаратушы қабылдайтынына көз жеткізуді бұйырды. Құрбандық шалынады, Самұрық құсы сияқты от пайда болды және Һабілдің құрбанын жұтып қойды, Қабылдың құрбаны қабылданбайды. Ашуланған Қабыл пышақты алып, Һабілді өлтіріп, «бұл құрбандық міндетті түрде қабылданады» деп айқайлайды [9, 29 б.]. Осы аңыз Мәшһүр Жүсіп шығармасында төмендегідей көрініс тапқан:

Ит – көктен жаралған, мысық – оттан,
Сол себептен адамға жақын еткен.
Адам ата, Хауа ана қосылған соң,
Ұл мен қыз егіз болып бала біткен.
Бір егіздің сынарын бірге қосқан,

Бір сұлу қыз Қабылмен бір туысқан.
Соны барып Һабілге қосқаннан соң,
Қабыл тұрып Һабілге болды дұшпан.
Ал екеуі келіспес араз болып,
Бара жатыр кеңеске ішім толып.
Бір кеңес алымсақтан айтсам керек,
Қабыл, Һабіл қоя тұрып [9, 109 б.].

Адам атаның баласы Шис есімімен байланысты реминисценциялар Мәшһүр Жүсіп шығармашылығында адам бойындағы әділеттілікті, игі қасиеттерді дәріптеумен байланысты:

Қабыл тұрып Һабілді өлтіріпті,
Қырық күн Адам зар жылап отырыпты.
Тиштен Шыш есімлі бала туып,
Құдайым жүзін, нұрын келтіріпті.
Баласын Адам сопы жиып алған,
Бәріне дін үйретіп жолға салған.
Он кітап келген екен сонда өзіне,
Өзгесі кетіп, орыны Шышта қалған [9, 111 б.].

Мәшһүр Жүсіп шығармашылығында реминисценциялардың бірі – Нұх онимі. Нұх пайғамбардың есімі «Нұх кемесінен кейінгі әңгіме», «Нұх, наурыз тарихы», «Нұх пайғамбар мен бір кемпір» атты аңыз әңгімелерінде айтылады.

Осы аңыз әңгімелерінде Мәшһүр Жүсіп Нұх кемесінің судан шыққаннан кейінгі жыл санауына, «Наурызға» байланысты аңыздық белгілердің сақталуына тоқталған. Сонымен қатар «Нұх пайғамбар мен бір кемпір» аңызында Нұх пайғамбардың қателесуі сөз болады. Бұл жерден пайғамбар болса да, адамға, қарапайым пендеге тән қасиеттерге ие екендігін тілге тиек етеді.

Нұх пайғамбардың әңгімесі жер – дүниені топан су басуы туралы әңгімелерге негізделген, Құранда және Библияда айтылатын әлемді топан су басуы туралы мифтер, әлемнің теңіз астында қалатыны жайлы бізге шумер мен Вавилоннан, сондай-ақ ежелгі үнді және Қытай мифологиясынан белгілі. Ежелгі мифологияда, Библияда және Құранда дүниежүзілік су тасқыны адам үшін жаза деп айтылады. Шығарма желісі бойынша, Алла тағала Нұх пайғамбарға Дүниежүзілік су тасқыны туралы алдын-ала ескертеді және одан кеме жасап, әр жәндіктен бір-бірден алып келуді сұрайды. Мәшһүр-Жүсіп қолжазбаларынан алынған баяндаудың мазмұнын осы сюжет нұсқаларының бірі болып табылады. Онда дүниежүзілік топан су белгілері тандыр нанынан анықталады. Тандыр Куфа қаласында жасалады. Бұл қалада Нұх пайғамбар жиырма жыл бойы кеме жасайды. Жер жүзін топан су басатыны туралы хабарға басқа дін өкілдері күліп, мазақпен қарайды.

Күн сайын тек бір кемпір ғана сиыр сауып, сүт қайнатып, айран ұйытып, Нұх пайғамбарға әкеп отырады. Ол сондай-ақ Нұх пайғамбардан су тасқыны кезінде оны өзімен бірге кемеге апаруын сұрайды. Аласапыранда Нұх пайғамбар кемпірді ұмытып кетеді. Осы уақытта алты ай, он екі күн өтеді, жерде құрғақшылық пайда болады. Бір күні қарт әйел айранын алып жағаға келіп, тағы да: «су тасқыны кезінде мені және сиырымды өзіңізбен бірге ала кетіңіз!» деп тағы да сұрайды. Сонда Алла тағала Кемпірдің сезімдерінің шынайылығына таң қалады және ол туралы енді ұмытпастай болады. Кемпір сиырын сауып болып, демалуға жатады, ұйқыға кетеді. Оянып, ол жағаға айранын алып келеді.

Мәшһүр-Жүсіп Нұх пайғамбар туралы осы аңыз әңгімені келтіре отырып, ізгі тілек ешқашан назардан тыс қалмайды деген ойға келеді [10, 53–54 бб.].

Қорытынды

Қорыта айтар болақ, Мәшһүр Жүсіп ономастикалық лексикасында онимдердің ерекше санаты бөліні шығады, оларды реминисцентті деп атауға болады. Реминисцентті емес атаулардан айырмашылығы, олар белгілі бір объектіні ғана емес, сонымен қатар басқа әлемге (нақты немесе көркем) жататын басқа объектінің атауына сілтеме жасап тұрады. Нәтижесінде оқырман мәтінде көркемдік мәнге ие екі идеяның ассоциативті байланысын анықтайды, бейнені қабылдау тереңдей түседі. Кейіпкердің есімін реминисцентті қолдану бір әдеби шығарманың көркем бейнелерін басқа шығарманың әдеби шындық әлеміне енгізуге ықпал етеді. Аллюзивті онимдер, оның ішінде мифонимдер, коннотативті мағыналардың пайда болуына ықпал ете отырып, әдеби шығарма кейіпкерлерінің бейнелерін толықтыра түседі. Осыған байланысты реминисцентті есімдерді, олардың көркем мәтіндегі орнын зерттеу өзекті болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 **Ахманова, О. С.** Словарь лингвистических терминов. – М. : КомКнига, 2007. – 576 с.
- 2 **Фомин, А. А.** Имя как прием: реминисцентный оним в художественном тексте // Вестн. Урал. гос. ун-та. Сер. Гуманитарные науки. Екатеринбург, 2003. № 28. Вып. 6. С. 167–181.
- 3 **Караулов, Ю. Н.** Русский язык и языковая личность. – М. : Изд-во ЛКИ, 2007. – 264 с.
- 4 **Көпейұлы, М.-Ж.** Шығармалары. – Павлодар, 2005. – 5-т. – 535 б.
- 5 **Көпейұлы, М.-Ж.** Шығармалары. 13 том. – Павлодар : «Эко» ҒӨФ, 2008. – 385 б.

- 6 **Көпейұлы, М.-Ж.** Шығармалары. – Павлодар, 2008. – 12-т. – 362 б.
- 7 **Көпейұлы, М.-Ж.** Шығармалары. – Павлодар, 2005. – 6-т. – 396 б.
- 8 **Көпейұлы, М.-Ж.** Көп томдық шығармалары. – Алматы : Алаш, 2003. – 1-т. – 504 б.
- 9 Сөз өнерінің зергері. Акын, публицист, этнограф, фольклорист, ағартушы Мәшһүр Жүсіп Көпеевке арналады. / Құраст.; Қосаева Н. Қ., Күзембаева В. Ред. алқасы: Әбуғалиева К.К. (жауапты ред.), ред.: Нұрғожина Ж. М., Ақашева С. С., Әбеннова Л. Д., Бравач О. П. (техн. ред.). – Алматы : Орталық ғылыми кітапхана, 2008. – 308 б.
- 10 **Көпейұлы, М.-Ж.** Шығармалары. – Павлодар, 2006. – 7-т. – 393 б.

References

- 1 **Ahmanova, O. S.** Slovar' lingvisticheskikh terminov [Dictionary of linguistic terms]. – Moscow : Komkniga, 2007. – 576 p.
- 2 **Fomin, A. A.** Imya kak priyem: reminiscentnyy onim v khudozhestvennom tekste [The name as a device: a reminiscient onym in a literary text] // Vestn. Ural. state university Ser. Humanitarian sciences. Ekaterinburg, 2003. – № 28. – Vyp. 6. – P. 167–181.
- 3 **Karaulov, Yu. N.** Russkiy yazyk i yazykovaya lichnost'. [Russian language and linguistic personality.]. : Moscow Izd-vo LKI, 2007. – 264 p.
- 4 **Kopeiuli, M.-Zh.** Shıǵarmaları [Works]. – Pavlodar, 2005. – Vol 5. – 535 p.
- 5 **Kopeiuli, M.-Zh.** Shıǵarmaları [Works]. Vol 13 – Pavlodar: «Eko» ǴÓF, 2008. – 385 p.
- 6 **Kopeiuli, M.-Zh.** Shıǵarmaları [Works]. – Pavlodar, 2008. – Vol 12. – 362 p.
- 7 **Kopeiuli, M.-Zh.** Shıǵarmaları [Works]. – Pavlodar, 2005. – Vol 6. – 396 p.
- 8 **Kopeiuli, M.-Zh.** Kóp tomdıq shıǵarmaları [Multi-volume works]. – Almaty: Alash, 2003. – Vol 1. – 504 p.
- 9 Söz öneriniñ zergeri [A jewel of the art of words] . Dedicated to the famous poet, publicist, ethnographer, folklorist, educator Zhusyp Kopeev / Compiled by: Kosaeva N.K., Kuzembaeva V. Ed. panel: Abugalieva K.K. (responsible editor), ed.: Nurgozhina J.M., Akasheva S.S., Abenova L.D., Bravach O.P. (technical editor.) – Almaty: Central Scientific Library, 2008. – 308 p.
- 10 **Kopeiuli, M.-Zh.** Shıǵarmaları [Works]. – Pavlodar, 2006. – Vol 7. – 393 p.

Материал 09.06.23 баспаға түсті.

*Г. К. Абишева¹, А. О. Карипжанова²

^{1,2}Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 09.06.23.

РЕМИНИСЦЕНТНАЯ ФУНКЦИЯ ИМЕН СОБСТВЕННЫХ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МАШХУР ЖУСУПА

В данной статье дается реминисцентная функция имен собственных в произведениях Махмур Жусупа Копеева. Реминисцентные имена собственные относятся к народной культуре и охватываются непосредственно художественным текстом.

Любые имена собственные в художественном тексте можно рассматривать по двум признакам: во-первых, в семантическом аспекте, с точки зрения его внешнего вида; во-вторых, в семантическом, с точки зрения его семантики, художественного образа, предлагаемого именами собственными. Имена собственные реминисценции служат в художественном тексте как лингвистический механизм, делающий объективным намерение автора для реализации функции свидетельства объекта другой реальности (физического или художественного). Прямые или косвенные ссылки на цитаты, крылатые фразы, личные неологизмы, имена персонажей, названия произведений, имена их авторов, особые коннотации слов и фраз служат реминисценционными именами.

При реминисценции текста ссылка на источник может иметь или не иметь разную степень точности. В связи с этим цель статьи является изучение понятия «реминисцентное собственное имя» и установление его особенностей в отношении работ Махмур Жусупа. В произведениях Махмур Жусупа изучаются религиозно-богословские имена, имена Бога, пророка, ангелов как имена-реминисценторы, раскрываются их познавательные особенности.

Ключевые слова: прецедентное собственное имя, реминисцентное собственное имя, культура, время, текст, лингвистический инструмент

*G. K. Abisheva¹, A. O. Karipjanova²

^{1,2}Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 09.06.23.

THE REMINISCENCE FUNCTION OF PROPER NAMES IN THE WORKS OF MASHKHUR ZHUSUP

This article gives a reminiscence function of proper names in the works of Mashkhur Zhusup Kopeev. Reminiscent proper names related to folk culture and covered directly by the artistic text.

Any proper names in a literary text can be considered on two grounds: firstly, in the semantic aspect, from the point of view of its appearance; secondly, in the semantic, from the point of view of its semantics, the artistic image offered by proper names. Proper names of reminiscences serve in a literary text as a linguistic mechanism that makes objective the author's intention to implement the function of witnessing an object of another reality (physical or artistic). Direct or indirect references to quotations, catch phrases, personal neologisms, names of characters, titles of works, names of their authors, special connotations of words and phrases serve as reminiscential names.

When the text is recalled, the reference to the source may or may not have a different degree of accuracy. In this regard, the article provides the purpose of studying the concept of «reminiscent proper name» and establishing its features in the application of Mashhur Zhusup. In the works of Mashkhur Zhusup, religious and theological names, the names of God, the prophet, and angels are studied as reminiscential names, and their cognitive features are revealed.

Keywords: precedent proper name, reminiscient proper name, culture, time, text, linguistic tool

<https://doi.org/10.48081/KAIX6716>

*Г. Т. Дарменова

Памуккале университеті,
Түркия Республикасы, Денизли қ.
*e-mail: gdarmenova@pau.edu.tr

КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕГІ АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАР ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ҰЛЫ ОТАН» КОНЦЕПТІСІ

Бұл мақалада Кеңес дәуіріндегі ақын-жазушылардың шығармаларында қалыптасқан «Ұлы отан» макроконцептісінің қолданысы жан-жақты талданып қарастырылды.

Кеңестік дәуірдегі тіл саясатын, тіл құрылысын, тілдік жағдайды жан-жақты қарастыру – сол кезеңдегі қазақ тілінің «лингвистикалық бейнесін» танытады. Әлеуметтік ортада жаңару мен жаңғыру басталды. Соған сәйкес қоғамдық идеал түбегейлі әрі тез өзгерді.

Қарастырып отырған кеңестік кезең социализмнің салтанатын дәріптеу, лениндік, сталиндік идеяның мәңгілік екендігін халық санасына сіңдіру, коммунизм орнатуда партияның сара жолына түсу қажеттігін түсіндіруді мақсат ете отырып, қалың бұқараны тек кеңестік билікке бойұсынуга шақырған уақыт болды. Бұл тұстағы мерзімді басылымдар да кеңестік мемлекет саясаты мен идеологиясын насихаттаудың ақпараттық құралы ретінде мейілінше ашық түрде қолданылды. Қоғамдық-саяси, публицистикалық, көркем дискурс мәселелеріне үңіле отырып кеңестік кезеңдегі бірнеше қоғамдық-саяси мәні бар ұғымдарды концептілік тұрғыда жүйелеп, концептілер жүйесі ретінде топтастырылды. Концептілік тұрғыда қарастыру дегенде сол бір кеңестік кезеңдегі адамдардың тілдік санасын, ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білімі мен көрсеткіштерін танытатын лингвокогнитивті құрылымдарды түсіндіру. Осы негізде кеңес дәуіріндегі қоғамдық-саяси, көркем, публицистикалық дискурс мәселелерін қамти отырып, концептілер жүйесін көлемді макроконцептілер мен шағын микроконцептілерге бөліп қарастырылды.

Зерттеу материалының кіріспесінде «Кеңес дәуіріндегі макро, микроконцептілер» деп аталып, қазіргі тіл ғылымында негізгі ұғымы

болып саналатын концепт ұғымына анықтамалар беріліп, жан-жақты қарастырылды.

«Ұлы отан» макроконцептісі тараушасында «Ұлы Отан» концептісіне қатысты «Отан», «Отан – ана», «Отан – тыныштық, мәңгілік орын» ұғымдары совет дәуіріндегі халықтың таным әлемімен байланысты көрініс тауып, «Ұлы Отан» концептісін танытудағы маңызыды концептілер болып табылатындығын дәлелдеп танытылды.

Зерттеу материалдарын қазақ әдебиеті курстарында, қосымша материал ретінде Қазақстан тарихы пәндерінде де пайдалануға болады.

Кілтті сөздер: кеңес дәуірі, ұлы отан, концепті, макроконцепті, тілдік сана, лингвокогнитивті құрылым.

Кіріспе

Тіл білімінде «Концепт» термині ХХ ғасырдың 20–30 жылдарында зерттеле бастады. Бұл ұғым қоршаған орта құбылыстарының тіл әлемінде бейнеленуін зерттеумен байланысты пайда болды. «Концепт» терминін тіл аясындағы мәселелерге қатысты пайымдау қажеттігін өткен ғасырдың бірінші жартысында тұңғыш рет орыс философы С. А. Аскольдов ұсынған еді. Ол «Концепт и слово» атты еңбегінде: «...мысленное образование, которое замещает нам в процессе мысли неопределенное множество предметов одного и того же рода» – деп атап көрсетеді [1, 115 б.]. Осы пікірмен сабақтас өрбитін, В. З. Демьянков [2], Ю. С. Степанов сынды ғалымдардың ұғым мен концептінің аражігін ажырата қарастыратын тұстары кездеседі [3, 105 б.].

«Концепт – адам санасында өскен орта, дін, мәдениет дүниетаным негізінде берілетін құндылықтар – дейді Д. С. Лихачев. Ал «концептосфера» термині «концептілер аймағы» болып саналады. Концепт – жеке тұлғаның тілдік санасында ғана көрінетін коннотативті, бағалау, түрлі ассоциациясы мәнермен келетін көп өлшемді білім. Сондай-ақ концепт – объект туралы білім жиынтығының мазмұнына ие болатын ментальды ұлттық өзгеше білім ретінде танылады.

С. А. Аскольдов-Алексеевтің түсіндіруінше, концепт – сөз бен оның мәні арасын байланыстырушы. Адам сөйлегенде санадағы сөз ұғымдарын пайдалана алмайды, сондықтан жаңа мәндік элементтер ретінде ұғымдар, алғаш қалыптасқан ой – ментальды сигналдар іске қосылады. Осылардың өзі – концепт. Концепт өзі уақыт пен түсініктен тыс тұрып сөздердің уақыт пен кеңістіктегі ұғымдық-тектік байланысын табуға көмектеседі. Сөздің барлық нақтылы және потенциалды мағыналары, байланыстары, кейде тіпті

алшақ жатқан ассоциациялары концептінің арқасында бір сөзге бекітіліп тұрады [1, 98 б.].

Сонымен, концепт – адам санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын, хабарлы құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі. Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігінде оған: «жадының, ментальді қордың, тұжырымдау жүйесінің әрі адам санасында көрініс табатын бүкіл әлемнің мазмұнды да белсенді бірлігі» деген анықтама беріледі.

Тіл мен мәдениеттегі құндылық концепт арқылы көрінеді. Концепт бола алатын лексикалық бірліктер шектеулі. Концепт болу үшін белгілі бір мәдениетте өзекті, бағалы, өте ауқымды тілдік бірліктерді қамтитын, мақал-мәтелге, поэтикалық, прозалық мәтінге тақырып бола алатын ақиқат құбылыстар болуы керек. Д. С. Лихачевтің анықтауы бойынша концептілер адамның санасында белгілі бір мағынаға сілтеме ретінде және адамзаттың жалпы тілдік тәжірибесінде поэтикалық, прозалық, ғылыми, әлеуметтік, тарихи т.б. нұсқаушы ретінде туындайды.

Концепт терминіне байланысты тірек концепт, кілт сөздер, концептілік өріс, макроконцепт, микроконцепт т.б. ұғымдар қолданылады. Тірек концептілер белгілі бір мәдениетті түсінуге көмектеседі. Мәдениеттің бір элементі, түсінудің кілті. Тірек концептілерді талдау арқылы ұлттық мәдениеттің даму қалпын, жай-күйін біле аламыз. Көркем мәтінге концептуалды талдау жасау үшін алдымен сол мәтінде қолданылған кілт сөздер жиынтығын айқындап алу қажет болады. Ол кілт сөздердің әрбірі концептуалдық мәнді жеткізуші. Ал макроконцептілер концептілердің әлдеқайда ауқымды формасын танытса, ол макроконцептілер өз ішінде шағын микроконцептілер құрайды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің негізгі мақсаты – Кеңес дәуіріндегі қоғамдық, саяси, көркем, публицистикалық дискурс дефиницаларын негізге ала отырып, «концептілер жүйесін» топтастырып ұсыну.

Бұл зерттеу жұмысын жазу барысында Кеңес дәуіріндегі саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени, әдеби, қоғамдық жағдайларды танытатын «Ұлы Отан» макроконцептісінің ерекшеліктерін көрсету.

Зерттеу мәселесі бойынша тіл біліміндегі сипаттама, компоненттік талдау, жүйелеу, бақылау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Кеңес дәуіріндегі әлеуметтік, қоғамдық-саяси, мәдени, әдеби мәселелерді қамтитын негізгі ұғымдарды лингвистикалық тұрғыда бағамдап, үлкен ауқымдылықты қамтыған бірнеше макроконцептілер мен

микроконцептілер ретінде алып топтастыруға болады. Макроконцептілер ретінде *«Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы»*, *«Ұлы Отан»*, *«Ұлы октябрь революциясы»*, *«Әйел»* концептілері алынса, микроконцептілер қатарын *«Кеңес Одағының коммунистік партиясы» (КОКП)*, *«Коммунистік партияның идеалдары мен құндылықтары»*, *«Съезд»*, *«Көсем»* концептілері құрайды.

Бұл зерттеу жұмысын жазу барысында жоғарыда көрсетілген концептілердің ішінде «Ұлы Отан» макроконцептісіне тоқталдық.

«Ұлы Отан» макроконцептісі.

Когнитивтік бағыттың негізгі қызметі – дүниенің бейнесін белгілі бір жүйеде репрезентациялау. Демек, репрезентация – алғашқы түсініктен бастап, дамыған бай концептілік жүйедегі түсінікке дейінгі ақиқат дүние туралы санадағы білімінің көрінісі болып табылады.

«Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы» макроконцептісі Кеңес Одағының Коммунистер партиясының қалыптасуы мен гүлденуінің басты нысаны болған. Сол кезеңдегі стиль түрлерінің барлығында дерлік қолданысқа ие болды деуге де болады. Мәселен, сол тұстағы баспасөз беттеріндегі «Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы» ұғымына қатысты төмендегідей мысалдарға назар аударсақ: *Лениннің басшылығымен адамзат тарихында ең алғашқы болып жұмысшылар мен крестьяндар және халықтар одағынан тұратын – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы құрылды* (Правда, 1970, № 112). *Кеңестер мемлекеті – шығармашылық гүлденуі үстінде* (КПСС XXII съезінің материалдары). *Партия Кеңес адамдарының Социалистік Отанымызға, коммунистік іске деген киелі сезімді жандандырған* (ИКПСС, 547). *Коммунизм орнату жолындағы күресте совет халқының дем беруші және ұйымдастырушы ұлы күші – Ленин ұйымдастырған Совет Одағының даңқты Коммунистік партиясы жасасын!* (Социалистік Қазақстан, 9 сәуір 1961, № 85).

Байқағанымыздай, «Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы» макроконцептісі *«Кеңестік Одақ»*, *«Кеңестер мемлекеті»*, *«Кеңес адамдары»*, *«Совет Одағы»*, *«Совет халқы»*, *«Совет өкіметі»* концептілік қатарларын құрайды.

«Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы» макроконцептісіндегі көптеген элементтер Кеңес адамдарының Отанына деген оң көзқарастарын танытады. Соған орай, *«Ұлы Отан»* макроконцептісі де сол кезеңдегі әрбір азамат үшін айырықша мәнге ие болғандығын (*Бүкіл еліміз партияның XXII съезін лайықты қарсы алуға әзірленіп жатқанда, бүкіл совет жастары Отанымыз бұрынғыдан да дәулетті және бай болып, молшылыққа кенелуі үшін қолдан келгеннің бәрін істеуге бел байлаған*) басылым беттеріндегі мысалдар арқылы бағамдауға болады.

«Ұлы Отан» макроконцептісі Ел және Жер концептілері арасындағы тығыз байланыстың, ұлттық құндылықтар жүйесінің тұтастығы негізінде жасалады. Ол тұтастық туралы ұғым-түсініктер қазақтың паремиологиялық дүние бейнесінде: «Отанға опасыздық еткенің – өз түбіңе жеткенің»; «Отан оттан да ыстық»; «Отан – отбасынан басталады»; «Отансыздың оты жанбайды»; «Отаны бірдің – тілегі бір, ошағы бірдің – білегі бір»; «Отансыз адам – қор, Отаны бар – зор» т.б. тілдік модельдер түрінде бекіп, ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде жалғасын табады.

«Отан» концептісін құраушы тілдік модельдердің жалпы мазмұны этногенетикалық қауымдастықтың әр мүшесіне өмір сүрудің, өз мемлекетін құрудың бірден бір кепілі этностың иемденген жері болуы керектігін, ел болып қалудың, этнос үшін күллі тіршілігінің көзі саналатынын ол жерді ата-бабамыз қорғап, сақтап, бүгінгі ұрпаққа тарихи отан етіп мұрагерлікке табыстағанын, ал бүгінгі ұрпақ оны келер ұрпаққа мұраға қалдыруы қажет екендігін түсіндірген дидактикалық-пайымдық сипатта болып келеді.

«Ұлы Отан» концептісінің өзін бірнеше когнитивтік модельдерге топтастыруға болады.

«Отан», «Ұлы Отан» когнитивтік моделі.

«Отан», «Ұлы Отан» макроконцептісінің көрінісін Қ. Аманжолов, Т. Молдағалиев, Ж. Молдағалиев, С. Мәуленов, М. Мақатаев сынды ақын-жазушылардың шығармаларынан анық байқауға болады. Өрнек;

Көз салдым өмір тереңіне,
Құлашым жетсе дүние көлеміне.
Әлпештеп мені өсірген – Ұлы Отан,
Жарасам сол Отанның керегіне.
Отан сүйгіш елімнің ізгі салтын,
Әлем білген әйгілі совет халқын.
Дарқан күш, қайнар бұлақ білім шыққан,
Мадақтасам Ұлы Отан өшпес даңқын!

(М. Мақатаев. «Арманым»).

Отан үшін, семья үшін, мен үшін,
Аямады ол не өмірін, не күшін.
Тәрбие ал, деп, қалдырыпты ол маған
Коммунистік ерлік ісін, жеңісін.

(М. Мақатаев. «Әкем туралы сөз»).

Сайратқан бұлбұл құстай Ұлы Отаным,
Сұңқардай алмас қанат құлшынамын.

(Ж. Молдағалиев. «Серт»).

Қасиетті күші Ұлы Отанның,
Қанатын бер қыран құстың,
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың.

(Қ. Аманжолов. «Ақын өлімі туралы аңыз»).

Күңгірлейді жат тілдерден көр-апан,
Заңмен мұны жазаламақ бір қатаң.
Білмеді олар сол кітапта жатқанын,
Солдат емес, социалистік Ұлы Отан!

(С. Мәуленов. «Бақыт кітабы туралы баллада»).

Бірақ Қызыл Армия
Отанына боп ие
Әрқашан да тұра алад,
Жауының бетін бұра алад.
Дүние пролетариатының
Ұлы Отаны – СССР!

(Қ. Аманжолов. «Он бес»).

Отанымыз – ССРО бақыт, үміт тірегі,
Астанамыз бақыт құшқан – жер жүзінің жүрегі.
Алып жүрек секунд санап шаттық кернеп соғады,
Соққан сайын құлпырады дүние бақыт Одағы.

(Қ. Аманжолов. «Отан үшін жан пида»).

«Отан», «Ұлы Отан» концептісі Кеңес дәуіріндегі ақын-жазушылар шығармаларындағы тілдік бейнеде «әлпештеп өсірген отан», «күш-қуат берген қоныс», «бақыт, үміт тірегі» ұғымдарының қолданылуымен терең ашылған.

«Отан – ана» когнитивтік моделі.

Поэзиялық шығармалардан нақты мысалдар келтірсек:
Біз сендердей жаңа ашылған гүл едік,
Жерге бақыт, елге бақыт тіледік.
Отан-ана отқа күйіп жатқанда,
Біздер ме едік үй бағатын тірі өлік.

(Ж. Молдағалиев. «Махабат оты сөнбейді»).

Қол ұстасып халықтар, тұрды сапқа,
Қосыл, қазақ, бас, қазақ, нұрлы шаққа!

Отан деген ұлы ана перзентісің,
Бауырларың өзіңмен бір құшақта.
(Ж. Молдағалиев. «Мен – қазақпын»).

СССР – бақыт кені ардақты анам,
Саянды жырға қосып сан мақтанам.
Сен үшін керек десе жаным құрбан,
Сен мені адам еткен, ардақтаған.
(Ж. Молдағалиев. «Серт»).

Сол кезеңдегі әрбір совет адамы «Отан – ана» үшін жанын пиде етуге дайын «Отан-ана отқа күйіп жатқанда», «Сен үшін керек десе жаным құрбан», «СССР – арадақты анам» өлең жолдарында отан – ана үшін ерлікпен өлуді мақтаныш көру Кеңес дәуіріндегі ақын шығармаларының тілдік бейнесінде көрініс тапқан бірліктер айрықша мәнге ие болған.

«Отан – тыныштық, мәңгілік орын» когнитивтік моделі.

Отан – жалпы адамзаттың өмір сүріп, тіршілік етер ортасы, қасиетті, киелі мекені.

...Менің жаным Отандық,
Отан деп өлем, өлсем де,
О, сүйікті Отаным,
Балам деп көм, көмсең де...
(Н. Байғанин. «Ер туралы жыр»).

Сондықтан да биіктеп барады елім,
Барады Ұлы Отаным - балалы елім.
Жер бетінде ырысты бір мен болсам,
Бақытсызға өзімді балар едім.
(Ж. Молдағалиев. «Мен – қазақпын»).

Қайратым бар, айбатым бар!
Отаныма – оттан ыстық
Жүрегім бар суық шалмас.
Дұшпаныма – мұздан салқын,
Домна да жылыта алмас!
(Ж. Молдағалиев. «Батыр туралы баллада»).

Сандырақтап естен танған кісідей,
Қалды ол кенет ешнәрсеге түсінбей.

Конституция оған сол кез көрінді,
Байтақ Отан, бүкіл үйдің ішіндей.
(С. Мәуленов. «Бақыт кітабы туралы баллада»).

Бұл кітапта жер мен аспан бәрі бар,
Бұл кітапта елдің еркін жаны бар.
Бұл кітапта: «Қорға деген Отанды»
Оқып қара, қасиетті заңы бар.
(С. Мәуленов. «Бақыт кітабы туралы баллада»).

Байқағанымыздай, сол кезеңдегі совет адамының өзі социалистік отанын жақсы көретін, нағыз отаншыл, елі мен халқы үшін аянбай қызмет етуді басты міндет деп санайтын, коллектившіл, қоғамдық мүддені көздейтін, социалистік мемлекеттің күш-қуатын арттыра беру үшін күресетін патриот болуы көзделеді.

Қорытынды

Біздің қарастырып отырған дәуір 1917–1990 жылдар аралығы саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени тұрғыда ерекше кезең болды деуге болады. «Кеңестік» деп аталатын бұл кезең қазақ тілінің жүйелік, функционалдық, коммуникативтік құрылымдарына әсерін тигізбей қоймады. Кеңестік дәуірдегі тіл саясатын, тіл құрылысын, тілдік жағдайды жан-жақты қарастыру – сол кезеңдегі қазақ тілінің «лингвистикалық бейнесін» танытады. Ұлттың, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі тіл болса, тіл құрылысы саясатында бұл факторға жеткілікті мән берілмеді. Қоғамдық өмірде болып жатқан әр алуан саяси, әлеуметтік, мәдени өзгерістер мен оқиғалар тілдің жүйелік құрылымы мен функционалдық типтеріне коммуникативтік құрылымына ықпалын тигізбей қоймады.

Зерттеу жұмысының нәтижесі барысында төмендегідей түйіндемелер жасауға болады:

Кеңес дәуіріндегі концептілер жүйесін әлеуметтің тілдік санасындағы қолданысын, алатын орнын бағамдай отырып төмендегідей макроконцептілер арқылы топтастырдық:

«Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы» макроконцептісі: «Кеңестік Одақ», «Кеңестер мемлекеті», «Кеңес адамдары», «Совет Одағы», «Совет өкіметі»; «Ұлы Отан» макроконцептісі: «Отан – ана», «Отан – тыныштық, мәңгілік орын» концептілік қатарлар.

Осыған орай, Кеңес дәуірі кезіндегі қазақ поэзиясы; тақырыпты ашатын ғылыми, саяси және көркем шығармалар; қазақ мерзімді басылымдарында «Ұлы отан» концептісі негізгі концептілік жүйені құрайтын когнитивтік құрылым болып табылады. Кеңес дәуірінде өмір сүрген ақын-жазушылардың

шығармаларында «Ұлы отан» концептісі композициялық құрылымы мен мазмұны жағынан түрліше көрініс тапқан.

Көркем мәтінде танылған концептілердің ерекшелігін ескере отырып, мынадай қағидаларды ұсындық: концепт дүние құндылықтарын танытады; санадағы ұғымды бейнелейді, тіл арқылы объективтенеді; санада концептілік құрылымдар көмегімен репрезентацияланады; әрбір ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын береді; тұлғаның танымдық стилін айқындайды.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Аскольдов-Алексеев, С.** Концепт и слово: Русская словесность: Антология [Текст]. – М : Academia, 1997. – С. 271.

2 **Демьянков, В. З.** Понятие и концепт в художественной литературе и в научном языке. Вопросы филологии. – 2001. – № 1. – С.44–48.

3 **Степанов, Ю. С.** Константы : Словарь русской культуры [Текст]. – М : 1997. – С. 401.

4 Правда. – 1970. – № 112.

5 Социалистік Қазақстан. – 9 сәуір 1961. – № 85.

6 **Мақатаев, М.** Шығармаларының толық жинағы : Көп томдық. Өлеңдері мен дастандары [Текст]. – Алматы : Жалын, 2006. – Т. 1. – Б. 320.

7 **Аманжолов, Қ.** Шығармаларының толық жинағы [Текст]. – Алматы, 1956. – Т. 2. – Б. 530.

8 **Молдағалиев, Ж.** Өлеңдер мен поэмалар [Текст]. – Алматы : Раритет, 2007. – Б. 240.

9 **Байғанин, Н.** Нарқыз. Дастандар мен өлеңдер [Текст]. – Алматы: Жазушы, 1974. – Б. 350.

10 **Мәуленов, С.** Өлеңдер, поэмалар, балладалар, аудармалар [Текст]. – Алматы: Ан Арыс, 2010. – Б. 320.

11 Қазақ совет поэзиясының антологиясы. Екі томдық [Текст]. – Алматы: Жазушы, 1977. – Т. 1. – Б. 568.

References

1 **Askoldov-Alekseev, S.** Konzept i slovo: Russkaya slovesnost: Antologiya [Concept and Word : Russian Literature: An Anthology] [Текст]. – Moscow: Academia, 1997. – P. 271.

2 **Demyankov, V. Z.** Ponyatie i koncept v khudozhestvennoj literature i v nauchnom yazyke [Concept and concept in fiction and scientific language] [Текст]. Voprosy filologii. – 2001. – № 1. – P. 44–48.

3 **Stepanov, Yu. S.** Konstanty : Slovar russkoj kultury [Constants: Dictionary of Russian Culture] [Текст]. – Moskva, 1997. – P. 401.

4 Pravda. – 1970. – № 112.

5 Sosialistik Qazaqstan. – 9 säuir 1961. – № 85.

6 **Maqataev, M.** Şyğarmalarynyň tolyq jinaғы: Köp tomdyq. Öleñderi men dastandary [Complete collection of works: Multi-volume. Poems and sagas] [Текст]. – Almaty : Jalyn, 2006. – T. I. – P. 320.

7 **Amanjолоv, Q.** Şyğarmalarynyň tolyq jinaғы [Complete collection of works] [Текст]. – Almaty, 1956. – T. II. – P. 530.

8 **Moldağaliev, J.** Öleñder men poemalar [Poems] [Текст]. – Almaty : Raritet, 2007. – P. 240.

9 **Baiğanin, N. Narqyz.** Dastandar men öleñder [Price. Tales and poems] [Текст]. – Almaty : Jazuşy, 1974. – P. 350.

10 **Mäulenov, S.** Öleñder, poemalar, baladalar, audarmalar [Poems, ballads, translations] [Текст]. – Almaty : An Arys, 2010. – P. 320.

11 Qazaq sovet poeziyasynyň antologiasy. Eki tomdyq [An anthology of Kazakh Soviet poetry. Two volumes] [Текст]. – Almaty : Jazuşy, 1977. – T. I. – P. 568.

Материал 09.06.23 баспаға түсті.

*Г. Т. Дарменова

Университет Памуккале,

Республика Турция, г. Денизли.

Материал поступил в редакцию 09.06.23.

КОНЦЕПТ «ВЕЛИКАЯ РОДИНА» В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ СОВЕТСКИХ ПОЭТОВ-ПИСАТЕЛЕЙ

В данной статье подробно проанализировано употребление макроконцепта «Великая Родина» в творчестве поэтов-писателей советской эпохи.

Всесторонний обзор языковой политики, структуры языка, языковой ситуации советского периода показывает «лингвистический образ» казахского языка в тот период. В связи с началом обновления в социальной среде, общественный идеал изменился радикально и быстро.

Рассматриваемый советский период был временем, когда массы призывались подчиняться только советской власти, с целью разъяснения необходимости идти путем партии в установлении

коммунизма, прославления славы социализма, внушения в сознание людей вечности ленинских и сталинских идей. В этот период периодические издания также открыто использовались как информационный инструмент для пропаганды советской государственной политики и идеологии. Рассматривая вопросы общественно-политического, публицистического и художественного дискурса, были концептуально систематизированы и сгруппированы как система концептов несколько понятий, которые имели общественно-политическое значение в советское время. Концептуальное рассмотрение означает объяснение языкового сознания, мыслительных единиц и психических ресурсов, знаний и показателей людей того же советского периода. Исходя из этого, система концептов была разделена на большие макроконцепты и малые микроконцепты, охватывающие вопросы общественно-политического, художественного, публицистического дискурса в советское время.

Во введении материала исследования было дано и всесторонне рассмотрено определение понятия концепт, который носит название «макро, микроконцепты советского периода» и считается основным понятием в современном языкознании.

В главе макроконцепта «Великая Родина» отражены понятия «Родина», «Родина – мать», «Родина – мир, вечное место», связанные с концептом «Великая Родина» в мире знаний народа советского времени и являются важными понятиями в продвижении концепта «Великая Родина».

Материалы исследования могут быть использованы на курсах казахской литературы, а также как дополнительный материал по предмету «История Казахстана».

Ключевые слова: советская эпоха, великая родина, концепт, макроконцепт, языковое сознание, лингвокогнитивная структура.

*G. T. Darmenova

Pamukkale University,

Republic of Turkey, Denizli.

Material received on 09.06.23.

THE CONCEPT OF «GREAT MOTHERLAND» IN THE WORKS OF POETS AND WRITERS OF THE SOVIET ERA

This article thoroughly analyzes the use of the macro concept «Great Motherland» in the works of poets and writers of the soviet era.

A comprehensive review of the language policy, language system, language situation in Soviet times reveals the «language image» of the Kazakh language at that time. Renewal and rebirth began in the social environment. Accordingly, the social ideal has changed radically and rapidly.

The Soviet period under consideration was a time when the masses were called upon to submit only to Soviet power, with the aim of glorifying the glory of socialism, instilling in the minds of people the eternity of Lenin's and Stalin's ideas, explaining the need for the party to take a different path in establishing communism. At this point, periodicals were also openly used as an information tool to promote Soviet state policy and ideology. Considering the issues of socio-political, media and artistic discourses, several ideas of socio-political significance of the Soviet period were conceptually systematized and grouped into a system of concepts. Conceptual consideration means an explanation of linguistic consciousness, mental units and mental resources, knowledge and indicators of people of this period. Based on this, in Soviet times, the system of concepts was divided into large macro-concepts and small micro-concepts, covering issues of socio-political, artistic, media discourses.

In the introduction of the research material, the definition of the concept «macro, microconceptions in Soviet times» was given and comprehensively considered, which is considered one of the basic concepts in modern linguistics.

The results and discussion section reflect the concepts of «Motherland», «Motherland – mother», «Motherland – world, eternal place», associated with the concept of «Great Motherland» in the worldview of the Soviet era's people and they are important ideas in promoting the concept of «Great Motherland».

The materials of this study can be used in Kazakh literature courses and as an additional material on the subject History of Kazakhstan.

Keywords: soviet era, great motherland, concept, macroconcept, language consciousness, linguocognitive structure.

<https://doi.org/10.48081/VDOA1662>

*Қ. С. Ергалиев

Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

*e-mail: ergaliev1976@mail.ru

БЛОГ – ИНТЕРНЕТ-КОММУНИКАЦИЯ ЖАНРЛАРЫНЫҢ БІРІ

Мақалада интернет пен ақпараттық технологияның қарқынды дамуы негізінде пайда болған интернет-коммуникация жанры – блогтің қалыптасу тарихы қарастырылып, ғалымдардың ол жөнінде білдірген пікірлері сараланған. Осы бағыттағы шетелдік және отандық зерттеушілердің ғылыми еңбектері талданып, олардың әлеуметтік, психологиялық, психоллингвистикалық, когнитивтік, лингвомәдени, прагматикалық, паралингвистикалық т.б. зерттеу аспектілерде зерделенгені айқындалған. Сондай-ақ автор тарапынан блогке берілген анықтамалар сипатталып, өзіндік тұжырым да шығарылған. Ол мазмұндық және техникалық тұрғыдан түйінделді: 1) блог – мәтін, сурет, сілтеме, анимация түріндегі ақпарат (контент немесе мазмұн); 2) блог – күнделіктер қағидаты бойынша құрылған, кері хронологиялық тәртіпте орналасқан, жарияланған уақыты көрсетілген мультимедиялық (тіл таңбалары, гиперсілтемелер, суреттер, аудио, бейне) сипаттағы жазбаларды қамтитын веб-сайт. Сонымен қатар мақалада кәсіби және кәсіби емес, жеке және топтық болып бөлінетін блогтің полифониялық, мультимедиялық, интерактивтік, гипермәтіндік, креолдану, анонимдік, қашықтық, еркіндік т.б. сынды сипаттамалары оның кең таралуы мен танымалдығының артуына ықпал еткендігі сөз болады, құрылымы көрсетіліп, ақпараттық, қатысымдық, ойын-сауық, шығармашылық, өзін-өзі таныстыру т.б. атқаратын қызметтері қарастырылады. Бұл жинақтау, сипаттау, баяндау, талдау, салыстыру әдіс-тәсілдері арқылы жүзеге асырылады.

Кілтті сөздер: ақпараттық технология, интернет-коммуникация, виртуалды кеңістік, блог, онлайн-күнделік, веб-парақша, блогер.

Кіріспе

Қазіргі қоғамның дамуы ақпараттық үрдістің жаһандануы ықпалына қатысты жүреді. Ол интернет желісінің пайда болып, жаңа ақпараттық кеңістіктің қалыптасуынан көрінеді. Интернет, ақпараттық технология, виртуалды кеңістік, әлеуметтік желі т.б. сынды сөздер бүгінгі күні адам өмірінің барлық салаларына етене еніп қана қоймай, ғылым мен білімнің, мәдениеттің жиі қолданылатын тілдік бірліктеріне айналды.

Интернет пен ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адамның тұрмыс-тіршілігін виртуалды сипатқа ие болуына әкелді: жұмыс іздеу, пікірлес жолдас табу, сауда-саттық жасау, ойын ойнау, музыка тыңдау, кино көру т.б. виртуалды кеңістікте жүзеге асырыла бастады. Сондай-ақ интернет қарым-қатынастың жаңа жанрларының қалыптасуына да ықпал етті. Виртуалды кеңістікте жүзеге асырылатын интернет-коммуникация жанрларына электронды пошта, жедел хабар алмасу жанры, қонақ кітабы, электронды хабарландыру тақталары, форум, чат т.б. жатады. Солардың ішінде кең таралғаны әрі жиі қолданылатыны – блог.

Зерттеу нысаны: интернет-коммуникация жанрларының бірі – блог.

Зерттеу пәні: блогті зерделеген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері.

Мақсаты – интернет-коммуникация жанрларының бірі – блог жайлы жалпы тіл білімінде қалыптасқан тұжырымдарды талдап, оның өзіндік ерекшеліктерін ашу.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттерді шешу көзделді:

– блог лексемасының шығу тарихын, ғылыми айналымға түсу жайын анықтау;

– интернет пен ақпараттық технологияның дамуы негізінде пайда болған интернет-коммуникация жанры – блог бағытында қалам тартқан зерттеушілердің еңбектері қандай аспектіде жүзеге асырылғандығын айқындау;

– блог туралы қалыптасқан ұғым-түсініктерді сипаттап, оның өзіндік ерекшеліктерін, атқаратын қызметтерін көрсету.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу материалы ретінде интернет-коммуникация, оның жанрлық түрлері бойынша жарық көрген шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектері (диссертация, монография, мақала т.б.) алынды. Жұмыс барысында алға қойылған мақсат-міндеттерге орай жинақтау, сипаттау, баяндау әдістері қолданылды. Блогтің өзіндік ерекшеліктерін көрсетуде талдау, салыстыру әдіс-тәсілдері пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылау

Блог интернет-коммуникацияның ең танымал жанрларының бірі болып табылады. «Веблог» немесе «блог» (ағылшын тілінде «web» – ғаламдық желі, «log» – журнал деген сөздердің бірігуінен жасалған) терминінің пайда болу уақыты жайлы ғылымда түрлі пікір қалыптасқан. Кейбір дереккөздерде 1994 жылы Джастин Холл алғашқылардың бірі болып интернетте күнделік жүргізген деген ақпарат ұшырасады. «Ол HTML мысалдарына шолулардан тұрған. Осыны негізге алып New York Times Дж. Холлды жеке блогтің «атасы» деп атаған» [1]. Келесі бір еңбекте 1997 жылы Robot Wisdom сайтының негізін қалушы американдық программист Джорн Барджер (Jorn Barger) блогті сипаттау үшін «weblog» сөзін енгізген. Ол «logging the web» («желіде күнделік жүргізу») тіркесінен пайда болған. Кейін аталған етістік зат есімге айналады деген пікір кездеседі [2]. Ал Х.А. Ермолаев «weblog» және «weblogger» лексемалары тек 2003 жылы Оксфорд сөздігінде пайда болғандығын айтады [2]. Осы кезден ол жаппай таралып, кең қолданысқа түседі.

Жаңа ақпараттық және коммуникативтік ортаға айналған блог жанры бүгінгі күні шетелдік және отандық зерттеушілер тарапынан түрлі аспектіде зерделенуде:

– *блог саласының жанрлық ерекшеліктері*: R. Blood, C. R. Miller, D. Sheperd, S. C. Herring, L. A. Scheidt, S. Bonus, E. E. Wright, N. Baron, Л. Ю. Щипицина, М. О. Кочеткова, Е. И. Горошко, Е. А. Жигалина, Т. М. Колокольцева, Т.О. Максимова т.б.;

– *блог саласының когнитивтік, лингвомәдени және әлеуметтік сипаттары*: И. В. Ковтуненко, О. В. Лутовинова, Т. М. Гермашева, Н. В. Черкасова, Е. И. Горшкова, Е. Г. Ефимов, П. В. Морослин, О. М. Елькина, Т. В. Евсюкова, Ф. О. Смирнов, И. Н. Шамаев, С. В. Бондаренко, А. А. Калашникова, S. Nowson т.б.;

– *блогтің психологиялық және психолингвистикалық негіздері*: В. Л. Волохонский, Ю. Е. Зайцева, М. М. Соколова, Т. В. Сафонов, В. Nardi т.б.;

– *блогті күнделікпен т.б. салыстыра зерделеу*: Е. Г. Новикова, Е. А. Баженова, И. А. Иванова, А. В. Борисова, Т. А. Семилет, Т. Л. Каминская, С. В. Полякова т.т.;

– *туристік және сән блогінгілері*: G. Dann, J. Urry, A. Jaworska, В. А. Митягина, И. В. Показаньева, В. Д. Брагина, А. Куркимбаева т.б.;

– *саяси блогінг мәселелері*: М. В. Петрова, В. В. Васильева, Л. Р. Дускаева, К. Л. Зуйкина т.б.

Ғалымдар блогтің пайда болу, даму тарихын саралап, ол туралы қалыптасқан жалпы түсінікке сипаттама берген, негізгі белгілерін анықтап, басқа қатысым жанрларынан айырмашылықтарын көрсеткен.

М. О. Кочеткова блог-күнделіктің «дәстүрлі» күнделіктен басты айырмасы оның интернет арқылы жүзеге асырылатынын әрі оқырманға бағытталатынын, ол адресат пен адресант арасындағы қатынастар өзгерісінен көрінетінін айта келіп, Т. В. Шмелеваның жанрлық модель құрылымы негізінде блогосфера дамуын төмендегідей кезеңдерге жіктейді [3, 14–17]:

1) блог-күнделік – блогосфера дискурсы дамуының алғашқы кезеңіндегі жанр (2001–2003) – «дәстүрлі» қағаз түріндегі күнделіктің нысаны сақталып, таныс адамдарға ғана оқуға бағытталады. Бұл оның (блог авторының іс-әрекеті төңірегінде құрылатын әрі оның өмірін бейнелейтін) тақырыбынан және оны ұсыну түрінен (тұлға өмірін суреттейтін іс-әрекеттердің, сезімдердің сипатталуынан) көрінеді;

2) күнделікті өмірді қарастыратын блог – блогосфера қолданушылары шеңберінің кеңеюімен әрі қатысымның қоғамдық сипат алуымен байланысты пайда болған жанр (2004–2006) – автордың тұлғалық көрінісі әлсіреп, оқырманға бет бұрғандығы байқалады. Блогосфера интерфейсі күрделі өзгереді: блогті автормен байланыс орнатқан пайдаланушылар ғана оқи алатын техникалық қызмет жойылады. Осыған орай автор тарапынан блогтің танымалдылығын арттыруға, бейтаныс аудиторияны өзіне қаратуға негізделген айла-амалдар жанданады;

3) блогосфера дискурсы дамуының үшінші кезеңінде (2007–2011) интернет-коммуникация қайта қарастырылады: қоғамда фактілер мен оқиғаларды жан-жақты талдау қажеттілігінің туындауы пікірталастың қалыптасуына түрткі болып, жауап қайтару мүмкіндігіне қол жеткізіледі. Бұның барлығы блогосфераға публицистикалық жанр элементтерінің енуіне ықпал етеді. Автордың, сондай-ақ басқа да адамдардың сезімдері мен іс-әрекеттерін, оқиғалар мен фактілерді түсіндіру пост тақырыптарына негіз болады, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылау ерекше рөл атқарады.

Бұл кезеңде блогтің күнделік түрі мәтіннің коммуникативтік тартымдылығының құралы ретінде манипуляциялық тұрғыда қолданыла бастайды, оқырманның мойындауы алдыңғы қатарға шығады, блогосфераның нақты иерархиялық құрылымы қалыптасады, танымал блогерлер пайда болады. Блогосфера жаңа жүйелі иерархиялық медиақауымдастыққа айналады.

4) блогосфера дискурсы дамуының төртінші кезеңінде (2011 жылдың аяғы – қазіргі уақыт) блог-күнделік түбегейлі өзгеріп, резонанстық оқиғалар жайлы пікірталастарды қамтитын қоғамдық кеңістікке, яғни түрлі көзқарастарды, ой-пікірлерді білдіретін платформаға айналады. Блогосфера

жанры қайта жанданады: блог жанры беделді коммуникативтік пікірталас алаңы ретінде оқырман қабылдауын қалыптастыратын институционалды дизайнға ие болады.

Оксфорд сөздігінде «blog/weblog» сөзіне мынадай анықтама берілген: «...a website that contains online personal reflections, comments, and often hyperlinks, videos, and photographs provided by the writer» [4]. Ал тіл мен дискурс мәселелерін сабақтастыра саралаған С. Херринг: «frequently modified web pages in which dated entries are listed in reverse chronological sequence – are the latest genre of Internet communication to attain widespread popularity», – деген түсінік береді [5, 142]. Зерттеуші веб-блогтердің өзара байланысынан басқа бір блогтен екіншісіне гиперсілтемелердің болуы блогерлерге бір-бірінің жазбаларына сілтеме жасай алуға немесе өзіндік пікір қалдыруға мүмкіндік туғызатындығын, бұл оны айрықша қарым-қатынас алаңына айналдырғандығын айтады [6, 4]. О. М. Елькинаның пайымдауынша, «блог – мазмұны бойынша күнделік, формасы бойынша жеке веб-парақша болып табылатын гибриді жанр» [7, 11]. Осымен үндес пікірді М. Р. Нашхоева еңбегінен де кездестіреміз. Ғалым блог жанры веб-парақша және онлайн-күнделік сынды екі түрлі мағынада қолданылатынын, біріншісінің мағынасы «басқа сайттарға сілтеме жасауға болатын веб-парақша, яғни тақырып бойынша сілтемелер мен шағын түсіндірмелерді қосу мүмкіндігі бар жаңалықтар арнасы», ал екіншісінің мағынасы «жеке желілік күнделік, яғни блог авторының өмірін баяндайтын, кері хронологиялық тәртіпте орналасқан жазбалар, түсіндірме (комментарий) жазу мүмкіндігі бар көпшілікке арналған күнделік» дегенді білдіретінін және ол коммуникативтік, өзін-өзі таныстыру, ақпараттық, ойын-сауық, әлеуметтік байланыстарды біріктіру және сақтау, мемуарлық т.т. қызметтерді атқаратынын сөз етеді [8, 19–20]. Демек, зерттеушінің түсінігінше, блог – хронологиялық тәртіпте орналасқан, суреттерді, мультимедианы қамтитын, адам, топ не адамдар қауымдастығының іс-әрекеттері, ой-пікірлері немесе арман-тілектері туралы түсіндірмелерден тұратын, үнемі толықтырылып отырылатын жазбалар, яғни веб-парақша немесе онлайн-күнделік. Онда қатысым барысы «біреу-көпшілікке» принципі бойынша жүреді.

Орыс блогосферасындағы мәтіндердің жүйелі құрылу модельдерін прагматикалық және лингвомәдени тұрғыдан зерделеген И. В. Ковтуненко блог автордың бақылауымен, оның өзіндік қалауы және сұраныстарымен орындалатын дискурс екенін, басқа жанрларға қарағанда ол жеке тұлғалық болып табылатынын, хабарламаларда блогер оқырман реакцияларының мазмұнды әрі эмоционалды сипатын, олардың стилистикалық безендірілуін қарастыратынын, блогер мен респонденттер арасындағы қарым-қатынас

бірлесе құрылған мәтін арқылы жүзеге асырылатынын, олар соңғы мәтіннің мазмұнында айқын көрініс табатынын айтады [9, 4].

А. М. Куркимбаева: «... блог-дискурс – коммуниканттардың өзара әрекеттесуін жеңілдететін және ортақ мүдделері мен мамандықтары бойынша пікірлесе алатын кеңістік. Блогтер аудиторияға тек ақпарат ұсынумен шектелмей, мәселе бойынша пікір алмасуға, талқылауға мүмкіндік тудырады және блогердің басқа блогерлер әлеміне өзін көрсететін алаң ұсынады», – дей келіп, блог түсінігінің тар және кең мағынада қолданылатынын зерттеушілердің білдірген пікірлерін келтіре отыра көрсетеді [10, 15–16]: блог дегеніміз – «веб-сайт», «кері хронологиялық тәртіппен орналасқан оқу және түсініктеме беруге ашық, мерзімі көрсетілген мәтіндік және мультимедиялық жазбаларды қамтитын сайт» (Е. А. Баженова, И. А. Иванова); «онлайн журналдың жаңа түрі» (S. C. Herring, I. Kouper, J. C. Paolillo, L. A. Scheidt, M. Tyworth, P. Welsch, E. Wright, N. Yu); «жеке тұлғалардың домени» (C. Puschman); «жеке электронды күнделік» (S. Nowson; О. В. Лутовинова; Т. О. Максимова); «бір автордың мәтіндер жинағы», «бір қолданушылар тіркеу жазбаларын жасап, мақалаларын жариялайтын, ал басқа қолданушылар (соның ішінде тіркелмеген қолданушылар да) сол мақалаларды оқу мүмкіндігіне ие болып, оқыған материалдар бойынша өз түсініктемелерін қалдыру мүмкіндігіне ие болатын жаңа дискурсивті орта» (Т. М. Гермашева); «желіде пайда болып, дамыған жанр» (R. Blood); «әңгіме» (А. Еркімбаев); «жаңа медиаформат» (З. Қ. Буенбаева); «интернеттегі жеке күнделік, әр адамның виртуалды жеке төлқұжаты» (А. Сабырова, А. Ертілеу, А. Ақмұрзиев); «күнделіктің, веб-сайттың және интернет-қауымдастықтың бірігуі» (Т. R. Embrey); «әдебиет, медиа, тұрмыс, сонымен қатар визуалды және музыкалық код тоғысуында қалыптасатын синтетикалық құбылыс» (Т. О. Максимова); «интернет коммуникацияның ерекше жанры» (Н. В. Черкасова); «компьютерге негізделген асинхронды тұлғааралық және топтық коммуникация» (И. Н. Розина); «кәсіби білім алу кеңістігі» (Т. С. Томина)».

Блогті интернет-коммуникацияның бір түрі ретінде арнайы қарастырған Е. И. Горшкова: «Блог – веб-сайттың желілік кеңістігінде (немесе веб-сайт бөлімінде) жүзеге асырылатын интернет-коммуникацияның жаңа түрі. Ол түсіндірме беру мүмкіндігіне ие мультимедиялық және іскерлік сипаттағы уақыты көрсетілген жазба», – деген анықтама береді [11, 21]. Ғалым оны басты үш құрылымнан тұратынын көрсетеді: автордың өзін-өзі ерекшелеу және таныстыру құралдары, посттар (жазбалар), диалогтік бөлім [11, 9].

Автордың өзін-өзі ерекшелеу және таныстыру құралдарына мыналарды жатқызады:

- вербалды: пик (пайдаланушының аты-жөні немесе бүркеншік есімі), блог атауы, қызығушылықтар тізімі, «статус» (қолтаңба);

- бейвербалды: интернеттің аудио-визуалды ресурстарын пайдалану; ішкі және сыртқы сілтемелер; блогердің эмоционалды көңіл күйінің/ жағдайының символдық көрсеткіштері (эмотикондар), блог дизайны (блог элементтерінің негізгі фоны, безендірілуі мен орналасуы, қаріптің түсі, өлшемі мен түрі), пайдаланушының суреті (аватар немесе юзерпик) және т.б.

Әр посттың жарияланған күні болады. Жарияланымның абсолютті уақытын көрсету (минутқа дейін) хабарламаның дейктикалық орталығы болып табылады және ол реципиенттерге түсіндірме жазу барысында нұсқаулық ретінде қызмет етеді. Бұл оларға пост пен болашақ түсіндірме жазу арасындағы уақыт алшақтығын (яғни автор мен оқырманның дейктикалық орталықтары қаншалықты қиылысатынын) анықтауға және іс-әрекеттің өзектілігін бағалауға мүмкіндік береді.

Е. И. Горшкова блог авторларын, сондай-ақ блогті тақырыптарының іскерлік қарым-қатынасқа бағытталуына қарай кәсіби блогерлер және кәсіби емес блогерлер (эуескойлар) және, сәйкесінше, кәсіби/кәсіби емес блогтер деп жіктейді [11, 9].

Зерттеуші кәсіби блогерлерге қарағанда кәсіби емес блогерлер блогті аз жүргізетінін, алайда олардың жазбалары әдетте көлемі жағынан ауқымды, аморфты құрылымға және көрнекі ақпаратқа (медиаконтент мен эмотикондарға) толы болатынын айтады. Кәсіби емес блогтерге «Күнделікті тұрмыс-тіршілік» (денсаулық, дін, өнер, сән, үй жануарлары, тамақ, отбасы, үй, саяхат) және «Ойын-сауық» (кітаптар, аниме, комикстер, ойындар, музыка, фильмдер, танымал адамдар, теледидар) сынды тақырыптар тән. Тілдік тұрғыдан олардың жазбаларында жаргондар, балағат сөздер мен субъективті модальділікті білдіретін құралдар жиі ұшырасады.

Кәсіби блогтердің тақырыптары жоғары технология, бизнес, ғылым, экология, құқық т.б. бағыттарда өрбиді. Олар жаңа ақпаратты таратуға бағытталады және көп жағдайда тақырыпқа қатысты кілт сөздерді белгілеу арқылы материалды берудің ретке келтірілген құрылымына ие болады. Тілдік тұрғыдан онда арнайы терминология мен нормативтік лингвистикалық құралдар жиі қолданылады. Негізінен, кәсіби блогерлердің бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс тәжірибесі болады. Сондықтан олардың жазбаларында публицистикалық стильдің ерекшеліктері (публицистикалық жанрлардың құрылымдық-композициялық өзгешеліктері, қалыпты фразалар, эмоционалды реңкі бар сұрақтар, дәйексөздер) кездеседі.

Сондай-ақ ғалым авторлардың санына қарай блогтер жеке (бір ғана авторы бар блогтер) және топтық (бірнеше авторы бар блогтер) болып бөлінетінін айтады. Топтық блогтерде оқырмандарды белгілі бір тақырып

бойынша ақпараттандыру басты орын алса, жеке блогтерде қандай да бір автордың мүддесіне байланысты көп тақырыпты болумен сипатталады. Топтық блогтерде тұлғаға бағытталған қарым-қатынас форматын сақтау үшін посттарда белгілі бір автордың өзін-өзі таныстырудың вербалды және бейвербалды құралдары пайдаланылады.

Блогтердің барлығында экспрессивті синтаксистік құралдар (лепті сөйлемдер, параллелизм, қайталаулар, номинативті сөйлемдер тізбегі), оның ішінде ауызекі сөйлеу элементтері (сұраулы сөйлемдер, парцелляция, эллипсис) ұшырасады. Блогтердегі графикалық құралдар (мультипликация, қаріпті белгілеу, бас әріптер, тыныс белгілері) көбінесе суперсегменттік сөйлеу бірліктерін жаңғырту үшін, интернет-коммуникацияға тән ауызекі сөйлеу әсерін құру үшін қолданылады.

Блог – қолданушының жеке кеңістігі. Сондықтан қатысымға түсу мен оны реттеу тек авторға тиесілі және қатынас басқа бір адресатқа емес, автордың өзіне бағытталады. Блогтерде реципиенттердің санына шектеу қойылмайды, осыған орай ондағы қатынас белгілі бір адамға емес, жалпылық сипатқа ие болады. Оқырмандарды желіге тарту мен ұстап қалудың басты құралдарының бірі – маңызды әрі тың ақпаратты хабарлау. Бұл ерекшеліктер блогтер арқылы коммуникацияның прагмасемантикалық және лингвистикалық аспектілеріне әсер етеді. Ол блогерлердің коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды қолдануынан көрінеді.

Қысқасы, блог – мәтін, сурет, сілтеме, анимация түріндегі ақпарат (контент немесе мазмұн). Оны жариялау мақсатында желіде парақша ашылады және автор (блог жасаушы) өз қалауы бойынша өзгерте алады. Техникалық тұрғыдан келгенде блог (ағылш. «web log» – оқиғалар жайлы интернет-журнал, интернет-күнделік, онлайн-күнделік) деп күнделіктер қағидаты бойынша құрылған, кері хронологиялық тәртіпте орналасқан, жарияланған уақыты көрсетілген мультимедиялық (тіл таңбалары, гиперсілтемелер, суреттер, аудио, бейне) сипаттағы жазбаларды қамтитын веб-сайтты (немесе веб-сайт бөлімін) айтамыз. Қандай да бір жазбаны көріп, танысумен қатар, оқырмандар кез келгеніне өзіндік пікір (түсіндірме – комментарий) қалдыра алады.

Блогтер авторларының, сондай-ақ оқырмандарының да гедонистік, когнитивтік, аффективтік, экономикалық, басқарушылық, шиеленісті бәсеңдету, тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру т.б. қажеттіліктерін қанағаттандыратын коммуникативтік, өзін-өзі таныстыру, ойын-сауық, әлеуметтік байланыстарды құру, сақтау және кеңейту, психотерапиялық, шежірелік, тауарлар мен қызметтерді жүзеге асыру т.т. функцияларды атқарады.

Қорытынды

Ақпараттық технологиялар мен интернет желісінің қарқынды дамуы негізінде пайда болған жаңа коммуникативтік кеңістік – блогтің жоғарыдағы сипатталуынан мынадай түйін шығаруға болады:

– блогтің қолданысқа түсуін ғалымдар XX ғ. 90-жылдарымен байланыстырғанмен, ғылыми еңбектерде ол жөнінде бірізді пікір кездеспейді. Алайда олардың қай-қайсысы болмасын аталған интернет-коммуникация жанры зерттелуінің ілгері басуына өзіндік үлес қосқандығы анық;

– блог жанры шетел және орыс ғалымдары тарапынан әлеуметтік, психологиялық, психоллингвистикалық, когнитивтік, лингвомәдени, прагматикалық, паралингвистикалық т.б. аспектілерде барынша сараланғанмен, қазақ тіл білімінде ол кейінгі кезде ғана қолға алынып жатқан мәселе болып табылады. Бұл осы бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізуді күшейту қажеттілігін айғақтайды;

– полифониялық, мультимедиялық, интерактивтік, гипермәтіндік, креолдану, анонимдік, қашықтық, еркіндік т.б. ерекшеліктерді бойына жинақтаған блог жанрына зерттеушілер мазмұндық әрі техникалық тұрғыда тар және кең көлемде анықтама беріп, ақпараттық, қатысымдық, ойын-сауық, шығармашылық, өзін-өзі таныстыру мен көрсету т.б. қызметтерді атқаратынын қарастырады. Оны жүзеге асыруда кәсіби және әуесқой блогерлердің рөлі зор.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Журавлева, М. А.** Краткая история развития блогинга [Электронный ресурс]. URL: <https://texterra.ru/blog/kratkayaistoriya-razvitiya-blogginga.html> (дата обращения: 15.02.2018)

2 **Ермолаев, Х. А.** История возникновения и развития блогов [Электронный ресурс]. URL: http://mysbsblog.blogspot.ru/2008/06/blog-post_17.html (дата обращения: 21.01.2018)

3 **Кочеткова, М. О.** Жанровая динамика дискурса блогосферы: социоллингвистический аспект: автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Томск, 2016. – 22 с.

4 Oxford Dictionaries [Электронный ресурс]. URL: <https://www.oxforddictionaries.com> (дата обращения: 15.02.2018)

5 **Herring, S. C., Scheidt, L. A., Bonus, S., Wright, E.** Weblogs as a bridging genre // Information, Technology & People. – 2005. – Vol. 18 (2). – P. 142–171

6 **Herring, S. C., Kouper, I., Paolillo, J. C., Scheidt, L. A., Tyworth, M., Welsh, P., Wright, E., & Yu, N.** Conversations in the blogosphere: An analysis «from the bottom up». Proceedings of the Thirty-Eighth Hawai'i International Conference. – 2005. – P. 1–11

7 **Елькина, О. М.** Лингво-социокультурные особенности речевой деятельности в сфере компьютерно-опосредованной коммуникации (на материале англоязычных блогов): автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Пятигорск, 2012. – 25 с.

8 **Нашхоева, М. Р.** Особенности пунктуации в сетевых текстах форумов и блогов (на материале английского языка): автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – М., 2012. – 29 с.

9 **Ковтуненко, И. В.** Модели связного порождения текстов в русской блогосфере: прагматический и лингвокультурный аспект: автореф. дисс. ... докт. филол. наук. – М., 2021. – 43 с.

10 **Куркимбаева, А. М.** Туристік блогинг: коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар (ағылшын және қазақ тілдері материалдары негізінде): филос. докт. ... дисс. – Алматы, 2021. – 214 б.

11 **Горшкова, Е. И.** Блог как вид интернет-коммуникации: автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Санкт-Петербург, 2013. – 23 с.

References

1 **Zhuravleva, M. A.** Kratkaya istoriya razvitiya blogginga [Brief history of blogging] [Electronic resource]. – URL: <https://texterra.ru/blog/kratkayaistoriya-razvitiya-blogginga.html> (date of the application: 15.02.2018)

2 **Ermolaev, H. A.** Istoriya vozniknoveniya i razvitiya blogov [The history of the emergence and development of blogs] [Electronic resource]. – URL: http://mysbsblog.blogspot.ru/2008/06/blog-post_17.html (date of the application: 21.01.2018)

3 **Kochetkova, M. O.** Zhanrovaya dinamika diskursa blogosfery: sociolingvisticheskiy aspect [Genre Dynamics of the Discourse's Blogosphere: Sociolinguistic Aspect]: abstract of diss. ... cand. philol. sciences. – Tomsk, 2016. – 22 p.

4 Oxford Dictionaries [Electronic resource]. – URL: <https://www.oxforddictionaries.com> (date of the application: 15.02.2018)

5 **Herring, S. C., Scheidt, L. A., Bonus, S., Wright, E.** Weblogs as a bridging genre // Information, Technology & People. – 2005. – Vol. 18 (2). – P. 142–171

6 **Herring, S. C., Kouper, I., Paolillo, J. C., Scheidt, L. A., Tyworth, M., Welsh, P., Wright, E., & Yu, N.** Conversations in the blogosphere: An analysis «from the bottom up». Proceedings of the Thirty-Eighth Hawai'i International Conference. – 2005. – P. 1–11

7 **Elkina, O. M.** Lingvo-sociokul'turnye osobennosti rechevoj deyatel'nosti v sfere komp'yuterno-oposredovannoy kommunikacii (na materiale angloyazychnyh blogov) [Linguo-sociocultural features of speech activity in the field of computer-mediated communication (on the material of English-language blogs)]: abstract of diss. ... cand. philol. sciences. – Pyatigorsk, 2012. – 25 p.

8 **Nashkhoeva, M. R.** Osobennosti punktuacii v setevykh tekstah forumov i blogov (na materiale anglijskogo yazyka) [Features of punctuation in online texts of forums and blogs]

(on the material of the English language): abstract of diss. ... cand. philol. sciences. – M., 2012. – 29 p.

9 **Kovtunen, I. V.** Modeli svyaznogo porozhdeniya tekstov v russkoj blogosfere: pragmaticheskij i lingvokul'turnyj aspekty [Models of connected generation of texts in the Russian blogosphere: pragmatic and linguocultural aspects]: abstract of diss. ... doc. philol. sciences. – M., 2021. – 43 p.

10 **Kurkimbaeva, A. M.** Turistik blogging: kommunikativtik strategiyalar men taktikalar (arylshyn zhәне қазақ тilderi materialdary negizinde) [Travel blogging: communication strategies and tactics (on the material of English and Kazakh languages)]: philos. doc. ... diss. – Almaty, 2021. – 214 p.

11 **Gorshkova, E. I.** Blog kak vid internet-kommunikacii [Blog as a type of Internet communication]: author. diss. ... cand. philol. sciences. – St. Petersburg, 2013. – 23 p.

Материал 09.06.23 баспаға түсті.

*К. С. Ергалиев

Павлодарский педагогический университет

имени А. Маргулана,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 09.06.23.

БЛОГ КАК ОДИН ИЗ ЖАНРОВ ИНТЕРНЕТ-КОММУНИКАЦИИ

В статье рассмотрена история становления блога как одного из жанров интернет-коммуникации, возникшего на основе стремительного развития интернета и информационных технологий. Проанализированы научные труды зарубежных и отечественных исследователей данного направления в социальном, психологическом, психолингвистическом, когнитивном, лингвокультурном, прагматическом, паралингвистическом и др. аспектах. Также автор дал комментарии определения понятия блог и сделал собственные выводы. Он рассматривает с содержательной и технической точек зрения: 1) блог – информация (контент или содержание) в виде текста, изображения, ссылки, анимации; 2) блог – веб-сайт, содержащий мультимедийные (языковые символы, гиперссылки, изображения, аудио, видео) записи, созданные по принципу дневников, расположенных в обратном хронологическом порядке, с указанием времени публикации.

В статье также рассматриваются блоги профессиональные и непрофессиональные, индивидуальные и групповые, которые имеют такие характеристики, как полифоничность, мультимедийность, интерактивность, гипертекстовость, креолизация, анонимность,

дистанция, свобода. Эти качества блога, способствуют его широкому распространению и росту популярности. Изучена структура блога и функции, как информативная, развлекательная, творческая, самопрезентация и т.д. Для достижения поставленной цели использованы такие научные методы, как сбор фактического материала, описание, наблюдение, анализ, сравнение и другие.

Ключевые слова: информационная технология, интернет-коммуникация, виртуальное пространство, блог, онлайн-дневник, веб-страница, блогер.

*K. S. Yergaliyev

Pavlodar Pedagogical University

named after A. Margulan,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 09.06.23.

BLOG AS ONE OF THE GENRES OF INTERNET COMMUNICATIONS

The article discusses the history of a blog's formation as one of the genres of Internet communication, which arose on the basis of the rapid development of the Internet and information technology. The scientific works of foreign and domestic researchers in this area are analyzed in social, psychological, psycholinguistic, cognitive, linguocultural, pragmatic, paralinguistic and other aspects. The author also commented on the definition of the concept of a blog and made his own conclusions. He considers from the content and technical points of view: 1) blog – information (content) in the form of text, image, link, animation; 2) blog – a website containing multimedia (language symbols, hyperlinks, images, audio, video) entries created on the principle of diaries arranged in reverse chronological order, indicating the time of publication. The article also discusses blogs professional and non-professional, individual and group, which have such characteristics as polyphony, multimedia, interactivity, hypertext, creolization, anonymity, distance, freedom. These qualities of a blog contribute to its wide distribution and growth in popularity. The structure of the blog and functions, such as informative, entertaining, creative, self-presentation, etc., have been studied. To achieve this goal, such scientific methods as the collection of factual material, description, observation, analysis, comparison, and others were used.

Keywords: information technology, internet communication, virtual space, blog, online diary, web page, blogger.

<https://doi.org/10.48081/YUSY1326>

***S. Zh. Yergaliyeva¹, M. A. Uaikhanova², A. Zh. Sakhariyeva³**

^{1,2,3}Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar
*e-mail: samal17.12@mail.ru

VALUE-BASED NATIONAL WORLDVIEW IN THE TEXT-GENERATION OF VIRTUAL COMMUNICANTS

The object of the study is Kazakhstani Internet texts posted on the social network Facebook. The choice of the object is substantiated with a study on the material of texts compiled by ordinary native speakers of Internet communicators that are in line with ordinary linguo-political science, linguistics of everyday life. The study of this type of texts, relatively recently appeared in human everyday life, can significantly expand scientific understanding of a person, communication and society. The purpose of the study is to determine the value factor of text generation of Kazakh virtual language personalities. The subject of the study is the correlation between the value potential of the source text and the value settings of the virtual linguistic personality, implemented in the Internet space. The results of the study showed that the texts of Kazakh language personalities are dominated by the value potential. A virtual linguistic personality is the bearer of the national heritage and culture, since it belongs to a certain linguocultural group, which has its own worldview and stereotypes, which are manifested in the text generation of Internet communicators. Appeal to various communicative spheres of written speech, in our case – to everyday virtual communication as a special zone, reflecting the beginning modification of the most important axiological dominants of Kazakh virtual communicators at the present stage. The studied type of Internet discourse in modern science belongs to the circle of scientific facts that have not yet been subjected to a detailed linguoculturological description within the framework of this issue, which determines the scientific novelty of the work.

Keywords: value, virtual communication, picture of the world, text generation.

Funding information

This article was supported by a grant from the MSHE RK, project AP13068417 «Axiological Dominants of Kazakh Linguistic Culture: Traditions and Innovation (based on the material of Everyday Virtual Communication)».

Introduction

The rapid development of the Internet in recent decades has had a huge impact on all spheres of life of modern society, changing its consciousness and way of life. It not only provides the opportunity to obtain the necessary information, but also helps to conduct quick and effective communication. Communication in the virtual space of the Internet is a challenge to the society of the 21st century. It requires a deep scientific analysis of the spontaneously arisen phenomenon of modernity. Virtual communication on the Internet easily stimulates the younger generation and opens up wide opportunities for information and communication activity, therefore it becomes the main communication platform for modern society. A person in the virtual world is a new type of person, a new ethics, a new culture, a new psychology and biology, in which modern consciousness, ideological and cultural values and other communicative behavior are formed. Therefore, the socio-economic transformation of Kazakhstani society, associated with the integration of the country into the global information technology and information and communication space, contributes to the modernization of the consciousness of modern Kazakhstan. In the new conditions of the modern state, in which the individual exists, various structures of the consciousness of the individual are formed, including axiological structures.

Language is a unique property of humanity that distinguishes it from the rest of the world [1]. With all its features, it is so connected with human activity that «a person ceases to distinguish an object from a name, a layer of reality from a layer of its reflection in the language» [2, p. 35]. W. von Humboldt raises the study of language to the philosophical and anthropological level, seeing in the linguistic property not only a unique gift of a person, but also his essential features [3].

Each language reflects a certain method of conceptualizing the world, based on the experience of human interaction with the environment, and in its totality forms a linguistic worldview [4].

The term «linguistic worldview» was proposed by J. L. Weisgerber, who believed that each language presents a special view of the world of a native speaker [5, p. 111–112].

Scientists put forward a considerable number of definitions of the term «worldview». Thus, according to the opinion of V. I. Karasik, «the worldview is an integral set of images of reality in the collective consciousness ... and concepts as logically formed general thoughts about classes of objects and phenomena» [6, p. 88].

The worldview is a reflection of a holistic image of the world, which is created from the totality of all spiritual activity of a person. Such a set is formed in a linguistic personality in the course of interaction with the world. At the same time, «the worldview as a subjective image of objective reality is objectified in sign forms, without being fully imprinted in any of them» [7, p. 21].

The term «linguistic worldview» was proposed by J. L. Weisgerber, who believed that each language presents a special view of the world of a native speaker [5, p. 111–112].

Scientists put forward a considerable number of definitions of the term «worldview». Thus, according to the opinion of V. I. Karasik, «the worldview is an integral set of images of reality in the collective consciousness ... and concepts as logically formed general thoughts about classes of objects and phenomena» [6, p. 88].

The worldview is a reflection of a holistic image of the world, which is created from the totality of all spiritual activity of a person. Such a set is formed in a linguistic personality in the course of interaction with the world. At the same time, «the worldview as a subjective image of objective reality is objectified in sign forms, without being fully imprinted in any of them» [7, p. 21].

One cannot but agree with those researchers who note that «the Internet should be considered a continuation of the human environment where, through social communications, a person has the opportunity to satisfy his/her social needs» [8, p. 13].

According to Z. D. Popova and I. A. Sternin, the language picture of the world is «a set of people's ideas about reality fixed in language units at a certain stage of the people's development, the idea of reality reflected in the meanings of linguistic signs – linguistic division of the world, linguistic ordering of objects and phenomena, embedded in the systemic meanings of words, information about the world» [9, p. 25].

The culture of the virtual environment of the Internet, also called cyberculture, is notable for being fictional, constructed in accordance with the assigned goals, ideas and desires of its creator, its own qualities and language of communication is «a single system of views, a kind of collective» philosophy «of the participants in the virtual discourse. This gives us the right to say that there is a certain linguistic view of the virtual world, which is part of the linguistic worldview in general» [10, p. 27].

O. V. Lutovinova believes that «the basis for the reconstruction of the linguistic worldview can be either linguistic nominations, or «language facts», which include various lexemes, grammatical forms, word-formation tools, prosody, syntactic constructions, phrasemes, rules of lexico-semantic compatibility, etc., or cultural concepts, the expression of which is the whole set of linguistic and

non-linguistic means, directly or indirectly illustrating, clarifying and developing their content» [11, p. 27]. The linguist considers the concept from the standpoint of linguoculturology as «a multidimensional semantic formation, a concentrate of culture, the structure of which includes conceptual, figurative and value components» [11, p. 27]. A triad of basic concepts is distinguished: «computer», «Internet» and «user». «The first is a tool that allows you to enter the virtual world and engage in the process of interaction in it, the second serves as a way, a means of achieving the desired, and the third is the creator and «consumer» of virtual reality, «closing» the first two concepts into a single «chain» [11, p. 29].

As a result of the study of basic concepts, O. V. Lutovinova singles out the basic concept of «user» as the most basic among the other concepts of virtual discourse, since it is based on «an aggregate typified image of a simultaneous creator and consumer of virtual reality – a person. This type of concept is a linguocultural type, and in virtual discourse it is represented by such types as «hacker», «programmer», «lamer», «dummies», «system administrator» («sysadmin»), «moderator», «fluder», «spamer», «gamer», «bastard» [11, p. 30]. These types are gender-marked; according to the researcher, they constitute a certain value in virtual culture. A deep study of each type can become the basis for modeling the language view of the virtual world, which is currently less clear than the language view of the real world.

Scientists A. Yu. Bagiyani and A. R. Arakelova consider modern English-language written popular science discourse in the field of information technology. This discourse is studied in the aspect of its axiological loading and professional conditioning. The interrelation of a professional worldview, language and value and anti-value concepts embodied with its help is studied. A discursive-pragmatic opposition of these entities is established. Attention is paid to the definition of linguistic structures and means by which axiological concepts are verbalized, and a systematization of the identified concepts is proposed [12, p. 61].

«The value worldview of a professional who is a participant in the popular science discourse in the IT sphere includes a number of values that we define as significant guidelines that serve as a regulator of professional activity, relationships (including addresser – addressee), behavioral and communication models. The role of axiological concepts embodied in texts is extremely great, since it is these entities that reflect the professionally conditioned worldview of the authors of the texts, as well as influence the addressee. Value and anti-value concepts, when decoded by the addresser, form the image of information technology, indicate how IT functions, develops and changes the surrounding reality» [12, p. 71–72].

Each communicative worldview of one or another ethnic community (advertising, political, pedagogical, medical, virtual, etc.) has unique properties, but it also has points of intersection with other discursive pictures, which is

determined by the community of communicants. Thus, the model of the world of virtual discourse carried out by the Russian-speaking segment of the Internet (Runet), on the one hand, is incredibly multifaceted, since it is objectified in a variety of genres that form this discourse. On the other hand, each fragment of the virtual model of the world is characterized by common features associated with a national peculiarity, since any ethnic society individually reproduces various fragments of reality.

When modernizing fragments of the worldview, one of the main aspects is the value one. The study of the value attitudes of participants in a particular communicative subspace makes it possible to select a valuable fragment of the discursive worldview. In this paper, we study the model of the value worldview of virtual communication, updated in the chat as a genre of virtual discourse, implemented in the informal interaction of interlocutors, performed using the Internet in real time. As L. M. Gritsenko notes, «chat is a special socio-cultural community with a carnival beginning that leaves an imprint on the nature of the worldview of the participants in its communication. The discursive worldview of the chat world reflects the values of this community, which are based on both general cultural values and those specific to the virtual community. We can talk about the existence of values inherent in any linguocultural group, at the same time, each community is characterized by its own hierarchy of values» [13, p. 18]. Obviously, the value system of one culture determines its variability, which is determined by differences in terms of value priorities, depending on the features of the linguocultural community, the spiritual experience of the people, the personal temperament of a person, etc. In the virtual space of chats, its own value system is also formed, due to the peculiarity of communication on the one hand, and the national mentality of the communicants, on the other.

Thus, virtual communication appears as «its own» space, and its inhabitants are endowed with both positive and negative semantics. With the help of texts loaded with value orientations, functioning in a communication environment, a fragment of the value worldview of this discursive space is reconstructed.

In the course of our study, a virtual linguistic personality is reconstructed on the basis of Internet texts produced by it, in which its linguistic abilities are manifested in proper-linguistic and mental-psychological planes.

The object of the study is Kazakhstani Internet texts posted on the social network Facebook.

The subject of the study is the correlation between the value potential of the source text and the axiological attitudes of the virtual linguistic personality, implemented in the Internet space.

The purpose of this study is to determine the value factor of text generation of Kazakh virtual language personalities.

Research methods and materials

To study this object, methods of collecting and contextual analysis of theoretical material, comparative, generalizing, descriptive methods were used.

Results and discussions

Realization of values is carried out through certain means of language, which are embodied as keywords. As M. V. Bets notes, «the study of the text-generating activity of a linguistic personality helps to recreate its value worldview, to determine the interaction of the source text and the linguistic personality» [14, p. 60].

Let's consider a number of examples in which commentators use nationally specific words expressing the values of a Kazakh commentator.

Let's consider a number of examples in which commentators use nationally specific words expressing the values of a Kazakh commentator.

Kuralai

«Әкелер мектебі» өте керемет нәтиже беретін дүние!

Bizde әкелер күйі, аналар күйі деген мерекелер бар, сол кездерде көбінесе әкелерімен бірдеңе жасап, шешелерімен бірге видеоға түсіп, бір дымпулик науқандар басталады. Сосын болды!

Ернар, senderdi zhylda көрем, zharajsyңдар. Өте tamasha!

Balamen бірдеңе жасасу шарт емес. Bala кынделикті сенің тирлиғиңді көріп-ақ тәрбиеленеді. Bireu balasyна «Bajқаp зһыр, балам, bajқаp зһыр» – деpti, сөйтсе ұлы: «Әке, өзің тызу зһыр, мен сенің ізіңмен зһыремін» – деген екен. Senderдің тирлиkeriңді көрген бала да birlikке, azamattyққа. Bayaғыда қарыялар zhinalanda nemerelerin ala барady, зһыр оқыса, қисса айтса, ойнап зһырған бала бір қылағы тырик зһыреді, тыңдады. Syjly қарыялардың аузындағы мақтаулы zhigitke ұқсағаны keledi, сол сияқты batyr, eliniң syjenishi болғысы keledi. Solaj болady да.

Kesheden beri әскерде қайтыс болған бала туралы оқып zhatyrm. Ojlap қоям.... sol zherdegige de әке тәрбиесі zhetispej тұр ма екен? Zәbir көрсеткender nege сонша қатигез? Tәrtip жоқ па? Tәrtipke көндиге алмай zhatыр ма?

As you can see, the virtual language personality Kuralai in his text, presented on the social network Facebook, expresses the national peculiarity in the upbringing of the younger generation, especially draws a positive attitude towards the formation of «Akeler mektebi» (school of fathers) in modern general education schools. The authors give several examples in the text to support this ideology in education, which will give positive results. In the modern world, the lack of participation of men in the upbringing of children is a problem of society.

Historically, fatherhood is associated with the emergence of private property, when it became necessary to inherit it by one of the sons. So the society for a man, the custodian of traditions, was assigned the function of providing for women and children. In addition, the psychological content of the father's role depends on

one's own experience in the family – on the model of fatherhood demonstrated by previous generations of fathers [16, p. 60].

Ernar

Өткен сенбиде Қарағанды қыздар BIL-дің (Bilim-Innovaciya liceji) «Әкелер кеңесі» Нұра ауданы, Ізінді ауылына Асылан ағайдың (мектепте ата-аналар арасында «ағай», «арай» деп сыйласу қалыптасқан) үйіне қонаққа бардық. ЗHыл сайын Асекең досымыздың ауылына бару дәстүрге айналды. Биыл 15 әке бардық. Осымен қатарынан үшінші жыл баруымыз. Асекеңнің қонақжай дастарханнан соғым дәмін татып, 15 әке ауыл азаматтарымен бірге атқа қондық. Арамызда Қарағандыдағы BIL-дің (қлдар, қыздар) директорлары бар.

The next linguistic personality of the Internet space, under the nickname **Ernar**, represents the owl's opinion on the «Akeler kenesi» (Council of the Fathers). Giving an example from school life, in which he reflects the value in communication and the example of fatherhood, emphasizing co-education between the school and the fathers' community. This example describes a trip to a village where fathers and children get acquainted with the traditions of hospitality of the Kazakh people, especially with the tradition of sogym, horse racing, etc.

Let's analyze the following Internet text of the language personality **Kuralai**:

Қазақ, «ketken қыз shiden әрі» deidi, яғни, ketken қызға тек tileuqor bop otyrady da, «қлдың аты қл» деп қлдardy қлқытqap otyrady. Bәrin bilgen қазақым қл аlyстаp ketpesin деп, ony beri tartyp, onsyз da zhanashyr kyzdy, өзeginen tepse de, өzi деп тыратынyn bilip, барған zherine siңsin деп, әpirek ұстаған-au... Қазір үлкenderдің аузында, «кыздан артығы жоқ» degendi zhii estisiң, дұғыs emes. Бұғындары, «кызға күнімді қаратпасын» degendi estitin edik. Sol қызға қарап қалғанның да қазақтың zhany күжеledi. SHynyнда, қлдың аты қл рoј, shirkin, kashanda. Ұldar aman bolsyn, ақылды zharға zholyқтыrsyn. Ұl - мәртебе! мәртебелеріңіз төменdemesin, төмендетpejik. azamattar aman bolsyn!

In his text, the linguistic personality demonstrates the important and high position of men in society, which has been respected for centuries. She compares the position of men and women with the position of the Kazakh people and their mentality, bringing a folk tale about them. However, it gives an example that in modern society there are changes in relation to men, placing equal responsibility and hope on women, which indicates a modification of values.

Conclusion

Internet texts are able to include a rich variety of culturally significant components that reflect the properties of the values of the community. This is embodied in the actualization of a number of mythological, folklore and ritual meanings of lexical units that model the manifestations of national consciousness.

Fixing themselves in the facts of the language, value norms reflect the culture of human behavior of the politician's linguistic personality. However,

the socio-economic transformation of Kazakhstani society, associated with the integration of the country into the global information technology and information and communication space, contributes to the modernization of the consciousness of modern Kazakhstan. In the new conditions of the modern state, in which the individual exists, various structures of the consciousness of the individual are formed, including axiological structures.

Список использованных источников

- 1 **Ерофеева, Л. А.** Метафорические репрезентации доминантных концептов в поэтической картине мира Р. М. Рильке : дис. ... канд. филол. наук / Ерофеева Лариса Анатольевна. – Саратов, 2007. – 200 с.
- 2 **Лотман, Ю. М.** Беседы о русской культуре : Быт и традиции русского дворянства (XVIII – начало XIX века) / Ю. М. Лотман. – СПб. : Искусство, 1994. – 399 с.
- 3 **Гумбольдт, В. фон.** Избранные труды по языкознанию / В. фон Гумбольдт. – М. : Прогресс, 1984. – С. 37–38.
- 4 **Кубрякова, Е. С.** О современном понимании термина «концепт» в лингвистике и культурологии / Е. С. Кубрякова // Реальность, язык и сознание. Международный межвузовский сборник научных трудов. – Тамбов : Изд-во ТГУ им. Г. Р. Державина, 2003. – Вып. 2. – С. 67–75.
- 5 **Вайсгербер, Й. Л.** Язык и философия // Вопросы языкознания. – 1993. – № 2. – С. 114–124.
- 6 **Карасик, В. И.** Язык социального статуса. – М., 2002. – 477 с.
- 7 **Постовалова, В. И.** Картина мира в жизнедеятельности человека // Роль человеческого фактора в языке. Язык и картина мира. – М. : Наука, 1988. – С. 8–69.
- 8 Роль человеческого фактора в языке : язык и картина мира / отв. ред. Б. А. Серебренников. – М. : Наука, 1988. – 216 с.
- 9 **Попова, З. Д., Стернин, И. А.** Язык и национальное сознание. – Воронеж : Истоки, 2007. – 61 с.
- 10 **Бальжирова, Т. Ж.** Интернет как средство социальной коммуникации в условиях формирующегося в России информационного общества: автореф. дис. ... канд. социол. наук. – Улан-Удэ : Бурятский гос. ун-т, 2003. – 21 с.
- 11 **Лутовинова, О. В.** Базовые концепты виртуального дискурса. «Пользователь» // Вестник Ленинградского государственного университета им. А. С. Пушкина. – 2008. – № 5(19). – С. 26–36.
- 12 **Багиян, А. Ю., Аракелова, А. Р.** Концептуальное воплощение ценностей и антиценностей в научно-популярном дискурсе сферы

информационных технологий как способ актуализации профессиональной аксиологической картины мира // Научный диалог. – 2019. – № 10. – С. 61–78.

13 **Гриценко, Л. М.** Прецедентный текст как средство формирования ценностной картины мира (на материале чатов) // Язык и культура. – №. 1(21). – Томск, 2013. – с. 16–23.

14 **Бец, М. В.** Аксиологическая соотнесенность текста информационно-аналитической статьи и комментария в виртуальном пространстве Рунета: дис. ... канд. филол. наук. – Кемерово, 2012. – 189 с.

15 <https://www.ya-roditel.ru/national-campaign/regions2/shkola-ottsov-ukreplyaet-semi/> [Electronic resource]

References

1 **Erofeeva, L. A.** Metaforicheskie reprezentacii dominantnykh konceptov v poeticheskoy kartine mira R. M. Ril'ke [Metaphorical representations of dominant concepts in R. M. Rilke's poetic picture of the world]: dis. ... cand. philol. sciences. – Saratov, 2007. – 200 p.

2 **Lotman, Y. M.** Besedy o russkoj kul'ture: Byt i tradicii russkogo dvoryanstva (HVIII – nachalo XIX veka) [Conversations about Russian culture: Life and traditions of the Russian nobility (XVIII – early XIX centuries)]. – St. Petersburg: Art, 1994. – 399 p.

3 **Humboldt, W.** Izbrannye trudy po yazykoznaniyu [Selected works on linguistics]. – Moscow: Progress, 1984. – P. 37–38.

4 **Kubryakova, E. S.** O sovremennom ponimanii termina «koncept» v lingvistike i kul'turologii [On the modern understanding of the term «concept» in linguistics and cultural studies] // Reality, language and consciousness. International interuniversity collection of scientific papers. – Tambov, 2003. – Issue. 2. – P. 67–75.

5 **Weisgerber, J. L.** YAzyk i filosofiya [Language and Philosophy] // Questions of Linguistics. – 1993. – No. 2. – P. 114–124.

6 **Karasik, V. I.** Yazyk social'nogo statusa [The language of social status]. – Moscow: 2002. – 477 p.

7 **Postovalova, V. I.** Kartina mira v zhiznedejatel'nosti cheloveka [The picture of the world in human life] // The role of the human factor in language. Language and picture of the world. – Moscow: Nauka, 1988. – P. 8–69.

8 Rol' chelovecheskogo faktora v yazyke: yazyk i kartina mira [The role of the human factor in language: Language and picture of the world] / otv. ed. B. A. Serebrennikov. – Moscow: Nauka, 1988. – 216 p.

9 **Popova, Z. D., Sternin, I. A.** Yazyk i nacional'noe soznanie [Language and national consciousness]. – Voronezh: Origins, 2007. – 61 p.

10 **Balzhirova, T. Zh.** Internet kak sredstvo social'noj kommunikacii v usloviyah formiruyushchegosya v Rossii informacionnogo obshchestva [Internet as a means of social communication in the conditions of the information society emerging in Russia]: author. dis. ... cand. sociological sciences. – Ulan-Ude: Buryat state. un-t, 2003. – 21 p.

11 **Lutovinova, O. V.** Sushchestvovanie, real'nost', virtual'naya real'nost' [Basic concepts of virtual discourse. «User»] // Bulletin of the Leningrad State University A. S. Pushkin. – 2008. – No. 5 (19). – P. 26–36.

12 **Bagiyan, A. Y., Arakelova, A. R.** Konceptual'noe voploshchenie cennostej i anticennostej v nauchno-populyarnom diskurse sfery informacionnykh tekhnologij kak sposob aktualizacii professional'noj aksiologicheskoy kartiny mira [Conceptual embodiment of values and anti-values in popular science discourse in the field of information technology as a way to update the professional axiological picture of the world] // Scientific Dialogue. – 2019. – No. 10. – P. 61–78.

13 **Gritsenko, L. M.** Precedentnyj tekst kak sredstvo formirovaniya cennostnoj kartiny mira (na materiale chatov) [Precedent text as a means of forming a valuable picture of the world (based on chats)] // Language and Culture. – no. 1 (21). – Tomsk, 2013. – p. 16–23.

14 **Bets, M. V.** Aksiologicheskaya sootnesennost' teksta informacionno-analiticheskoy stat'i i kommentariya v virtual'nom prostranstve Runeta [Axiological correlation of the text of an information-analytical article and commentary in the virtual space of the Runet]: dis. ... cand. philol. sciences. – Kemerovo, 2012. – 189 p.

15 <https://www.ya-roditel.ru/national-campaign/regions2/shkola-ottsov-ukreplyaet-semi/> [Electronic resource]

Material received on 09.06.23.

*С. Ж. Ергалиева¹, М. А. Уайханова², А. Ж. Сахариева³

^{1,2,3}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

Материал 09.06.23 баспаға түсті.

ВИРТУАЛДЫҚ КОММУНИКАНТТАР МӘТІН СӨЗЖАСАМЫНДАҒЫ ӘЛЕМНІҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ БЕЙНЕСІ

Зерттеу нысаны Facebook қоғамдық желіде орналастырылған саяси мақалаларға білдірілген қазақстандық интернет-мәтіндер болып табылады. Нысанды таңдау қарапайым лингвоясаясаттанумен,

күнделікті өмірдегі лингвистикамен сәйкес келетін Интернет-коммуникаторлардың қарапайым ана тілінде сөйлейтіндер құрастырған мәтіндер материалын зерттеумен негізделеді. Салыстырмалы түрде жақында адамның күнделікті өмірінде пайда болған мәтіндердің бұл түрін зерттеу адам, қарым-қатынас және қоғам туралы ғылыми идеяларды едәуір кеңейте алады. Зерттеу мақсаты – қазақстандық саяси интернет-түсіндірмелер мәтін сөзжасамының құндылық факторын анықтау. Зерттеу пәні – интернет-түсіндірмелерде жүзеге асырылатын бастапқы мәтіннің құндылық әлеуеті мен виртуалды тілдік тұлғаның құндылық параметрлерінің арақатынасы. Зерттеу нәтижесі қазақстандық виртуалдық тілдік тұлға мәтіндерінде құндылық әлеуеті басым екенін көрсетті. Виртуалды тілдік тұлға ұлттық мұра мен мәдениеттің тасымалдаушысы болып табылады. Өйткені ол өзінің дүниетанымы мен стереотиптері бар белгілі бір лингвомәдени топқа жатады. Олар интернет-мәтіндерінде көрінеді. Жазбаша тілдің әртүрлі коммуникативтік салаларына, біздің жағдайда қазіргі кездегі қазақстандық виртуалды коммуниканттардың маңызды аксиологиялық доминанттарының бастапқы модификациясын көрсететін ерекше аймақ ретінде күнделікті виртуалды қарым-қатынасқа жүгінеміз. Интернет-дискурстың зерттеуге алынып отырған түрі бүгінгі ғылымда толыққанды лингвомәдени сипаттамаға әлі ұшырамаған ғылыми фактілер шеңберіне жатады. Бұл жұмыстың ғылыми жаңалығын көрсетеді.

Кілтті сөздер: құндылық, виртуалдық қарым-қатынас, әлем бейнесі, мәтін сөзжасамы.

*С. Ж. Ергалиева¹, М. А. Уайханова², А. Ж. Сахариева³

^{1,2,3}Торайғыров университет,

Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының қарасөздері – көркемдік, әлеуметтік гуманистік, діни көзқарастары терең сипатталған филологиялық шығарма және ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік ерекшелігін, дүниетанымын айқындайтын прозалық туынды. Қарасөздердің тақырыбы әр алуан, мазмұны Абайдың басқа шығармаларымен салыстырғанда өзгеше. Бұл ретте ғалым Қ. Жұмалиев: «Көркем қарасөз қазақтың жазба әдебиетінің тарихында Алтынсариннан басталады. Публицистиканың алғашқы негізін қалаушы Шоқан болса, оны одан әрі дамытушы – Абай. Абайдың қарасөздері – көркем әңгіме емес, даналық сөздер, мақала, ғылымдық, философиялық шолулар. Сөйтіп ол өзінің көзқарасын, дүниетануын қара сөзбен де кейінгілерге қалдырып кетті. Бірақ Абайдың қарасөздерінің өзінше ерекшелігі бар. Оның сөйлем құрылысы да басқашалау болып келеді. Сөздерінің көлемі аз болса да, мағынасы терең. Көпшілігі сұрау-жауап, не оқушылармен, не өзімен-өзі кеңесу болып құрылады. Бұл – батыс, орыс елдерінің ұлы адамдарының көп қолданған әдісі. Ғылым, көркемөнер, тағы басқа мәселелер туралы өз көзқарастарын айтқанда, олар осы әдісті пайдаланған. Түбі сонау ескі гректердің философтарында жатыр», – деген тұжырым жасайды [10, 89].

Абай қарасөздерін зерттеу саласында әдебиеттанушылар тарапынан әртүрлі бағыттағы зерттеулерді кездестіруге болады. Мәселен, қарасөздерді Ғарифолла Есім «Сөз жанры» деп атап: «Абай ойына келген нәрселерін еркін айту үшін өзі арнайы жанр ойлап тапқан. Ол – сөз жанры. Ақынның қарасөздері – нағыз еркін ойдың жанры. Мұнда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұны өзіне лайықты форма тапқан», – деген сипаттама береді [11, 129]. Ал абайтанушы ғалым Б. Кенжебаев Абай қарасөздерін теориялық тұрғыдан зерделей отырып, Абайдың қарасөздерінің «Ғақлия» деп аталуына қарсы пікір айтып: «... ғақлия-ғибрат, мысал жөнімен дін, мінез-құлық жайында айтылған өсиет, насихаттау сөздер. Абайдың қарасөздерінің бәрі бірдей мұндай ғибрат, мысал болып, бәрі бірдей дін, мінез-құлық туралы болып келе бермейді. Тек бірнеше сөзі (1, 15, 25, 28, 32, 34 сөздері) ғана дін, мінез-құлық туралы ғибрат, мысал-ғақлия болып келеді. Естуіміз, Абайдың өзі о баста тек осы сөздерін ғана «Ғақлия» деп атаса керек», – деген тұжырым

жасайды [12, 192]. Сонымен қатар әдебиеттанушы ғалым Абайдың прозасында ғақлия, накыл сөздер де, ғылыми мақала да, ойшылдық трактат та, өткір сын, мысқыл ретінде келетін сатиралық әңгіме де, адамгершілік өсиеттер де, публицистикалық насихат түрлері де, шешендік әңгіме де орын алатындығын атап көрсетеді.

Абайдың ақын шәкірттерінің тілін зерттеген, абайтанушы ғалым М. Мырзахметұлы қарасөздердің мазмұндық, тақырыптық аясы жайлы айта келіп: «Абай қазақ үшін Ғазалидей биік тұлға. Абай өмір сүрген дәуірде мұсылман әлемі ауыр кезеңдерді бастан кешіріп жатқан еді. Себебі, Абайдың тұсында мұсылман мемлекеттердің ешқайсында тәуелсіздік болған жоқ. Отарлаушы империялардың құрсауында қалған мұсылман елдері дін тұрмақ, ғылымнан, білімнен ажырап қалды. Міне, бүтін мұсылман әлемін қараңғылықтан алға сүйреп шығару туралы көзқарас тұсында өмір сүрген Абай мұсылмандықты ғылым, білім арқылы дәріптеп, қазақ қоғамына жаңашылдық серпінін алып келді», – деген сипаттама береді [13, 124]. Әдебиеттану ғылымына жаңа жанрмен келген қарасөздер ең алғаш рет 1933 жылы «Абай» жинағында жарық көрген. Олар Абайдың кемелденген шағында өмірге келген, автордың жүрек толғанысы, философиялық тұжырымы, өмірлік тәжірибесінің негізі болып табылады. Сол себепті де ақынның қара сөзбен жазылған ой толғамы қай кезеңде оқылса да, кез келген жан оның ішінен өз заманының белгілерін көре алады.

Қарасөздерінде Абай қарапайым адам мінезінен бастап, ақыл, ар, ұждан, тәрбие, білім, ғылым, дін, билік, туыстық қарым-қатынас сынды мәселелерді қозғады. Өлеңдерінің мазмұнында көтерілген терең мәселелерге оқырманы терең бойлай алмайтынын сезінген автор ойын осы қарасөзге төкті. Бұл жайында ең алғашқы абайтанушылардың бірі М. Әуезов: «Сонда тыңдаушысы туралы Абайдың күдігі көп. Кейбір терең өсиет, озғын ойлары бұның тыңдаушыларының санасына жетпеуі мүмкін. Сол себепті өлең сөздерінде ұзақтан, тереңдеп айтылған кейбір ағартушылық, адамгершілік үлкен ойлары мен қоғамдық тартыстың қайшылықтарын ашатын, оның шыншыл және күшті азаматтық сындарын мынау қара сөздерінде оңайлатып, азайтып, қысқартып айтатыны да болады. Бұл ретте ақынның өлеңінде кездесетін қайшылықтар және тарихтық тар көлемді түсініктер көбірек көрінетін кездері болады. Оқушы мен көпшілік тыңдаушыларының өз тұсындағы сенім-нанымдарын еске алғандықтан, ақын дін тақырыбын көбірек сөз қылады. Әрине, оның өз наным-өзгермейді. Сондықтан өлеңіндегі сияқты дінді адамгершілік моральді тәрбиенің қараңғылыққа қарсы, шартты түрдегі өткелі есебінде бағалайды», – деп түйіндейді [14, 2].

Қазіргі таңда ақын қарасөздерін оқу, ұғыну, философиялық мәнін айқындауда тоңы жібімеген үлкен мәселе байқалады. Олай дейтініміз, Абай

қазақтың бой тұмары болғанына қарамастан, ұрпақ жалғастығы мәселесінде қарасөздердің мәнін ұғыну қиындап бара жатқаны байқалады. Қоғамда Абай ізін салған «Толық адам» бейнесі ақын шығармашылығын терең түсініп, бойымызға сіңіргенде ғана қалыптасатындығын ескерсек, әрбір қарасөздің ішкі мазмұнын, оқырманға берер нақылын, ой толғамын жіті ұғыну маңызды болып табылады. Мәселені шешу жолы қарасөздердің тезаурустық сөздігін құрастыру болса керек. Жоғарыда атап өткендей, қарасөздер тезаурусы туындыны жаңаша көзқараспен оқуға, Абайдың даналық философиясын жаңа қырынан қабылдауға жеңілдік тудыратын болады. Бұл ретте ең алдымен қазіргі қоғамдағы жас ұрпақ Абаймен жақындай түседі.

Тезаурус ұғымын зерделеген ғалымдардың тұжырымына сәйкес, Абай қарасөздерінің мәнін ашу үшін тезаурустық сөздік негізгі тәсіл болып табылады. Осы орайда Абай шығармаларының тілін зерттеген академик Р. Сыздықованың: «Абай тілі зерттеліп келді дегенге екі түрлі ұғымды сыйғызуға болады: бірі – ұлы қаламгердің тілі туралы жалпы пікір айту, екіншісі – Абай шығармалары тілінің өзін талдап-тану», деген пікір айтады [15]. Осы күнге дейін жүздеген, мыңдаған әдебиеттерде Абай шығармалары жан-жақты зерттеу объектісіне алынып, сан алуан пікірлер айтылып келді. Енді ақын шығармаларының, соның ішінде қарасөздерінің тілін зерттеу уақыт күттірмейтін мәселелердің бірі. Себебі абайтану ілімінің қалыптасқанына жүз жылдан астам уақыт өтсе де, ақынның рухани мұрасы қазақ халқының жанын кемелдендіруге аса қажет еңбектердің бірі болып табылады. Уақыт өткен сайын ақын тілі үнемі жаңарып жатқан қоғам үшін күрделеніп барады. Себебі заманның өзгеруімен бірге оқырманның сұранысы, пайымдауы өзгерді. Абай мұрасын, оның ішінде қарасөздерін оқып, түсіну, санаға сіңіру қазіргі оқырманға, әсіресе жастарға қиындық тудырады. Бұл мәселенің шешімін табудың бірден-бір жолы қарасөздерге тілдік-әдеби талдау жасап, қарасөздердің тезаурус сөздігін қалыптастыру. Бұл жайында жекелеген ғалымдардың пікірлері де жоқ емес. «Жазушы сөздігі тезаурус типінде болуы тиіс. Оған себеп жалпы мен жекенің арасындағы шектеу жалпы түсіндірме сөздікте де, жеке жазушы сөздігінде де ғылыми дәлдікпен беріле алмайды, себебі жалпы мен жеке бір-біріне қарама-қайшылықта емес, өзара қатынаста зерттелуі тиіс» [16, 96], – деген тұжырымды басшылыққа ала отырып, Абай қарасөздерінің тезаурусын жасауды мақсат етіп отырмыз.

Бұл ретте ең алдымен кез келген автордың сөз саптауы оның өмір сүрген ортасымен байланысты болады. Мақсатымыз Абай дәуіріндегі лексикалық негізді өскелең ұрпаққа түсіндіріп беру. Себебі өткенін білген ұрпақ, болашаққа нық қадам басады. Түсіндіру жұмыстары көп жағдайда тезаурус сөздігін жасай отырып, ақын тіліндегі күрделі ұғымдарды контекстік аяда қарастыру арқылы жүзеге асады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, тезаурус сөздіктер өз ішінен лингвистикалық және статистикалық деп екіге бөлінеді. Мұндағы тезаурус сөздігінің статистикалық түріне шығармадағы барлық сөздер тізіліп, олардың саны, қолданылу жиілігі анықталып берілетін сөздік түрі жатады. Біздің зерттеу объектіміз – қарасөздердің құрамындағы сөздердің лексика-семантикалық қолданысы. Яғни тезаурус сөздігін түзудегі лингвистикалық ерекшеліктерді негізге ала отырып, қарасөздегі жекелеген сөздерге ғана емес, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, фразеологиялық оралымдар, мағынасы күрделі сөздердің синонимдік, антонимдік қатары да салыстырмалы контексте қарастырылады. Мәселен, ақын екінші қарасөзінде өзге халықтардың қазақтан озық жерлерін айта келіп, қазақтың жағымсыз қылықтарын сынады. Халқының бос мақтанға әуестігін айтады. Адал еңбекпен мал табуды, жер бетіндегі өзге жұрттар жетістігін санамалап көрсетіп, олардың жетістігінен үлгі алуға үндейді. Қарасөзінің соңында «Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?» деп кері сауал қояды. Бұл – осы сөзде айтылған ойдың мәнін ашатын негізгі түйіні, қорытындысы.

«Енеңді ұрайын, кең қолтық, шүлдірлеген тәжік, арқада үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке десіп», шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт деген осы» – ақын қазақ халқының тәжік, сарттардың мінездеріне, кәсіптеріне күле қарағандығы туралы айтады.

«Ноғай» – түркі тектес халық.

«Түйеден қорыққан ноғай, атқа мінсе шаршап, жаяу жүрсе демін алады, ноқай дегеніше, ноқай десеңші, түкее ыңғайы келмейді, солдат ноғай, қашқың ноғай, «бакалшиқ ноғай» – қазақтың ноғай халқының мінезсіз, икемсіздігін сынға алуы.

«Ауылды көрсе шапқан, жаман сасыр бас орыс» – ауызекі сөйлеу тілінде орысқа айтылған бейнелі сөз (сасыр – сасық иісті құрай шөп).

«Ойына келгенді қылады» – істегісі келген істі істейді.

«Не айтса соған нанады» – айтылған сөздің бәріне сене береді.

«Ұзын құлақ» – біреудің біреуге айтқанын қосып айту.

«Айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім» – айтылған сөздерге мақтанушы едім.

«Антұрған» – сөзінде тұрмайтын, оңбаған.

«Қылмаған шеберлігі жоқ» – қолынан бәрі келу, бәрін жасай алу

«Шаһар» – қала.

«Ахиреттігін» – ахиретке (о дүниеге) аттанарда өлген кісіні орайтын кебін (ақ мата).

«Кірілеп» – көшіріп, айдап алып кету

«Үлкен молдалар» – ислам дінін ұстанып, уағыздаушы адам.

«Ептілік» – икемділік, бір істі жақсы істеу.
 «Қырмызылық» – әдемілік, әсемдік, сұлулық.
 «Сыпайылық» – әдептілік, адамдарды сыйлау.
 «Солдаттыққа да шыдайды» – әскери қызмет етуге де шыдау.
 «Медресе» – Ислам дінінің орта және жоғары мектебі.
 «Дін күту» – Құдайға құлшылық ету.
 «Мал табу» – еңбек ету, кәсіп қылу.
 «Салтанат» – әсемдік, асқан әдебімілік.
 «Құзғын тамағымыз үшін» (құзғын – өлексемен қоректенетін қарғаға ұқсас құс) – дайын тамағымыз үшін.
 «Біріміз жалшы» – қызмет көрсетуші, қызметші.
 «Біріміз хош алушымыз» – қызметті қабылдаушы.
 «Бірін-бірі қуып қор болмай» – бірін-бірі аңду, көреалмаушылық.
 «Шаруа қуып» – жұмыс жасау.
 «Зор болғандық әсері» – ақылды болу, барлық шаруа қолынан келу.
 «Біз құлы, күңі құрлы да жоқпыз» – салыстыруға келмейтін, өте төмен.
 Екінші қарасөздің соңында ақын «Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?» деп кері сауал тудырады. Бұл осы сөзде айтылған ойдың түйіні мен мәнін ашатын негізгі сұрағы, қорытындысы болып табылады. Бұл типтес талдау әрбір қарасөзге жеке-жеке жасалғанда жаңашыл қоғамда осы туындының мәнін түсініп, санаға сіңіру анағұрлым жеңілдей түседі деген сенімдеміз.

Қорытынды

Сонымен қорытындылай келе, мақалада ғұлама ойшыл Абай Құнанбайұлының аса құнды еңбектерінің бірі саналатын қарасөздерін көпшілік оқырманның түсініп, қабылдауына оңай болуы үшін тілдік-әдеби тұрғыдан зерделеп, тезаурус сөздігін қалыптастырудың жолдарын қарастырдық. Бұл ретте тезаурус сөздігі дегеніміз не, оның қандай түрлері болады, тезаурус сөздігін қалыптастыруда қандай принциптерді басшылыққа алуға болады деген сұрақтарды негізге алдық. Соған орай мысал ретінде екінші қарасөздің тезаурустық қатарын қалыптастырдық.

Аталған мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылады (AP14869894 «Абай қарасөздерінің тезаурусы»).

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Шайкевич, А. Я. Тезаурус // Лингвистический энциклопедический словарь [Мәтін]. – М. : Совет. энцикл., 1990. – С. 506.

- 2 Щерба, Л. В. Языковая система и речевая деятельность [Мәтін]. – Ленинград : Наука, 1974. – 428 с.
- 3 Соссюр, Ф. Труды по языкознанию / пер. под ред. А. А. Холодовича [Мәтін]. – Москва : Прогресс, 1977. – 695 с.
- 4 Баранов, О. С. Идеографический словарь русского языка [Мәтін]. – Москва : ЭТС, 1995. – 820 с.
- 5 Караулов, Ю. Н. Лингвистическое конструирование и тезаурус литературного языка [Мәтін]. – М. : Наука, 1981. – 365 с.
- 6 Абай тілі сөздігі [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1968. – 864 бет.
- 7 Мамырбекова, Г., Сейтбекова, А. Әбілғазы баһадүр ханның «Түркі шежіресінің» тезаурус сөздігі [Мәтін] – Алматы : Фирма Орнак, 2013. – 480 б.
- 8 Сарекенова, Қ. Қ. Абай Құнанбайұлы шығармалары бойынша тезаурустық талдау [Мәтін] // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – Павлодар, 2022. № 2. – Б. 222–229.
- 9 Айтмұхамбет, Ж. Абай поэзиясындағы «мәңгілік бейнені» тезаурустық талдау [Мәтін] // «Keruen» scientific journal. – Алматы, 2022. №1 (74). – Б. 85–102.
- 10 Жұмалиев, Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. Кітапта: Абайтану. Таңдамалы [Мәтін] – Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2020. – 440 б.
- 11 Есім, Ғ. Хакім Абай [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1995. – 183 б.
- 12 Кенжебаев, Б. Әдебиет белестері [Мәтін]. – Алматы, 1986. – 400 б.
- 13 Мырзахметұлы, М. Абайтану, 10-том. Абайдың адамгершілік мұраттары [Мәтін]. – Алматы : «Қазығұрт» баспасы, 2020. – 340 б.
- 14 Әуезов, М. О. Абай Құнанбаев [Мәтін]. – Алматы, 1967. – 389 б.
- 15 Сыздықова, Р. Абай тілінің зерттелуі [Электронды ресурс]. <https://abai.kaznu.kz/?p=1276>
- 16 Нуржанова, Б. Ақын-жазушы шығармалары тілі сөздігінің теориялық және практикалық мәселелері [Мәтін] // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2016. – № 2/2 (160). – Б. 141–144.

References

- 1 Shajkevich, A. Ya. Tezaurus // Lingvisticheskij enciklopedicheskij slovar [Thesaurus // linguistic encyclopedic dictionary] [Text]. – Moscow : Sovet. encikl., 1990. – P. 506.
- 2 Sherba, L. V. Yazykovaya sistema i rechevaya deyatel'nost [The language system and working activities]. [Text]. – Leningrad: Nauka, 1974. – 428 p.
- 3 Sossyur, F. Trudy po yazykoznaniiu / per. pod red. A. A. Holodovicha [Trudy in the language]. [Text]. – Moscow : Progress, 1977. – 695 p.

4 **Baranov, O. S.** Ideograficheskiy slovar russkogo yazyka [Ideographic Dictionary of the Russian language]. [Text] – Moskva: ETS, 1995. – 820 p.

5 **Karaulov, Yu. N.** Lingvisticheskoe konstruirovaniye i tezaurs literaturnogo yazyka [Linguistic design and thesaurus of literary language] [Text]. – Moscow : Nauka, 1981. – 365 p.

6 Abai tili sozdigi [Dictionary of the Abai language] [Text]. – Almaty : Gylym, 1968. – 864 p.

7 **Mamyrbekova, G., Seiitbekova, A.** Abilgazy bahadyr hannyn «Turki shezhiresinin» tezaurs sozdigi [Thesaurus Dictionary of the «Turkic Chronicle» of Abilgazy Bahadur Khan] [Text]. – Almaty : Firma Ornak, 2013. – 480 p.

8 **Sarekenova, Q. Q.** Abay Qunanbaiuly shigarmalary boynsha tezaurstiq tal daw [Thesaurus analysis of the works of Abai Kunanbayuly] [Text] // Toraygirov universitetinin habarshysy. Filologiya seriyasy. – Pavlodar, 2022. – № 2. – P. 222–229.

9 **Aitmukhambet, Zh.** Abay poeziyasindagi «mangilik beyneni» tezaurstiq tal daw [Thesaurus analysis of «eternal image» in Abai's poetry]. [Text] // «Keruen» scientific journal. – Almaty, 2022. – № 1 (74). – P. 85–102.

10 **Zhumaliev, Q.** Abaiga dejingi qazaq poeziyasy zhane Abai poeziyasynyn tili. Kitapta: Abaitanu. Tandamaly [Pre-Abai Kazakh poetry and the language of Abai poetry]. [Text] – Nur-Sultan: Foliant, 2020. – 440 p.

11 **Esim, G.** Hakim Abai [Philosopher Abai] [Text]. – Almaty : Gylym, 1995. – 183 p.

12 **Kenzhebaev, B.** Adebiet belesteri [Milestones of literature] [Text]. – Almaty, 1986. – 400 p.

13 **Myrzahmetuly, M.** Abaitanu, 10-tom. Abaidyn adamgershilik murattary [Abai studies] [Text]. – Almaty: Qazygurt, 2020. – 340 p.

14 **Auev, M. O.** Abai Qunanbaev [Abai Qunanbaev] [Text]. – Almaty, 1967. – 389 p.

15 **Syzdyqova, R.** Abai tilinin zerttelui [Study of the Abai language]. [Electronic resource]. – // <https://abai.kaznu.kz/?p=1276>

16 **Nurzhanova, B.** Aqyn-zhazushy shygarmalary tili sozdiginin teoriyalyq zhane praktikalyq maseleleri [Theoretical and practical problems of the dictionary of the language of the works of the poet and writer]. [Text] // Al-Farabi atyndagy QazUU habarshysy. Filologiya seriyasy. – Almaty, 2016. – №2/2 (160). – P. 141–144.

Материал 09.06.23 баспаға түсті.

***А. А. Касымова¹, К. Т. Тулебаева², Б. М. Кадырова³**

¹ Университет имени Шакарима города Семей,

Республика Казахстан, г. Семей;

² Alikhan Bokeikhan university,

Республика Казахстан, г. Семей;

³ Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 09.06.23.

ТЕЗАУРУСНЫЙ ХАРАКТЕР СЛОВ НАЗИДАНИЙ АБАЯ КУНАНБАЙУЛЫ

В данной статье рассматриваются пути тезаурусного анализа языка слов назиданий казахского поэта Абая Кунанбайұлы. Произведения Абая – бесспорное благородное наследие, основная константа литературы. Духовное погружение читателя в такие благородные произведения станет пищей не только для личности, но и для будущего нации. Но для современного читателя известно, что язык Абая становится тяжелым. Для понимания благородного слова, которое исходит из сердца поэта, необходима широта взглядов и мировоззрения читателя. Поэтому необходимо досконально разобраться в внутренней концепции слов назиданий. Единственный способ раскрыть суть слов – это провести тезаурусный анализ каждого слова. Тезаурус – структура, имеющая особое значение в системе Языково-лингвистического анализа. Тезаурус имеет более широкий смысл и содержание, чем просто словарь. Поэтому большое значение имеет анализ внутреннего содержания текста в высказываниях с помощью тезаурусного подхода. Аспект тезаурусного анализа основывается, прежде всего, на раскрытии квинтэссенциального смысла текста. В других типах словарей слова сгруппированы в алфавитном порядке, а в тезаурусных словарях слова сгруппированы по значению. При этом предполагается не только дать лексическое значение слов, встречающихся в словосочетаниях, но и раскрыть их атрибут и гипернимический характер. Статья разработана в рамках научного проекта АР14869894 «Тезаурус слов назиданий Абая».

Ключевые слова: Абай, слова назидания, тезаурус, лексическое значение, значение слова, тезаурусный анализ.

*A. A. Kassymova¹, K. T. Tulebayeva², B. M. Kadyrova³¹Shakarim University of Semey,
Republic of Kazakhstan, Semey;²Alikhan Bokeikhan University,
Republic of Kazakhstan, Semey;³Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 09.06.23.

**THESAURUS CHARACTER OF THE WORDS
OF EDIFICATION OF ABAI KUNANBAYULY**

This article discusses the ways of thesaurus analysis of the language of the words of edification of the Kazakh poet Abai Kunanbayuly. Abai's works are an indisputable noble heritage, the main constant of literature. The reader's spiritual immersion in such noble works will become food not only for the individual, but also for the future of the nation. But for the modern reader, it is known that the language of Abai is becoming difficult. To understand the noble word that comes from the poet's heart, the breadth of the reader's views and worldview is necessary. Therefore, it is necessary to thoroughly understand the inner concept of the words of edification. The only way to reveal the essence of words is to conduct a thesaurus analysis of each word. Thesaurus is a structure of particular importance in the system of Linguistic analysis. The thesaurus has a broader meaning and content than just a dictionary. Therefore, it is of great importance to analyze the internal content of the text in statements using a thesaurus approach. The aspect of thesaurus analysis is based primarily on the disclosure of the quintessential meaning of the text. In other types of dictionaries, words are grouped alphabetically, and in thesaurus dictionaries, words are grouped by meaning. At the same time, it is supposed not only to give the lexical meaning of the words found in the phrases, but also to reveal their attribute and hypernymic character. The article was developed within the framework of the scientific project AR14869894 «Thesaurus of words of edification of Abai».

Keywords: Abai, words of edification, thesaurus, lexical meaning, meaning of the word, thesaurus analysis.

SRSTI 16. 01. 45

<https://doi.org/10.48081/KQJU3909>***G. B. Kozhakhmetova**

The International Kazakh-Turkish University

named after Akhmet Yassawi,

Republic of Kazakhstan, Turkestan

*e-mail: gulim_bakberovna@mail.ru**STUDYING THE PECULIARITIES OF NATIONAL
VOCABULARY IN TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE**

The article discusses effective methods for the formation of students' vocabulary at the lessons of the Kazakh language. The author starts by telling about the importance of preserving the verbal wealth of the Kazakh language and passing on the latter to the younger generation of the country since a language is the national spiritual-cultural code that reflects the uniqueness of every nation. The article goes on to say that using words in terms of the Kazakh national tradition implies observation of the principle of moral, ethical and aesthetic values. The author points out that the norms of literary language and national speech etiquette are among the priorities when teaching the Kazakh language. The article presents some results which illustrate efficient didactic strategies of teaching schoolchildren the peculiarities of national vocabulary in the Kazakh language classroom. The author comes to conclusion that introducing the national vocabulary to schoolchildren contributes to the formation of national self-consciousness, and the realization of cognitive, cultural, emotional, intellectual, social, personal, and spiritual development.

Keywords: language, culture, vocabulary, word usage features, speech act, linguistic relations, the linguistic norm.

Introduction

Today, the actual problem of the Kazakh language, by the status of the state language, is its historical preservation. The preservation of the national language is a struggle to prevent the disappearance of the Kazakh people and the Kazakh nation, since language is a national-spiritual and cultural code that reflects the individuality of each nation.

Language is not only a means of communication. Thanks to the knowledge of the language, a person becomes a full-fledged representative of the nation.

Language is a way that corrects the national consciousness. In this context, we understand that the actual goal today is not only “safely” to pass on the Kazakh language to the next generations of our country, but also to preserve the verbal wealth accumulated over the centuries, sound harmony, and grammatical consistency [1, 4].

A. Potebnya calls language «a cultural, social initiative of the speech act» [2, 133].

The only task in education today is to teach the younger generation to compose and pronounce words correctly and observe the culture of speech. Although the norms of the language are generally accepted, everyone’s speech is different. During linguistic communication, each person chooses certain words and formulates a sentence. Therefore, one person’s speech may differ from another’s.

The main goal of speech communication is the exchange of information. From time immemorial, the Kazakh people have attached great importance to every word. This is evidenced by proverbs: «A quiet conscience sleeps in thunder», «Speech is silver but silence is gold», «Good words without deeds are rushes and reed», «Deed, not words» etc. According to the ability to express one’s thoughts, and the ability to speak, one can determine not only the social status of a person but also his character.

According to the scholar-researcher of linguistic culture Uali, the Kazakh national tradition of using words is subject to the principles of universal values, such as morality, honor, responsibility, duty, virtue, kindness, justice, honesty, and truth. In language communication, these principles underlie the speaker’s speech.

According to national traditions, expressions such as respect elders; do not interrupt the speaker, do not neglect the speaker, behave with restraint, etc., are included in the concept of speech etiquette. And the rules of speech etiquette are based on the principles of politeness [3].

Materials and methods

Methods of analysis, comparison, compilation, and experimental methods were applied in the research.

Having analyzed the peculiarities of the national vocabulary we proved that teaching those ones at Kazakh lessons should be realized with taking into consideration the national traditions of the Kazakh people, namely, observation of politeness, respectfulness, and kindness.

Having experimented through designing and conducting lessons of the Kazakh language in a secondary school we state that when teaching children the peculiarities of the national vocabulary, one should take into account the norms of literary language and national speech etiquette, for example, such speech acts as raising the tone of the voice and switching to shouting in language communication are not acceptable.

Results and discussion

One of the main goals in the formation of word usage skills is to teach students to speak without mistakes. Scholars believe that «the level of mistake probability is determined by the forms of speech: in oral form, the probability of mistakes is higher than in writing due to the simultaneous implementation of the moment of reasoning and expression of thought. Because here a person has the opportunity to differentiate, systematize their thoughts and speak without mistakes [4, 4]. Therefore, when choosing the types of work with students, special attention should be paid to writing and oral speech. Students often make mistakes in speech. Especially often they are found in oral speech. For example, mistakes in words and even incorrect use of words in a sentence.

Incorrect speech by schoolchildren often occurs due to incomplete assimilation of the norms of the literary language, careless attitude to language traditions, misunderstanding or even unwillingness to understand the semantic nature of some words, and also due to excessive and inappropriate use of jargon. This indicates the impossibility of distinguishing linguistic features, and the low level of development of the culture of speech.

Therefore, it is necessary to teach students to work systematically with language units, that is, to correctly determine their form and combination with other words, revealing the meaning of words. To do this, while working with the text in the Kazakh language lesson, one should use such methods as determining the meaning of words and working with unfamiliar words [5, 45].

Some researchers emphasizing the practical significance of spelling say that «culture and literacy are not only in the correct spelling but also in the transfer of the magical music of the native language in such a way that it is pleasant to the ear and does not violate its natural state. Since language is a means of communication in society, its social function is realized only at its level, it serves as a means of communication for everyone. At the same time, she emphasized that for children whose speech is just being formed, «it is important that the kindergartener’s speech is perfect, as children learn to speak from adults. In the future, difficulties may arise in their correction. Therefore, there should be no mistakes in the speech of people working in kindergarten. Only then will it be possible to learn to speak correctly? Thus, the competent speech of the kindergartener will be the first alphabet for teaching children the native language» [6, 36–37]. In our opinion, the ability of school teachers to correctly use words is an example for students. Students imitate the teacher. Therefore, the teacher should observe the language norms and culture of speech.

When forming the students’ word usage skills, the teacher should, first of all, determine what mistakes students face and their causes. These mistakes need to be corrected and clarified to prevent them from happening again.

The mistakes of modern schoolchildren most often arise based on the interaction of elements of the language system in a bilingual situation. This phenomenon in linguistics is called interference. For example, students incorrectly pronounce Kazakh words according to the orthoepic rules of the Russian language. For example, the surname *Ospanov* is pronounced like *Aspanov*, and *Omarov* is pronounced like *Amarov*. *Сіз білесің бе? Екі мұғалімдер келді* and etc. In some words, one of the two vowels is omitted. For example: *келе жатыр* – *келатыр*, *айтып жатыр* – *айтыватыр* and etc. Students must know the generally established norms for the pronunciation of the literary language. Also, without knowing the lexical meaning of a word, you can use a word that is close in meaning.

For example, violation of intact correct connections when using word combinations. Also, for example, *біз сайыс қатысушылары (біз, сайысқа қатысушылар)* – this wording deviates from the topic of the narrative. This phenomenon in scientific language is called digression («deviation»). This is especially true for students studying in schools with a different language of instruction, who often have to perform tasks such as summarizing text and writing an essay in the Kazakh language class. In some cases, sounds, syllables, and even phrases are used interchangeably. For example, *қақпан* – *қапқан*, *қолған* – *қолбақ*, etc.

Especially it is necessary to correct mistakes in the written works of students (composition, essay, presentation, dictation). In this case, it is necessary to pay attention to the structure of the sentence and compliance with the grammatical rules and norms of the language.

The theme of the lesson: The culture of speech.

The goal of the lesson: teaching: to improve student's knowledge of the culture of speech; developing: to develop language culture, to teach clearly and competently to express one's thoughts; educational: teach to respect the national language, appreciate the richness and strength of the language, show the national characteristics and national dignity of the Kazakh people.

Type of lesson: Lesson on acquiring new knowledge. Methods: methods of using technical teaching aids, explanation, question-answer, explanation through visualization, use of situational tasks, and didactic games to improve cognitively-oriented competence. Visual aids: tables, handout.

The course of the lesson:

- 1 Organizational moment. Psychological preparation
- 2 Repetition of the passed material.
- 3 New topic.

Introduce students to the topic and purpose of the lesson. Repetition of knowledge about the culture of speech. Increase of interest. (Information questions) - students are divided into four groups.

Proverbs and sayings on the topics of education, morality, kindness, and friendship are repeated.

Group 1 Proverbs about upbringing. For example, A child that's born must be kept.

Group 2 Proverbs about morality: Saying is one thing and doing another.

Group 3. Proverbs about kindness: As fire warms the body so does good warm the heart.

Group 4 The proverb about friendship: Faithful friend is better than gold.

The task. Family. School. Friends. In the store. (Each group chooses a topic and makes up a dialogue between two or three interlocutors. The expressions of Kazakh speech etiquette should be used in the dialogue. The volume should consist of 100–150 words.) Make sentences and compare them.

4 Repetition.

5 Gallery visit strategy. Making up a conversation

6 Group strategy.

7 Summing up the lesson: What have we learned? Discussion. Homework: Write an essay about the use of national vocabulary.

The main task of educational organizations is to assess the knowledge and activity of students in the modern era of the development of science and technology, increase the flow of information, the formation of mental abilities, and the development of human abilities and talents [7].

It is planned to use modern teaching methods and all types of communication during the lesson. To achieve the goal of learning, and obtaining new knowledge, one should use communicative-mediated visual perception with the audience (slides, pictures, flipchart records, video presentations), as well as audio (the word of the teacher, musical accompaniment, timer-signal), and cinematic aesthetic (construction of situations, it is possible to work out active exercises, team-building tasks).

To increase the activity of students in the performance of analytical work, it is possible to use interactive methods and perform it in the form of work in pairs or groups. In the course of the formative experiment, this work was carried out in a group form. Its result was more productive compared to independent work in the control class, and at the same time, students' motivation for classes increased. First, students read the text and distinguish which type of speech it belongs to and prove the game. Next, the purpose of the author is determined by making dictionary activities, and content analysis. Then they evaluate the role of words written in bold in conveying thoughts. Students replace the words by synonyms and express opinions depending on the use of words. They write the introductory and final sections following the content of this text. Then students draw up a plan for the content of the text. At the very end, students put a title in the text. Then the

most successful topic is defined by the whole class. In the homework assignment, students were given to write a reasoning text about their native land, taking this exact text as a basis and modeling it. The effectiveness of this work is that the students not only analyzed the finished sample. They also do their research, practical writing work, supplementing and differentiating the text. Students listen others' answers and assess each other. Where there is an assessment, there is work on self-improvement [8, 24].

It is also methodically rational to transform tasks for distinguishing between speech types as narrative, descriptive, and reasoning. In a language lesson connected with a comprehensive analysis of texts, students learn the importance of orthoepic, grammatical, and stylistic literary norms in conveying thoughts, as well as learn to correctly perceive them, and understand the reason for reasonable deviations from the norm. Because «depending on the purpose of speech activity, deviations from the norm will be motivated and unmotivated. Errors that occur due to the illiteracy of the speaker and ignorance of the established norms in the language are unprovoked deviations. And a mistake made consciously, pursuing a specific goal on the part of the speaker, is a motivational mistake» [9, 8].

As a result of the discourse, through communication students enrich their active vocabulary and get acquainted with the methods of creating synonymous diversity. Thus, they learn to correctly use semantic groups of words (synonyms, antonyms, and homonyms), catchphrases, and phraseological expressions, master the laws of correct sentence construction, and recognize the quality of words. This, in turn, increases the students' knowledge of the language and develops practical speech skills. Unfortunately, the teaching of natural speech is now flawed in school practice. Therefore, children should be allowed to discuss, share ideas, and argue through interactive methods when performing these tasks.

Conclusion

The technology for the development of critical thinking helps to increase the cognitive activity of the child, independence in learning, creativity, and at the same time, such activities are interesting and accessible to students; they learn to work in a team, the depth and thoroughness of knowledge increases [10, 4]. It is necessary to emphasize the importance of methods of joint group work: they are an effective means of knowing oneself and other people, forming a worldview, promoting the self-development of a person, and understanding other people's actions and their causes. Group work ensures the active participation of all students. In such work, students work out their communication skills (listening skills, making joint decisions, avoiding conflicts).

Thus, introducing schoolchildren to the traditions of using national vocabulary contributes to the formation of national self-consciousness, reflected through the

language, and contributes to the implementation of cognitive, cultural, emotional, intellectual, social, personal, and spiritual development.

Список использованных источников

- 1 **Кон, И. С.** В поисках себя : Личность и ее самосознание, Москва : Политиздат, 1984. – 335 с.
- 2 **Потебня, А.** Слова и миф, – М. : Правда, 1989, – 622.
- 3 **Ермекбаева, А. Ш.** Бейіндік мектеп оқушыларының оқу мотивтерін қалыптастыру // Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, 2017. – 176 б.
- 4 **Сыздықова, Р.** Сөз құдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы : Ел-шежіре, 2014. – 296 б.
- 5 **Сыздық, Р. С.** Сөз-сазы. (сөзді дұрыс айту нормалары), Алматы : Санат, 1995. – 120 б.
- 6 **Дәулетбекова, Ж. Т.** Сөз мәдениеті – тілдік білім нәтижесі. Монография., 2-басылым редактор. – Алматы : Нұрай-принт, 2017, – 240 б.
- 7 **Амонашвили, Ш. А.** Личностно-гуманная основа педагогического процесса. – Минск : Университетское, 1990. – 559 с.
- 8 **Гадамер, Г.** Взаимосвязь диагностики, коррекции и контроля при обучений фонетическому оформлению речи на неродном языке. – СПб., 2004. – 254 с.
- 9 **Миролюбов, А.** История отечественной методики обучения иностранным языкам, – М. : Ступени, 2002. – 448 с.
- 10 **Қабдықайыров, Қ.** Оқытудың педагогикалық жана технологиясы: оқу құралы. – Алматы : Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 149 б.

References

- 1 **Кон, I. S.** V poiskah sebya: Lichnost' i ee samosoznanie [In the eyes of sebya: personality and self-awareness] [Text]. – Moscow : Politizdat, 1984, p. 335.
- 2 **Potebnya, A.** Slova i mif [Words and myth] [Text]. – Moscow : Pravda, 1989. – 622 p.
- 3 **Yermekbaeva, A. Sh.** Bejindik mektep oqushylarynyn oqu motivterin qalyptastyru [Formation of educational motives of students of profile schools] dissertation prepared for the degree of Doctor of Philosophy (PhD). [Text]. – 2017. – p. 176.
- 4 **Syzdykova, R.** Soz qudireti. [The Power of the word. Collection of multi-volume works] [Text]. – Almaty : El-shezhire, 2014. – p. 296.

5 **Syzdykova, R.** Soz-sazy(sozdi durys ajtu normalary), [The word is clay (Norms of correct pronunciation of the word)] [Text]. – Almaty : Category, 1995. – P. 120.

6 **Dauletbekova, Zh. T.** Soz madenieti – tildik bilim natizhesi. [Culture of the word – the result of language education]. Monograph., 2nd Edition editor, [Text]. – Almaty : Nuray-print, 2017. – P. 240.

7 **Amonashvili, Sh. A.** Lichnostno-gumannaya osnova pedagogicheskogo processa [The pedagogical process of a personal and Human Resource], [Text] – Minsk: Universitetskoye, 1990. – P. 559.

8 **Gadamer, G.** Diagnostiki, korrekcii i kontrolya pri obuchenii foneticheskomu oformleniyu rechi na nerodnom yazyke [Comprehensive diagnostics, correction and control of phonetic formation of speech in foreign language] [Text] St. Petersburg, 2004. – P. 254.

9 **Mirolubov, A.** Istoriya otechestvennoj metodiki obucheniya inostrannym yazykam [History of domestic methods of training foreign languages]. [Text]. – Moscow : Stupeni, 2002. – P. 448.

10 **Kabdykairov, K.** Oqytudyn pedagogikalyq zhana tekhnologiyasy [Pedagogical new technology of teaching] [Text]. – Almaty : Republican Publishing Office, 1999. – P. 149.

Material received on 09.06.23.

*Г. Б. Қожахметова

Ахмет Яссауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.
Материал 09.06.23 баспаға түсті.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҰЛТТЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ

Мақалада қазақ тілі сабақтарында оқушылардың сөздік қорын қалыптастырудың тиімді әдістері қарастырылады. Егер тіл қарым - қатынас құралы болса, онда сөйлеу – бұл тіл арқылы қарым-қатынас процесі, тілді жүзеге асыру, тілдің белгілі бір бірліктерін қолдану процесі. Әлеуметтік коммуникацияның негізі күнделікті әңгімелер ғана емес, сонымен қатар іскерлік қарым-қатынас және бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеу болып табылады. Әрбір адам қоғам мүшесі бола отырып, қоғамда қабылданған белгілі бір нормаларды сақтауға міндетті. Қазақ халқы

әрқашан сөздің күшіне ерекше мән берген. Ұлттық лексиканың өзіндік ерекшелігі ретінде біз тілдік қарым-қатынаста ұлттық тіліміздің тиімді түрін қолдануды, тілдік нормаларды сақтауды, сөйлеу мәдениетінің принциптерін ескеруді айтамыз. Мақалада жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілін оқыту кезінде оқушыларды ұлттық лексиканың ерекшеліктеріне үйрету тәсілдері келтірілген. Мақалада талдау, салыстыру, материалдар жинақтау, эксперименттік әдістер қолданылады.

Кілтті сөздер: тіл мәдениет, лексика, сөз қолдану ерекшеліктері, сөйлеу әрекеті, тілдік қатынастар, тілдік норма.

*Г. Б. Қожахметова

Международный казахско-турецкий университет
имени Ахмета Яссави,
Республика Казахстан, г. Туркестан.
Материал поступил в редакцию 09.06.23.

ИЗУЧЕНИЕ ОСОБЕННОСТЕЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЛЕКСИКИ ПРИ ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ

В статье рассматриваются эффективные методы формирования словарного запаса учащихся на уроках казахского языка. Если язык – это средство коммуникации, то речь – это процесс общения посредством языка, реализация языка, процесс использования определенных единиц языка. Основой социальной коммуникации являются не только повседневные разговоры, но и деловое общение и речь в средствах массовой информации. Каждый человек, будучи членом общества, обязан соблюдать определенные нормы, принятые в обществе. Казахский народ всегда придавал особое значение силе слова. Под оригинальностью национальной лексики мы подразумеваем использование соответствующей формы нашего национального языка в языковом общении, соблюдение языковых норм, учет принципов культуры речи. В статье представлены способы обучения учащихся особенностям национальной лексики при преподавании казахского языка в общеобразовательных школах. В статье использованы методы анализа, сравнения, экспериментальные методы.

Ключевые слова: язык, культура, лексика, особенности словоупотребления, речевой акт, языковые отношения, языковая норма.

<https://doi.org/10.48081/NCCT8146>***А. Ж. Копеев**

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

*e-mail: arslan.kopeyev@gmail.com

МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МҰХАММЕДӘМЕННОҢ АЗАМАТТЫҚ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ҮНДЕСТІК САРЫНЫ

Осы мақалада Мәшһүр Жүсіптің ортаншы ұлы Мұхаммедәменнің көркем бейнесі ашылады. Жалпы Мәшһүр Жүсіптің ақындық мектебі тұрғысынан толыққанды зерттеуді қажет ететіндігі жасі айтылуда. Осы орайда ұрпақтар арасындағы сабақтастық, тақырып үндестігі, көтерілген мәселелердің ортақтығы, кейіпкерлер өлемінің тұтастығы секілді категориялар басты назарға ілінуге тиіс. Ендігі бір жағынан тарихи аспекті тұрғысынан да сараланып, пайымдала түсуі керек. Сондықтан осы мақалада Мұхаммедәменнің азаматтық тұлғасы ашылып, автордың өзіндік көзқарасы тұрғысынан зерделенді.

Мұхаммедәмен өз заманында қоғамдық-саяси науқандарға белсене атсалысқан тарихи тұлға, алғашқылардың бірі болып білім орындарын ашқан педагог. Оның кісі қолынан қаза табуы Мәшһүр Жүсіптің «Әмен қазасына», «Әменді жоқтау» секілді туындылардың дүниеге келуіне себеп болды. Осы шығармалары арқылы Мұхаммедәменнің көркемдік-тарихи бейнесі айқын көрініс тапқан. Сол себептен мақалада оның жеке адами қасиеттері талданып, тұлғалық-азаматтық қызметтік жолындағы байланыстың бірізділігін ашуға талпыныс жасалған. Сонымен қатар Мұхаммедәменнің кей өлеңдері Мәшһүр Жүсіптің 20 томдығында жарияланған.

Еңбекте қос тұлғаның шығармалары арасындағы тақырып үндестігі де бірішама сөз етілген. Осылайша Мұхаммедәмен көтерген мәселелер арқылы тақырыптардың сабақтастығы мен өміршеңдігі қаузалған.

Кілтті сөздер: тарихи бейне, үндестік, күрескерлік, азаматтық ұн, қазақ зиялылары

Кіріспе

Мәшһүр Жүсіп шығармаларының көп томдығының жарыққа шығуы – қазақ руханиятының әлеміне үлкен рух бітіріп, көптеген белгілі тұлғалардың есімі түлеп, әдебиеттің алтын парақтары ақтарыла ашылып, асыл қазынасы табылғандай болды. Тіпті ақынның өз айналысындағы ауыздан ауызға тарап келген оқиғалар, тұлғалар жайында деректер алғаш жарияланып, көркемдік-тарихи сипатқа ие болды.

Соның бірі ретінде ақынның ортаншы баласы – Мұхаммедәмен. Ол әкесінің жолын қуып, халқы үшін оқу-білім майданында от кешкен тұлға. Ташкентте жүріп алғаш қыздарға арналған білім орнын ашып, жас балаларды оқуға тартқан ұстаз. Өзінің миссионерлік қызметінде кісі қолынан қаза тапқан «шаһид».

Мұхаммедәмен бір жас қызды күштеп әйелдікке алған байдан құтқарып, интернатқа тұрғызады. Көп ұзамай 1921 жылы осы өшіккен залымның қолынан қаза тапқаны мәлім. Бұл сұм оқиғадан кейін Мәшһүр Жүсіп «қан түсті 63-те аяғыма» деп қатты қайғырып, «Әмен қазасына», «Әменді жоқтау» секілді жоқтау өлеңдерін жазған [1]. Сол сияқты Мұхаммедәменмен үзегілес жастар да баспа құралдарына көңіл айту мақсатында мақалалар жариялап, оның азаматтық-тұлғалық болмысына қатысты ойларын білдіріп, үлкен бағаларын берген.

Бүгінде Мұхаммедәменнің көптомдық шығармаларда кездесетін өлеңдері бар. Сол сияқты Мәшһүр Жүсіптің өз баласының атынан сөйлеп жазған туындысы да назар аударарлық құбылыс. Осы шығармаларды оқи отырып, олардың арасындағы ортақ тақырыптық ұқсастықтар мен сабақтастықтарды анық көруге болады. Жалпы Мұхаммедәменнің ақындық жолына әкесінің үлкен рөл ойнағаны белгілі. Себебі С. Көпеевтің естелігіне сүйенетін болсақ, бір күні үйге келген жолаушыларға ұлдарының өнерін көрсетуі – балаларының тәрбиесіне қатты көңіл бөлгендігін байқатады [2]. Осы тұста Мәшһүр Жүсіптің өз баласына ақындық жолда бастау болды деуге толық негіз бар.

Материалдар және әдіс-тәсілдер

Зерттеуге Мәшһүр Жүсіптің шығармалары мен Мұхаммедәменнің төл еңбектері пайдаланылды. Мақаланы жазу барысында теориялық материалды жинау, талдау, салыстыру, жүйелеу, қорытындылау әдіс-тәсілдері кеңінен қолданыс тапты.

Нәтижелер және талқылау

Мұхаммедәмен жайында ойлар Ж. Аймауытұлының Мәшһүр Жүсіппен жазысқан хаттарында кездессе, кейінірек З.Ақышев [3], С. Ш. Көпеев [2], Ө.Тұрманжанов [4], Н. Қ. Жүсіпов [5] секілді зерттеушілер қалам тартқан. Сонымен қоса Мұхаммедәменнің өлеңдеріндегі көтерілген мәселелерге

қатысты баспасөз беттерінде айтылған талдаулар де баршылық [6]. Дегенмен Мәшһүр Жүсіппен, басқа да ақындармен тақырып үндестігі жағынан жете салыстыра зерттеу кешеуілдеп қалғаны байқалады. Осы іспеттес жұмыстарды атқару арқылы Мұхаммедәменнің ақындық ерекшелігі мен бейнесін анық бақауға болады.

Мәшһүр Жүсіптің «Әмен қазасына» өлеңінде алдымен күрескер, айтқанынан қайтпайтын тұлға ретінде көрінеді:

Турашыл, түзушілдік сыбағасы –

Кесімді әуел ақыр нақақ өлім [1, 245 б.],

- дей отырып, өзінің әділдігі өлімге апарғанын аса қиналыспен жазады. Әдетте «сыбаға» қадірлі, құрметті адамдарға берілетін малдың мүшесі. Демек, осы жерде ақын Әменге біткен ең асыл қасиеттердің бірі – турашылдық пен түзушілдік екені меңзеп отыр. Түбінде оның осы мінезі өзіне жау болып, қазаға апарғанына қатты налиды. Алайда ақын келесі бір жолдарында елі үшін қасық қаны төгілгені азаматтық парыз деп біліп, «өлмей ме жаман да үйде қағындыдан» деген басу айтады.

Ендігі бір сөзінде ортаншы ұлына аса үміт артқанына, ерекше жаратылысына тәнті болғанын байқаймыз:

Жасымнан бұрылмаған бетім ыққа,

Ұл еді қарсы туған атқан оққа [1, 245 б.],

- дей отырып, «оқ» сөзінің метафоралық қолданысы арқылы оның өжет, қайсар мінезін аша түседі де келесі ойлармен дамыта түседі:

Құдайдың бір зор сыйы маған берген,

Толық қып бергендігін алаш көрген.

Толық боп көзге түсіп тұрған төлім,

Жұрт қолына алынған аққан сөлім [1, 245 б.].

Осы берілген мысалдарда ақынның «толық» сөзі аса назар аудартады. Бұл жерде Абайдың «толық адам» концепциясымен ұштасатындығын анық байқауға болады. Осыдан Мәшһүр Жүсіптің өз баласының ілімі мен білімінің, ақылы мен адамгершілігінің толық қалыптасқандығын нық сеніммен айтып отырғандығын байқаймыз.

Мұхаммедәменнің бұлқынған асау да асыл қасиеттері оның ары қарай ұлт үшін қызмет ету жолына апармай қоймады. Тарихта оның Ташкентте жүріп, бірнеше қазақ зиялыларымен бірге интернат ашып, талай қиындықтарды басынан өткергенін білеміз. Осы ерліктері мен ағарту жолындағы қызметін Мәшһүр Жүсіп «Әменді жоқтау» атты өлеңінде кеңінен баяндап өтеді:

Екеуі жалықтастан тіке тұрды,

Таңырқанып, тамсанып қыр мен сырды.

Он төртінші интернат бос тұр еді,

Өзі барып, тіленіп, соған кірді [1, 247 б.], –

деп қасындағы серігімен бірге қалайша оқу-ағарту жолына келгендігін сипаттайды. Одан әрі оның іскерілігі суреттеліп, білім орнының жұмысын тасын өрге сүйрегендей домалатып алып кеткендігі айызын қандыра паш етеді. Әкелік асқақ сезімі мен ықыласын төге шашып, қаламының көк сиясымен астан-кестен долы тағдырдың нәубатына, мезгілсіз өлімнің қасіретін сурет қылып жеткізеді. «Шыға алмай кетті есіл ер биік өрге» деп армандарының асқақ болғанын қатты қынжылады.

Жалпы Мәшһүр Жүсіп пен Мұхаммедәменнің шығармаларындағы рухани үндестік пен ойдың астас болғанын анық көруге болады. Мәселен, «Мәшһүр Жүсіптің Әмен атынан сөйлегені» деген өлеңнің көркемдік-идеялық жағынан қарағанда, ақынның неліктен өз ұлының атынан өлең шығаруға барғаны бірнеше ойларға жетелейді. Соның бірі – сол кездегі саясаттағы өзгерістерді, хал-ахуалды сипаттау үшін жастардың көзімен беру үшін ұлының атынан сөйлеген болуы мүмкін. Осы өлеңдегі негізгі кейіпкер – Мұхаммедәмен. Бұл шығармада ақ патша заманында қазақтарды қара жұмысқа алған кезі суреттеледі. Бас қаһарманның еріксіз қара жұмысқа алынып, Керекуге бет алып бара жатқаны, жол жөнекей туған-туыстарымен қоштасқаны, сол кездегі байлардың әділетсіздігі, патша саясатының ауыр қысымын ашына баяндайды:

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ДИСКУРСАҒЫ ДӘЙЕКСӨЗДЕРДІҢ ЛИНГВОПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІ

Бұл мақалада қазіргі дипломатиялық дискурстағы дәйексөздердің лингвопрагматикалық аспектілері қарастырылады. Дипломатиялық дискурсты институционалдық дискурстың саласы ретінде отандық және шетелдік зерттеушілер қазіргі лингвистикада кеңінен зерттеуде. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы дамыған дипломатиялық қарым-қатынасының арқасында әлемге кеңінен танымал «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасын енгізумен қазақстандық медиасфера зерттеу нысанына айналуы мүмкін тілдік материалдарға бай. Осыған байланысты аталмыш мақалада Қазақстан Президенті Қ. Қ. Тоқаевтың жарқын дәйексөздері практикалық материал ретінде пайдаланылды. Бұл дәйексөздер қазақстандық ғылымда алғаш рет лингвистикалық талдау объектісіне айналды. Бұл зерттеудің өзектілігін айқындайды. Мақаланың мақсаты – Президент Қ. Қ. Тоқаевтың медиа дискурстағы дәйексөздерінің лингвостилистикалық және прагмалингвистикалық ерекшеліктерін анықтау. Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды: «дипломатиялық дискурс» лингвистикалық түсінігін анықтау, дәйексөздердің прагматикалық аспектілерін қарастыру және олардың лингвистикалық ерекшеліктерін анықтау. Зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығы институционалдық дискурстың саласы ретінде дипломатиялық дискурстың зерттеу аясының кеңеюіне байланысты. Зерттеудің практикалық маңыздылығы – зерттеу нәтижелерін «Дипломатиялық дискурс саласындағы аударма» сияқты мамандыққа бағытталған пәндер аясында,

сондай-ақ дипломатиялық дискурс бойынша кейстер дайындап оқу материалы ретінде пайдалануға болады.

Кілтті сөздер: дипломатиялық дискурс, Жаңа Қазақстан, қоғамдық дипломатиялық дискурс, прагматикалық әсерлер, лингвистикалық талдаулар, адресат, тартымды лингвистикалық құрал

*А. М. Куркимбаева

Казахский университет международных
отношений и мировых языков
имени Абылай хана,
Республика Казахстан, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 09.06.23.

ЛИНГВОПРАГМАТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ЦИТАТ В ДИПЛОМАТИЧЕСКОМ ДИСКУРСЕ

В данной статье рассматриваются лингвопрагматические аспекты цитат в современном дипломатическом дискурсе. Дипломатический дискурс как отрасль институционального дискурса широко изучается в современной лингвистике отечественными и зарубежными исследователями. В настоящее время Республика Казахстан широко известен в мире благодаря развитым дипломатическим отношениям. С внедрением концепции «Новый Казахстан» казахстанская медиасфера стала богата языковыми материалами, которые могут стать объектами исследований, в связи с чем, в русле настоящей статьи в качестве практического материала были использованы яркие цитаты Президента Казахстана К. К. Токаева. Эти цитаты впервые в казахстанской науке стали объектом лингвистического анализа, что обуславливает актуальность исследования. Цель статьи – выявить лингвостилистические и прагмалингвистические особенности цитат Президента К. К. Токаева в медиадискурсе. Для достижения цели были поставлены следующие задачи: определить лингвистическое понятие «дипломатический дискурс», рассмотреть прагматические аспекты цитат и выявить их лингвистические особенности. Научная значимость исследования обусловлена расширением области исследования дипломатического дискурса как ветви институционального дискурса. Практическая значимость исследования заключается в том, что результаты исследования могут быть использованы в качестве

учебного материала при изучении дисциплины «Перевод в области дипломатического дискурса», а также при составлении кейсов по дипломатическому дискурсу.

Ключевые слова: дипломатический дискурс, Новый Казахстан, публичный дипломатический дискурс, прагматические эффекты, лингвистический анализ, адресат, притяжательное языковое средство.

FTAMP 16.21.47

<https://doi.org/10.48081/SJHX5215>

***Б. Қ. Қапасова¹, С. Т. Елікпаев², Р. М. Муталиева³**

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

*e-mail: Kapasova1970@mail.ru

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КЕЙІПКЕР МІНЕЗІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада қазақ балалар әдебиетіндегі кейіпкер ерекшеліктері талданған. Әдебиеттегі кейіпкер мінезі туралы зерттеулер көбінесе ересектерге арналған шығармаларды талдайды. Ал балалар әдебиетіндегі кейіпкер бейнесі туралы зерттеулер, әсіресе, қазақ әдебиетінде әлі де кең қарастыруды қажет ететін сала болып отыр. Біз мақалада қазақ балалар әдебиетіндегі кейіпкер мінезінің сипаттарын халық ауыз әдебиетіндегі шығармалар негізінде талдауды дұрыс деп таптық. Себебі халық ауыз әдебиетіндегі кейіпкер бейнесі баланың тұтас болмысын ашады. Халық шығармаларында балаға өнерді, көркемөнерді танытудың классикалық әдіс-тәсілдерін таңдап алған. Баланың табиғи даму ерекшеліктерін негізге ала отырып, оны қоғамға дайындайды, табиғат сырларын ұқтырады. Кейіпкердің табиғат пен қоғамды тануы баланың дүниеге келген кезінен басталады. Балалар шығармаларында бала бейнесі алғашқыда ересектер қалауымен басталып, бірте-бірте балалар ортасындағы кішкене қоғамның өз ортасында шыңдап, содан кейін барып, ересектер ортасына әкеледі. Біз мақалада осы ерекшеліктерді көркем шығармалар арқылы бердік. Талдау кезінде қазақ балалар фольклорындағы жырлармен бірге кейінгі жазба әдебиеттің де үлгілері мысал ретінде алынды. Бұл ретте, балалар шығармаларының үздік үлгілері Б. Алтынсарин, Б. Соқпақбаев, М. Әлімбаев шығармалары арқылы балалар әдебиетіндегі көркем бейне жасалуының ерекшеліктері ашылды.

Қазақ балалар әдебиеті – баланы өмірге дайындайтын, қоғам мен табиғат сырын ұқтыратын үлкен тәрбие мектебі қызметін атқарып келген кешенді жүйе. Осы жүйенің бүгінгі жаһандану кезіндегі мәні мен маңызын, мақсаттары мен міндеттерін, бағыттарын айқындаудың да қажеттілігі туындайды. Сондықтан мақалада

кейіпкерді қоғамға дайындап, жаратылыс сырларының алғашқы әліппесін үйреткен әдебиеттің қазіргі ақпараттық технология мен жаһандану кезіндегі ролі арта түседі. Өзге өнер түрлеріне балалар шығармалары жол басшы болғанда ғана ұлттық таным мен түсінікті көңілге ұялатқан ұрпақ болатыны сөзсіз.

Мақалада балалар әдебиетіндегі кейіпкер бейнесін анықтай отырып, жаһандану кезіндегі көркем әдебиеттегі кейіпкер бейнесін жасаудың модельдерін ұсыну туралы ой түюге болады. Бұл модель кейіпкердің қоғамдық қызметі, кейіпкердің міндеті, кейіпкердің әрекеті т.б. шарттарын қамтуы тиіс.

Кілтті сөздер: кейіпкер, көркем бейне, бала, ерекшелік, қоғам, көркемдік, талдау.

Кіріспе

Балалар әдебиетінің көркемдік сипаттары суреттеу тәсілдері, бояуы жағынан ғана емес, кейіпкер мінезінің ерекшеліктерімен де ашылады. Балалар әдебиетіндегі кейіпкер мінезін зерттеу мен зерделеу, оның басты белгілерін анықтау қазақ әдебиетінде терең зерттеле қоймаған. Қазақ балалар әдебиетінде кейіпкердің түрлі мінез ерекшеліктерін ашатын, сан түрлі мақсаттағы, міндеттерді белгілеген шығармалар жазылғанымен де кейіпкердің өзгерістері әлі де зерттеуді қажет етеді.

Материалдар мен әдістер

Тақырыпты талдау кезінде қазақ балалар әдебиетінің үлгілері материалдар ретінде таңдалып алынды. Әсіресе балалар фольклорына көп көңіл бөлінді. Себебі бұл қазақ балалар әдебиетіндегі кейіпкер бейнесін жан-жақты, әрі нақты ашатын нысан деп саналды. Сонымен бірге қазақ балалар әдебиетінің классиктерінен, әр кезең өкілдері Ы. Алтынсарин, Б. Соқпақбаев, М. Әлімбаев шығармалары алынды.

Нәтижелер мен талқылау

Балалар әдебиетінің ересектер әдебиетінен басты ерекшеліктерінің бірнеше сипаттарын анықтауға болады:

- кейіпкерінің бейнесінің жас ерекшеліктеріне қарай өзгермелілігі;
- шығарманың тақырыптық-идеясы;
- шығарма жазылған кезең мен қоғам талаптары.

Әдебиеттің өзі де қоғамның суреттері дегенімізбен де, ересектер бейнесінде тұрақтылық басым. Жас ерекшеліктеріне қарай да аса өзгермелі белгілері бола бермейді. Ал балалар әдебиетін тұтас қамтитын кейіпкер мінезін ашатын белгілер ортақтығы бола бермейді. Қазақ балалар әдебиетінің зерттеушісі, ғалым Ш. Ахметов балалар шығармалары үшін 6

талапты қоя отырып, соның ең бастысы «көркем образдың нақтылығы», – дейді [1, 10 б.].

Әдебиет үшін кейіпкер бейнесіндегі нақтылық ересектер үшін шарт емес. Кей тұста кейіпкер бойындағы қай мінездің басым екендігін көркемдік тәсілдер де анықтап жатады. Ал балалар шығармасы үшін кейіпкердің бір негізгі қасиеті алға шығуы шарт. Сондықтан да біз Қожа десек, сотқар, Кендебай десек батыр, Тазша бала десек – қу, тапқыр деп басты бір қасиетін еске аламыз.

1 Балалар әдебиетінде кейіпкер бейнесі баланың өз қалауымен емес, ересектер тілегімен алдын-ала дайындалады

Балалық шақ, адамзат ұрпағы үшін оның бүкіл өміріндегі азаматтық тұлғасын қалыптастыратын алғашқы баспалдақ болса, балдырғанның таным тәрбиесін дамытатын, оған әлеуметтік өмірді, рухани әлемді танытатын өнер туындыларының ішіндегі біріншісі бұған дейін әдебиет болып келді. Сондықтан да қазақ фольклорындағы бала бейнесінің жасалу үлгілері кейінгі әдебиетте жалғасып жатты. Балалар әдебиетінің жалпы әдебиеттен өзгешеленетін тұсының бірі – бүлдіршіндердің бүгінгі қабылдауы, білімі, пайымдауы, тағылымы, сезім, эмоциясы ертеңге жол ашатындығы фольклорлық үлгілерде дәл сақталып келді. Бала бейнесі қазақ фольклорындағы жас ерекшеліктеріне қарай сатылап өсіп отырды. Мысалы, дүниеге келген сәбиге баяу әуен, ырғаққа негізделген бесік жыры айтылса, кейіннен дыбыстар бірыңғай, үндесе келетін, ойнақы, қысқа буынды сөздерден тұратын жырлар айтылады [2, 13–14 б.].

Мысалы:

Қарағым менің қандай-ды?

Мойнына садақ байлайды:

Шапқан жаудың жылқысын

Дүркіретіп айдайды [3, 14 б.].

«Бесік жыры» балаға айтылғанымен бала бейнесінен гөрі оның анасының (мүмкін әже, ата, әкесінің) тілегі мен көңілі бар. Ендеше бұл – баланың болашақтағы бейнесіне деген тілек.

Бесік жыры – кішкене бөбекке айтылатын жыр. Бұл жырдың маңызы да сонда, әуен мен саз, ананың сезімімен өріліп түседі. М. Жұмабаев: «Баланың есту сезіміне аса әсер беретін – бесік жыры. Баланы қолына алған, баланың бесігі жанына келген ана аузына тас салғандай үндемей отырмасын. Жырлай берсін», – дейді [4, 66 б.].

Кейіпкер бейнесінің қандай болуын қалау мен тілектен бастап, біртіндеп кейіпкердің өсуіне қарай оның ел мен халық мақсат-мұраттарына қарай бейнесі жасалып отырады.

2 Кейіпкер бейнесі – баланың өзі

Бала өскен сайын фольклорда шығарманы тек тыңдаушы болмайды, кейіпкермен бірге болады. Сол кейіпкердің орнына баланың өзін қояды. Бұған ойын өлеңдерін алуға болады. Баланы ойната отырып, көркемөнер мен тіршілік арасы бірігеді. Бала өлеңді тыңдаушы емес, сол өлеңнің кейіпкеріне айналады.

Балалардың ойын өлеңдерінде бала өлеңдегі кейіпкерді сырттай бақылаушы немесе оны шығарма арқылы танушы емес, бала сол тапқары айтып, өзі кейіпкерге айналады да, өнер мен бала арасы тұтасып кетеді.

Ақтұш!

Ақ сиырдың сүтін іш!

Ақ сүт берер саған күш.

Шым-шым ыстық суға түс!

Тымау тисе, қуа түс! [3, 14 б.].

Немесе:

... жақсы деймін,

Нанын алдап жеймін!

Алдағанға көнбесе

«жаман бала» деймін! [3, 14 б.].

Екінші тапқа балалар көп нүктенің орнына өздерінің достарының, бірге ойнайтын, қылығы жақпаған баланың атын қояды. Сөйтіп, балалардың «кішкене қоғамында» өздері тәрбиелейді. Бұл тәрбиенің құралы – тіл, көркемөнер. Сондықтан да қазақ баласы кішкене кезінен өлең сөзге, тапқыр сөзге, шешен сөзге құмартып өседі. Себебі балалар ортасындағы мәртебе мен бедел көркемсөзді дәл тауып, бояулы да суретті айта білуімен де өлшенеді.

3 Кейіпкер бейнесі әрекетке көшеді

Қазақ балалар әдебиетіндегі бала бейнесінің сатылап өсіп, дамып, әр баланың мінезіндегі бар қылықты, әрекетті, мінез ерекшеліктерін түгел қамтуының өзі де – кейіпкер бейнесінің әрекетке көшуінде. «Осы тұста бір ескертетін жағдай – балалар фольклорының кейбір үлгілерінде мазмұнға жеткілікті мән беріле бермейді. Ұйқасы оңай, ойнақы болса, әсіресе, түрлі іс-әрекеттерге айтылуы сәйкес келсе, ондай өлеңдер көбірек қолдау табады. Осындай өзгешелікті біз әсіресе ойын өлеңдерінен анық көреміз» [5, 12 б.].

Балалар әдебиетінде кейіпкер мінезінің ересектер ортасынан ерекшелігі – кейіпкер мінезі томаға тұйық қала алмауында. Кез келген оқиға әрекетке көшеді. Бала өмірі әрекетсіз болмайды. Балалар шығармаларындағы басты шарттардың бірі динамика, кез келген шығарма үшін қажет. Динамика – баланың өзінің табиғаты. Балалар қоғамы күнделікті өсіп, дамып келе жатқан кейіпкерлер ортасы. Бұл ортада тоқтау мен кідіру жоқ. Сондықтан

да бала табиғатының өзі де қозғалысты қажет етеді. Бір әрекеттен екінші, одан үшінші, бұл келесіге ауысады.

Қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы, балаларға арнап түрлі тақырыптарда шығарма жазған Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерінің мақсат-міндеттері – көркемсөз арқылы баланың болашағына қажет, адамшылық қасиеттерді бойға дарыту. Ы. Алтынсарин балаларға арналған әңгімелерінде ұстаз ретінде, ең бастысы тәрбиеге көңіл аударады. Тәрбиені көркем суретпен береді де, оның дидактикалық күші байқала бермейді. Жазушы балаларға арналған шағын әңгімелерін әрекетке құрады. Шағын бір эпизодты әңгімелерінің өзінде кем дегенде 2–3 әрекет болады. Ал ең көлемділерін қат-қабат әрекеттермен беріп, тұтас балалар ортасын да ашып көрсету үшін алады. Сондай көлемді шығармасы – «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесі [6, 47–51 б.].

«Бай баласы мен жарлы баласы» деп аталатын әңгімеде Асан мен Үсенге қатысты әрекеттер:

- ойнап жүріп, көшкен елден қалып қоюлары;
- Асанның жылауы, Үсеннің жұрттан керекті заттарды жинап алуы;
- көштің сұрлеуін тауып, сол сұрлеуге түсулері;
- Үсеннің үйрекке тұзақ құруы;
- үйректі ұстап, пісіріп жеулері;
- Үсеннің қармақ жасауы, балық аулауы;
- Асанға шегіртке тергізуі;
- өткелден өтіп, кеш бата, тезек терулері;
- Үсеннің сақтанып от жағып отыруы;
- таң ата Асанды оятуы;
- сәскеде адасқан сұрлеуді қайта тауып, жолға түсулері;
- мола, өзенді көрулері;
- ауылдарын тауып келуі.

Жазушы Асан мен Үсеннің бастан кешкендерін баяндау үшін оқиғаны әрекетпен береді. Әрекеттер жиі өзгереді, ал әрекет пен қимыл өзгерген сайын кейіпкер мінезі де ашыла түседі.

Мысалы, М. Әлімбаевтың «Секпіл беттің сыры» деген өлеңі бар. Өлең 12–13 жастағы балаларға арналған. Бұл жастағы балалардың мінезі құбылып, балалықтан өту де бар, келесі жасөспірімдік кезеңге жетуде кейіпкер үшін де бастысы – қимыл. Өлеңнің сюжеті де әдемі лиризмге толы. Қарлығаштың балауса сезімі балалықтан айырылғысы келмейді. Бірақ тіршілік пен қозғалыс та оны алға жетелейді. Ақын балалар бейнесіндегі алғашқы бұр жарған балауса көңілдің мөлдір сезімін өзгеше өрген. Секпілді деталь ете отырып, ақын тұтас әрекетті береді.

Қарлығаштың тал бойында жоқ міні,
Әттең ғана, бетінің бар секпілі
Жұрттың бәрі қарайтындай қайрылып,
Қарлығаш жүр дегбірінен айрылып.
... «Бір сүйгізсең жақсы көрер кісіне,
Өзің түгіл кірмес секпіл түсіне».
Депті әжесі Бейбітгүлдің рас па?
Осы әңгіме тарап кетті класқа-
Кластағы ұлдар келіп шетінен,
Өбіп шықты Қарлығаштың бетінен,-
Жаз өткен соң өшті бірге секпіл де,
Сол секпілдің ізі де енді жоқ мүлде.
- Кімді жақсы көреді екен бұл қыз?-деп,
Кластастар таба алмай жүр күнде іздеп
Төмен қарап, ләм демейді Қарлығаш,
Жақсы көрер біреуінің бары рас.
Жұрттың бәрі қарайтындай қайрылып,
Қарлығаш жүр соған бола қайғырып. [7, 36 б.].

Балалар қоғамының өз заңдары бар. Ол заңдардың бастысы – кейіпкердің үнемі өзгерісте болуы. Себебі бала кейіпкер өсуі және ортаны тануы керек. Оның танымы мен түсінігі үшін қозғалыс керек. Бұл қозғалыс кейіпкердің мінезін танытатын негізгі белгі болып та саналады. Сол себепті де өлеңнің табиғилығы бала оны жаттап немесе оны оқып қоюында емес. Сонымен бірге өзінен секпіл іздейді, сыныптастарынан секпіл іздейді, қиялы мен ойы оны көркем әлемге әкетеді. Балалар шығармаларының өміршеңдігі де осында. Шығарманың баланың өмірімен бірге тыныстауында. Балалар шығармалары баланың өз өмірімен бірге болғанда ғана, кейіпкер жандана түседі. Сондықтан да бүгінде балалар кейіпкерлерін жасау кезінде тек көркем әдеби кейіпкерді жасап қоймайды. Оның бала өмірінде тіршілік етуі үшін қосымша жұмыс түрлері қатар жүреді.

Қазақ әдебиетіндегі Қожа бейнесі кейіпкердің әрекеттерімен есте қалды. Қожа – 6-сынып оқушысы. Жазушы Қожаның бейнесін жасауда оны үнемі әрекет үстінде береді. Алғашқы бөлімнен бастап, оқырмандарымен таныса салып, оқулық жайы, Қаратай жайы, лагерь туралы, жайлау т.б. болып кете береді. Жазушы өз кейіпкерінің іс-әрекеттері арқыл кейіпкерін ашады. Мысалы 4-тарау «Жантасқа пионер лагеріне баруға жолдама беріліп, маған берілмеуі, менің шат-шәлкей ашулануым айтылады» деп алдын-ала қысқаша аңдатпамен сол тараудағы оқиғаларды беріп отырады. Осы аңдатпаларды оқысақ, тек әрекеттерден тұрады. Әрі әрекеттер өзгеріп отырады. Дойбы ойнау, ат ұрлап мінбекші болуы, Сұлтанмен кездесу, шылым тарту, Дәулетпен

танысу осылай кейіпкер бейнесін ашудың нүктесі Майқанованың сөмкесіне бақа салуына дейін жалғасады [8, 81–83 б.].

Қожа бойындағы ұмтылыс, дүниені, ортаны тануға деген құлшыныс, қоғамдағы адамдардың ортасында өзін көрсетуге деген бет алыс – әр баланың бойында бар әрекет. Сонымен бірге бұл шығармадағы екінші бір жасырын әрекет әр баланың бойындағы қарсылық та кейіпкер мен баланы жақындастырады. Қожа бойындағы алып ұшқан ұмтылыс пен құштарлықтың келесі бір жағы – қоғамға деген қарсылық. Қоғамдағы әділетсіздіктерді (мысалы Жантастың Майқанова апайлары айтқанындай жақсы бала еместігін Қожа да, оқырман бала да таниды), адамдар арасында балалардың кейбір шақтары елеусіз қалуы (мысалы Қожаның анасының колхоз жұмысынан қол босамауы, босаған күнде Қожамен емес, Қаратайдың қасында отыруы), әкесіз өсуі т.б. қарсылықтар әр балада бар, көңіл түпкіріндегі сезімдері. Осыны Қожа әрекеттері арқылы қозғауының өзі де – жазушының кейіпкер бейнесін берудегі шеберлігі де.

Әрекет – кейіпкердің көрінетін мінездерін ғана ашып қоймай, жазушы жасырған, кей тұстары көркемдік тәсіл ретінде таңдаған үлгісі ретінде де қажетті болып шығады.

Қазіргі жаһандану кезінде балалар әдебиетіндегі кейіпкер бейнесі қалай жасалуы керек деген сұрақты жиі қоямыз. Осы тұста балалар әдебиеті мәселелерін мемлекеттік деңгейге көтерген кезеңдер тәжірибесі үлгі болуы керек. Қазақ балалар әдебиетінде қаламгерлер жаппай балалар әдебиетіне ат салысқан кезең осыны еске түсіреді [9, 163 б.].

Халықтық шығармаларды үлгі етіп, балалар бейнесінің үздік үлгілерін жасаған – XX ғасырдың 60-90 жылдары [10, 274 б.]. Ал бүгінгі XXI ғасырдағы бала бейнесі үшін бұл кейіпкерлер үлгі болғанымен де, сол қалпында көшірілмейтіні анық. Сондықтан да қазіргі балалар әдебиетінде кейіпкер бейнесінің жаңа модельдері де жасалуы тиіс екені анық. Бұл бала бейнесіндегі ересектер ықпалы – баланың өзінің қалауы – балалар ортасындағы әрекет үрдістері негізінде жүргізілуі керек деп есептейміз.

Қорытынды

Балалар әдебиетіндегі кейіпкердің өз ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктер олардың бастапқыда ересектер қалауымен жасалып, кейіннен қоғамдағы әрекеттерімен анықталады. Кейіпкер мінезін суреттеуде балаларға арналған шығармалар әрекетті басты негіз етіп алады. Себебі балалар қоғамы басқа. Ол ересектер қоғамындай тұрақтылыққа бағынбайды. Балалар әлемі өзгеруді, үнемі дамуда қажет етеді. Сондықтан да кейіпкер бейнесі де тек әрекет үстінде әлдеқайда кең ашылады.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Ахметов, Ш.** Қазақ балалар әдебиеті тарихының очерктері: оқу құралы [Текст]. – Алматы : Мектеп, 1965. – 256 б.
- 2 **Қапасова, Б. Қ.** Қазақ балалар лирикасы (60–90 ж.) : оқу құралы [Текст]. – Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2004. – 126 б.
- 3 Алтын абдыра: Қазақ балалар ауыз әдебиеті. Бесік жыры, тұсаукесер, түрлі тақпақтар, төрт түлік жыры, жұмбақтар, жаңылтпаштар, аңыз, ертегілер [Текст]. Жүйелеп құрастырған : О. Асқар. – Алматы: Балауса, 2007. – 496 б.
- 4 **Жұмабаев, М.** Педагогика [Текст]. – Нұр-сұлтан: Сенімен болашақ РҚБ, 2022. – 160 б.
- 5 **Ыбыраев, Ш.** Мәңгі балауса жыр [Текст]. // Кітапта : Ақ сандық, көк сандық: балалар фольклоры (Бесік жырлары, тақпақтар, жаңылтпаштар мен жұмбақтар, ойын өлеңдері мен ойындар, ертегілер. / Құраст., алғы сөзін жазған Ш. Ыбыраев. – Алматы : Жазушы, 1988. – 256 б., суретті.
- 6 **Алтынсарин, Ы.** Таза бұлақ : Өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар [Текст]. – Алматы: Раритет, 2008. – 208 б.
- 7 **Әлімбаев, М.** Екі тақтай – бір көпір [Текст]. – Алматы : Балауса, 1992. – 195 б.
- 8 **Соқпақбаев, Б.** Менің атым Қожа [Текст]. – Алматы : Атамұра, 2003. – 304 б.
- 9 **Сұлтанова, Б. М., Бейсеева, Н. Ә., Тойғанбаева, М. Ш.** XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті : оқу құралы [Текст]. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 282 б.
- 10 **Әлтай, А. Д.** Қазақ балалар поэзиясы: генеологиясы, типологиясы, поэтикалық дамуы : Монография [Текст]. – Астана: Фолиант, 2009. – 384 б.

References

- 1 **Ahmetov, S.** Qazaq balalar әдебиеті тарихының очерктері : oqu qūraly [Essays on the history of Kazakh children's literature][Text]. – Almaty : Mektep, 1965. – 256 p.
- 2 **Qapasova, B. Q.** Qazaq balalar lirikasy (60-90 j.j.): oqu qūraly [Kazakh children's lyrics – 60-90 years)][Text]. – Pavlodar : «ЭКО» ҒӨФ, 2004. – 126 p.
- 3 Altyn abdyra: Qazaq balalar auyz әдебиеті. Besik jyry, tūsaukeser, түрлі тақпақтар, төрт түлік jyry, jūmbaqtar, jañyltpaştar, aңыз, ertegiler [Kazakh children's oral literature. Lullabies, presentations, various poems, four food songs, riddles, misconceptions, legends, fairy tales] [Text]. Jüielep qūrastyrған : O. Asqar. – Almaty: Balausa, 2007. – 496 p.

- 4 **Jūmabaev, M.** Pedagogika [Pedagogy] [Text]. – Nūr-sūltan: Senimen bolaşaq RQB, 2022. – 160 p.
- 5 **Ybyraev, S.** Mäñgi balausa jyr [Eternal balausa zhyr // in the book : White chest, blue chest: children's folklore (lullabies, poems, riddles and riddles, game poems and games, fairy tales.) [Text]. // Kıtapta: Aq sandyq, kök sandyq : balalar fōlklorı (Besik jyrlary, taqpaqtar, jañyltpaştar men jūmbaqtar, oıyn öleñderi men oıyndar, ertegiler. / Qūrast., alğy sözın jazğan S. Ybyraev. – Almaty : Jazuşy, 1988. – 256 p., suretti.
- 6 **Altynsarin, Y.** Taza būlaq : Öleñder, äñgimeler, ocherkter, hattar [Clean Bulak : poems, stories, essays, letters] [Text]. – Almaty: Raritet, 2008. – 208 b.
- 7 **Älmbaev, M.** Eki taqtai – bir köpir [Two boards – one bridge] [Text]. – Almaty : Balausa, 1992. – 195 p.
- 8 **Soqpaqbaev, B.** Meniñ atym Qoja [My Name Is Khoja] [Text]. – Almaty : Atamūra, 2003. – 304 p.
- 9 **Sūltanova, B. M., Beiseeva, N. Ä., Toiğanbaeva, M. S.** XX ğasyr basyndağy qazaq әдебиеті: oqu qūraly [Kazakh literature at the beginning of the XX century] [Textboole] [Text]. – Almaty : Qazaq universiteti, 2017. – 282 p.
- 10 **Ältai, A. D.** Qazaq balalar poeziasy : geneologiasy, tipologiasy, poetikalıyq damuy: Monografıa [Kazakh children's poetry: genetics, typology, poetic development] [Text]. Monografıa – Astana : Foliant, 2009. – 384 p.

Материал 09.06.23 баспаға түсті.

*Б. К. Капасова¹, С. Т. Еликпаев², Р. М. Муталиева³

^{1,2,3}Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар

Материал поступил в редакцию 09.06.23.

ОСОБЕННОСТИ ХАРАКТЕРА ГЕРОЯ
В КАЗАХСКОЙ ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

В статье проанализированы особенности характера в казахской детской литературе. Исследования характера персонажа в литературе часто анализируют произведения для взрослых. А исследования образа героя в детской литературе, особенно в казахской литературе, по-прежнему являются областью, требующей широкого рассмотрения. В статье мы сочли правильным проанализировать характеристики характера в казахской детской литературе на основе произведений в народной устной литературе. Образ героя

в народной устной литературе раскрывает целостную личность ребенка.

В детских народных произведениях выбираются классические методы и приемы проявления искусства, художественной самодетельности. Опираясь на особенности естественного развития, ребенка подготавливают к социуму, он познает тайны природы. Познание природы и общества начинается с рождения ребенка.

В детских произведениях образ героя формируется под желанием взрослых, затем постепенно углубляется в среде детского общества, а затем ведет к взрослой среде. Мы предоставили эти особенности в статье через художественную литературу. В ходе анализа были взяты примеры более поздней письменной литературы, наряду с песнями из казахского детского фольклора. При этом лучшими образцами детских произведений были раскрыты особенности создания художественного образа в детской литературе через произведения И. Алтынсарина, Б. Сокпакабаева, М. Алимбаева. Казахская детская литература – это комплексная система, которая служит большой воспитательной школой, которая готовит ребенка к жизни, знакомит с тайнами общества и природы. Возникает также необходимость определения сущности и значения, целей и задач, направлений этой системы в условиях сегодняшней глобализации.

В статье, определяя образ героя в детской литературе, можно сформулировать мысль о представлении моделей создания образа героя в художественной литературе в условиях глобализации. Данная модель должна включать условия общественной деятельности героя, обязанности героя, действия героя и т.д.

Ключевые слова: персонаж, художественный образ, ребенок, особенность, общество, искусство, анализ.

*B. K. Kapassova¹, S. T. Elikpayev², R. M. Mutaliyeva³

^{1,2,3}Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 09.06.23.

FEATURES OF THE CHARACTER OF THE HERO IN KAZAKH CHILDREN'S LITERATURE

The article analyzes the peculiarities of character in the Kazakh children's literature. Character studies in literature often analyze works

for adults. And the study of the image of the hero in children's literature, especially in Kazakh literature, is still an area that requires broad consideration. In the article, we considered it right to analyze character characteristics in Kazakh children's literature based on works in folk oral literature. The image of the hero in folk oral literature reveals the integral personality of the child. In folk works, the child chose classical methods and techniques for the manifestation of art, amateur performance. Based on the peculiarities of the natural development of the child, prepares him for society, learns the secrets of nature. The recognition of nature and society as a hero begins with the birth of a child.

In children's works, the image of a child first begins with the desire of adults, gradually deepening into its own environment of a small society in a children's environment, and then goes and leads to an adult environment. We have provided these features in the article through fiction. During the analysis, examples of later written literature were taken, along with songs from Kazakh children's folklore. At the same time, the best examples of children's works revealed the peculiarities of creating an artistic image in children's literature through the works of I. Altynsarin, B. Sokpakbayev, M. Alimbayev. Kazakh children's literature is a complex system that serves as a large educational school that prepares the child for life, introduces the secrets of society and nature. There is also a need to define the essence and meaning, goals and objectives, directions of this system in today's globalization.

In the article, defining the image of the hero in children's literature, it is possible to formulate the idea of presenting models for creating the image of the hero in fiction in the context of globalization. This model should include the conditions of the hero's social activity, the duties of the hero, the actions of the hero, etc.

Keywords: character, artistic image, child, peculiarity, society, art, analysis.

<https://doi.org/10.48081/AWUV8653>

***А. А. Мадеева¹, А. Ш. Жумашева², А. Ж. Кайдарова³**

^{1,2,3}Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар

*e-mail: assiya_madeyeva@mail.ru

ЛИНГВОКУЛЬТУРНАЯ ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ И ВОЗМОЖНОСТИ ЕЕ ПРЕОДОЛЕНИЯ (НА ПРИМЕРЕ ИЗУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА НОСИТЕЛЯМИ РУССКОГО ЯЗЫКА)

Статья посвящена актуальной проблематике преодоления лингвокультурной интерференции при изучении иностранного языка. Целью исследования является изучение возможностей преодоления лингвокультурной интерференции носителями русского языка при изучении английского языка. Методами исследования стали анализ научной литературы, лингвокультурологический анализ, сравнительно-сопоставительный анализ, комплексный анализ, индукция, дедукция, обобщение и прогнозирование сведения к минимуму лингвокультурной интерференции разных видов при использовании определенных принципов и этапов работы с английскими лексическими единицами. Автор статьи приходит к выводу о том, что преодоление лингвокультурной интерференции возможно посредством обращения к толковому и словообразовательному словарям, лингвокультурологическим мини-текстам, содержащим данную лексическую единицу с разными обстоятельствами употребления и вариативностью контекстных значений, если она имеется, а также объяснения употребления в английском языке содержащих эту лексему метафор и выполнения упражнений на сопоставление применения лексических единиц в английском и русском языках. Перспективным направлением исследования автор считает разработку специального комплекса упражнений для преодоления лингвокультурной интерференции носителями русского и казахского языков при изучении английского языка.

Ключевые слова: лингвокультурная интерференция, этапы преодоления, языковая картина мира.

Введение

Проблематика лингвокультурной интерференции изучается многими учеными в Казахстане [1; 2] и других странах мира [3; 4]. Человек воспринимает действительность через призму своих языковой и культурной картин мира. Картина мира представляет собой комплекс основанных на мировосприятии, мироощущении, мировоззрении и миропонимании систематизированных целостных представлений, мнений и знаний человеческих общностей и отдельного человека (мыслящего субъекта) о мире и мироздании, а также о творческих и познавательных способностях, смысле жизни и месте человека в мире [5, с. 231; 6, с. 118]. В каждой картине мира преобладают идеи (обыденного, религиозного, научного, философского и эстетического сознания), соответствующие смыслу жизни и ценностным представлениям отдельного человека. В контексте проводимого нами исследования особый интерес представляют языковая и культурная картины мира. В связи с этим остановимся подробнее на этих понятиях и особенностях их исследования в разных научных трудах. По своему содержанию культурная картина мира является комплексом рациональных знаний и представлений о нормах, ценностях, нравах, менталитете собственной культуры и культурах других народов. В нее входят неосознанные значения, личностные смыслы, оценки и переживания.

Языковая картина мира является одной из наиболее интересных и содержательных тем в лингвистике. Однако вплоть до настоящего времени в науке еще не сформировалось достаточно четкого представления о смысле, которым наполнено данное понятие. При этом проблема взаимосвязи культуры, языка и сознания рассматривается с разных сторон [8, с. 116].

Безусловно, языки культуры весьма многообразны, поскольку по своей природе, по выражению М. С. Кагана, «культура полиглотна». Все языки культуры имеют свои отличительные особенности и непередаваемы адекватно на другие языки мира. Термин «языковая картина мира» опирается на идеи Вильгельма фон Гумбольдта и неогумбольдтианцев, посвященные внутренней форме языка, а также на идеи американской этнолингвистики, особенно на гипотезу Сепира-Уорфа о лингвистической относительности. Именно лингвист Гумбольдт впервые обратил внимание на национальное содержание языка и мышления, указывая на то, что различные языки становятся для наций органами их оригинального восприятия и мышления. Данное, по сути, уникальное представление может объективизироваться, исключительно прокладывая «себе путь через уста во внешний мир». В связи с этим слова включают в себя комплекс субъективных представлений, которые различаются только в конкретных рамках, поскольку их носители являются

членами одного языкового коллектива, имеют конкретное национальное сознание и характер [9, с. 26].

Термин «языковая картина мира» вошел в науку благодаря трудам Лео Вайсгербера. Данное понятие придало своеобразие его лингвофилософской теории, совместно с такими категориями, как «промежуточный мир» и «энергия языка». Языковая картина мира представляет собой систему всех потенциальных содержаний: духовных, которые обеспечивают своеобразие менталитета и культуры конкретной языковой общности, и языковых, которые поддерживают существование и функционирование самого языка. Специфика языка, существующая в сознании конкретной общности (народа, носителей языка), создает определенную языковую картину мира, через которую человек воспринимает окружающий мир [10, с. 34].

Представитель определенного лингвокультурного сообщества воспринимает и оценивает все объекты и феномены окружающего мира не только в пространственных и временных категориях, но и в их значениях, заключающих в себе многочисленные внутрисистемные связи. Межкультурное взаимодействие ведет к взаимному влиянию языковых картин представителей разных лингвокультурных сообществ, поэтому их интерференция становится лингвокультурной. Значение лексической единицы и контекст имеют двустороннюю связь, когда, с одной стороны, значение ее зависит от контекста (привычного сценария развития ситуации), а, с другой стороны, лексическая единица сама продуцирует предсказуемый, желательный сценарий (контекст).

В. В. Красный, в своем исследовании, приходит к выводу что комплекс знаний и представлений об экстралингвистических явлениях (обычаях, традициях, быте, нормах и правилах поведения в конкретном лингвокультурном сообществе, национальной картине мира, основанной на особом восприятии окружающего мира, менталитете, художественной культуре народа) формируется когнитивными структурами и, как и лингвистические знания представляет собой значимую часть коммуникативной компетенции конкретного человека [11, с. 64]. Безусловно, когда данный комплекс вербализуется, возникает риск лингвокультурной интерференции, обусловленный разной коммуникативно-культурной значимостью конкретного явления для представителей разных лингвокультурных сообществ в условиях коммуникации. В теории межъязыковой коммуникации лингвокультурная интерференция представляет собой перенос на элементы изучаемого языка части лингвистических и паралингвистических свойств родного языка, которые прямо зависят от фактов родной лингвокультуры [12, с. 45].

Материалы и методы

При написании научной статьи были применены следующие методы исследования: анализ научной литературы, лингвокультурологический анализ, сравнительно-сопоставительный анализ, комплексный анализ, индукция, дедукция, обобщение и прогнозирование сведения к минимуму лингвокультурной интерференции разных видов при использовании определенных принципов и этапов работы с английскими лексическими единицами. Материалами исследования стали толковые и словообразовательные англо-русские словари.

Результаты и обсуждение

В лингвистической литературе выделяют разные виды лингвокультурной интерференции: фонетическая, семантическая, лексическая; грамматическая, стилистическая, социокультурная и другие. В рамках данной статьи мы не ставим задачу рассмотреть все эти виды, поэтому проанализируем те из них, которые встречаются наиболее часто и представим способы их преодоления. Широко известна, в частности, фонетическая интерференция, когда в словах на английском языке, например, «industry» («промышленность»), «botany» («ботаника»), «influence» («влияние»), «development» («развитие») и др. смещается ударение под воздействием родного языка.

Н. П. Федорова указывает на то, что в английском языке есть краткая и долгая гласная, которая имеет смысловую функцию и приводит к коммуникативному провалу: например, неправильная замена долгой гласной на краткую ([i:] vs. [i] – «seek» («искать») – «sick» («больной»), ([a:] vs. [α] «dark» («темный») – «duck» («утка») или игнорирование семантически значимого различия между зубо-губным и губным ([v] vs. [w]), шипящим и межзубным ([s] vs. [θ/ð]) [13, с. 9].

В теории перевода существует понятие «ложные друзья переводчика», которое означает подбор пары лексических единиц в двух языках, которые имеют схожее написание, происхождение и/или произношение, но разное смысловое значение. Приведем примеры «ложных друзей переводчика» с неправильным и правильным переводом: «actual» (неправильно «актуальный», правильно «фактический»), «accurate» (неправильно «аккуратный», правильно «точный»), «complexion» (неправильно «комплексия», правильно «цвет лица»), «focus» (неправильно «фокус», правильно «внимание»), «criminal» (неправильно «криминал», правильно «преступник») и т.д.

Безусловно, существует много интернациональных слов, например, «globalization» («глобализация»), «communication» («коммуникация»), «information» («информация»), «management» («менеджмент»), «test» («тест»), которые переводятся методом калькирования (дословного перевода),

однако при изучении английского языка следует в целях преодоления семантической интерференции внимательно проанализировать проблематику «ложных друзей переводчика», выявить такие слова и запомнить их правильный перевод, обратившись к словарю.

Другим видом лингвокультурной интерференции является грамматическая интерференция. В частности, предлоги русского языка оказывают деструктивное воздействие на применение предлогов английского языка; значение русского предлога «в» в английском языке представлено различными тематическими предлогами времени, пространства и движения (at, on, in; to, in; into и др.). Серьезной проблемой для изучающих английский язык становится также правильное употребление артиклей определенного (the) и неопределенного (a, an) артиклей, поскольку в русском языке данная грамматическая категория полностью отсутствует. Носители русского языка часто пропускают английские артикли в речи или неправильно ими пользуются.

Широко распространен у носителей русского языка такой вид лингвокультурной интерференции, как несоблюдение прямого порядка слов в английских предложениях. Они забывают, что в утвердительном английском предложении перед сказуемым обязательно должно находиться подлежащее. Это обусловлено тем обстоятельством, что русский язык имеет свободный порядок слов в предложении, например, «я играл с друзьями», «с друзьями играл я», «я с друзьями играл», английский же язык имеет строго фиксированный порядок слов в предложении: «I walked with my friends yesterday» – подлежащее всегда находится перед сказуемым, а в безличных предложениях нельзя использовать только существительное, глагол или прилагательное, как в русском языке «Солнечно», «Тепло», «Зима». Обязательно наличие безличного подлежащего и сказуемого – «It's sunny», «It's warm», «It's winter» и т.д. Фиксированный порядок слов в английском языке породил теорию лингвистической относительности Сепира-Уорфа.

Даже в самых простых фразах, таких как «I am a student» («я студент») и «I am 18 years old» («мне 18 лет») допускаются ошибки, поскольку в русском языке почти всегда отсутствует глагол-связка «быть», например, «я студент», «мне 18 лет», «я из Москвы». Английские предложения всегда имеют глагол-связку «to be».

Много трудностей с лингвокультурной интерференцией возникает при изучении времен английского глагола. В связи с тем, что в русском языке только три времени (настоящее, прошедшее и будущее), носителю этого языка сложно понять, почему Present Perfect Tense относится к линии настоящего, а не прошедшего времени, тогда как в русском языке предложения «Я уже купил», «я еще не купил» – указывают на прошедшее время. Непросто

понять и тот факт, что Past Perfect Tense характеризует, так называемое, «предпрошедшее» время. Полагаем, что эффективнее всего воспринимать ситуацию через категорию «результат» (если что-то имеет значение сейчас, речь идет о настоящем времени совершенного действия, если это было важно в прошлом – значит, о прошедшем времени).

Реализация методики преодоления лингвокультурной интерференции требует разработки принципов, адекватных успешной реализации этого процесса в теории и практике изучения английского языка. К наиболее важным принципам относятся следующие:

- принцип опоры на родной язык;
- принцип коммуникативной направленности обучения;
- принцип добросовестности;
- принцип ясности;
- принцип последовательности в изложении грамматического материала;
- принцип усложнения овладения видами речевой деятельности;
- принцип поэтапного формирования грамматических навыков и развития речевых навыков;
- принцип адекватности употребления грамматических средств;
- принцип учета грамматических трудностей в процессе взаимодействия языков.

Социокультурная интерференция порождается самой культурой, которую отображает данный язык. Это обусловлено различиями в менталитетах, системах ценностей, этических нормах и т.д. Интерференция появляется тогда, когда хотя бы один из участников общения воспринимает сходные реалии, явления, нормы поведения в другой культуре через призму усвоенных моделей миропонимания, например, изучающие английский язык нередко отвечают «please» («пожалуйста») в ответ на фразу «thank you» («спасибо») или начинают рассказывать о жизненных проблемах в ответ на вопрос «How are you?» («Как дела?»), несмотря на то, что в английской лингвокультуре принято отвечать стандартно «I'm fine, thank you» («Все отлично, спасибо»), или говорят «good» («хорошо») в ответ на вопрос «How do you do?» («Как дела?»), хотя в действительности носители английского языка так выражают обычное приветствие незнакомому человеку, что предполагает тот же встречный вопрос «How do you do?» («Как дела?») или ответ «Nice to meet you» («Рад нашей встрече»).

Снижение уровня лингвокультурной интерференции при изучении английского языка представляется нам, безусловно, трудной задачей, однако представляется, что использование аутентичных учебных материалов, аудиокурсов, газет, журналов, Интернет-материалов, а также правильная организация работы над особенностями английского языка приводят к

повышению уровня владения английским языком и, соответственно, в большинстве случаев сводит к минимуму лингвокультурную интерференцию всех видов.

Большинство казахских и зарубежных ученых сходятся во мнении, что преодолением лингвокультурной интерференции следует заниматься уже на начальных этапах изучения английского языка. На основе проведенного в настоящей статье анализа мы полагаем, что комплексный анализ употребления в английском языке тех или иных лексических единиц полезно начинать с обращения к толковому словарю. Язык диктует носителю «свое» мировоззрение, которое вследствие этого обстоятельства частично определяется языковой картиной мира. В связи с тем фактом, что представители разных лингвокультурных сообществ видят мир сквозь призму родного языка, то в именуемом объекте (или феномене) важным они считают именно «свой» признак. Следующим этапом комплексного анализа слова может стать уже обращение к толковому словообразовательному словарю. Далее работу с национально маркированной лексической единицей для определения ее кумулятивной функции следует продолжить в рамках лингвокультурологических мини-текстов, содержащих данную лексическую единицу с разными обстоятельствами употребления и вариативностью контекстных значений, если она имеется. Завершающим этапом анализа кумулятивной функции конкретной лексемы могут быть объяснение употребления в английском языке содержащих эту лексему метафор, а также выполнение упражнений на сопоставление употребления этой лексической единицы в английском и русском языках.

Выводы

В завершение нашего исследования подчеркнем, что предупреждение лингвокультурной интерференции подразумевает контекстуальную работу с большим объемом культурологического материала, что позволяет изучающим английский язык носителям русского языка лучше и проще понимать значения разных лингвокультурем, способствует формированию умений и навыков, связанных с применением таких лексических единиц в речи, помогает расширить подбор подходящих для адекватной передачи информации лексических и грамматических средств. Работа с семантизацией и актуализацией в речи национально маркированной лексики для исключения лингвокультурной интерференции не должна сводиться к узнаванию ее значений. Важно учиться «переводить» такую информацию из непосредственно лингвистической сферы в область собственной картины мира, которая должна постоянно расширяться и обогащаться за счет более глубокого погружения в изучаемый язык и его культуру.

Список использованных источников

- 1 **Гаджиева, А. А.** Некоторые аспекты преподавания казахского языка в русскоязычной аудитории // Полилингвильность и транскультурные практики. – 2020. – № 5. – 64–70 с.
- 2 **Сулейменов, Р. Х.** Интерференция в обучении иностранному языку и способы ее преодоления // Международный научно-исследовательский журнал. – 2021. – № 4(106). – 43–49 с.
- 3 **Гальченко, Р. Г.** Методика преодоления интерференции в условиях многоязычия. – М. : Наука, 2012. – 312 с.
- 4 **Kharkhurin, A. V.** The Role of Cross-linguistic and Cross-cultural experience in Bilinguals Divergent Thinking // Cognitive Aspects of Bilingualism, 2007. – 175–210 p.
- 5 **Айдукевич, К.** Картина мира и понятийный аппарат // Философия науки. Вып. 2 : Гносеологические и логико-методологические проблемы. – М. : ИФ РАН, 2017. – 376 с.
- 6 **Зорин, В. И.** Евразийская мудрость от А до Я: философский толковый словарь. – Алматы : Создік-Словарь, 2019. – 114–127 с.
- 7 **Федоров, А. А.** Введение в теорию и историю культуры: словарь. 2-е изд., стер. – М. : Флинта, 2012. – 387 с.
- 8 **Гумбольдт, В.** Фон. Язык и философия культуры. – М. : Прогресс. 1985. – 418 с.
- 9 **Постовалова, В. И.** Картина мира в жизнедеятельности человека // Роль человеческого фактора в языке : Язык и картина мира / отв. ред. Б. А. Серебренников. – М. : Наука, 2020. – 30–43 с.
- 10 **Красных, В. В.** «Свой среди чужих»: миф или реальность? – М. : Гнозис, 2003. – 312 с.
- 11 **Тимачев, П. В.** Лингвокультурная интерференция как коммуникативная помеха (на материале английского языка) : дис., канд. филол. наук. – Волгоград, 2018. – 174 с.
- 12 **Федорова, Н. П.** Преодоление лингвокультурной интерференции в процессе обучения иностранному языку студентов неязыковых вузов (на материале английского языка) : Автореф. дисс... канд. пед. наук / Н. П. Федорова. – Нижний Новгород, 2010. – 42 с.
- 13 **Ибраимова, Ж., Ибраева, С.** Проблемы интерференции родного языка на занятиях по английскому языку в условиях двуязычия // Актуальные научные исследования в современном мире, 2020. – № 9–4 (65). – 132–140 с.

References

- 1 **Gadzhieva, A. A.** Nekotorye aspekty prepodavaniya kazakhskogo yazyka v russkoyazychnoy auditoria [Some aspects of teaching Kazakh in Russian auditory]. // Polilingvialnost i transkulturnyye praktiki. – 2020. – № 5. – 64–70 p.
- 2 **Suleymenov, R. KH.** Interferentsiya v obuchenii inostrannomu yazyku i sposoby yeye preodoleniya [Interference of teaching foreign languages and ways to overcome it]. // Mezhdunarodnyy nauchno-issledovatel'skiy zhurnal. – 2021. – № 4 (106). – 43–49 p.
- 3 **Galchenko, R. G.** Metodika preodoleniya interferentsii v usloviyakh mnogoyazychiya [Methodology of interference overcoming in a multilingual environment]. – Moscow, Nauka, 2012. – 312 p.
- 4 **Kharkhurin, A. V.** Rol kroslingvistikheskogo i kroskulturnogo opyta v divergentnom myshlenii bilingvov [The Role of Cross-linguistic and Cross-cultural experience in Bilinguals Divergent Thinking]. // Cognitive Aspects of Bilingualism. – 2007. – 175–210 p.
- 5 **Aydukevich, K.** Kartina mira i ponyatiynnyy apparat [Picture of the world and the conceptual apparatus]. // Filosofiya nauki. – Vyp. 2: Gnoseologicheskiye i logiko-metodologicheskiye problemy. – Moscow, IF RAN, 2017. – 376 p.
- 6 **Zorin, V. I.** Yevraziyskaya mudrost' ot A do YA [Eurasian wisdom from A to Z]. Filosofskiy tolkovyy slovar'. – Almaty : Sozdik-Slovar', 2019. – 114–127 p.
- 7 **Fedorov, A. A.** Vvedeniye v teoriyu i istoriyu kul'tury [Introduction in the theory and history of culture]. // Slovar'. 2-ye izd., ster. – Moscow, Flinta, 2012. – 387 p.
- 8 **Gumbold, V.** Fon. Yazyk i filosofiya kul'tury [Language culture and philosophy of language]. – Moscow, Progress, 1985. – 418 p.
- 9 **Postovalova, V. I.** Kartina mira v zhiznedeyatel'nosti cheloveka [The picture of the world in human life]. Rol' chelovecheskogo faktora v yazyke: YAzyk i kartina mira / otv. red B. A. Serebrennikov. – Moscow, Nauka, 2020. – 30–43 p.
- 10 **Krasnykh, V. V.** «Svoy» sredi «chuzhikh» : mif ili real'nost'? [«Friend among strangers» : myth or reality?]. Moscow, Gnosis, 2003. – 312 p.
- 11 **Timachev, P. V.** Lingvokulturnaya interferentsia kak kommunikativnaya pomeha [Linguistic and cultural interference as a communicative hindrance (on the material of the English language)] : Dissertation, cand. phil. Sciences. – Volgograd, 2018. – 174 p.
- 12 **Fedorova, N. P.** [Overcoming linguistic and cultural interference in the process of teaching a foreign language to students of non-linguistic universities (on the material of the English language)] : Abstract of dissertation, cand. phil. Sciences / N. P. Fedorov. – Nizhny Novgorod, 2010. – 42 p.

13 **Ibraimova, Zh., Ibraeva, S.** Problemy interferentsii rodnogo yazyka na urokah angliiskogo yazyka v dvuyazychnih usloviyah [Problems of native language interference in English classes in bilingual conditions]. Actual scientific research in the modern world, 2020. – No. 9–4 (65). – 132–140 p.

Материал поступил в редакцию 09.06.23.

*А. А. Мадеева¹, А. III. Жумашева², А. Ж. Кайдарова³

^{1,2,3}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

Материал 09.06.23 баспаға түсті.

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТІ ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫ МЕҢГЕРУ МҮМКІНДІКТЕРІ (МЫСАЛ РЕТІНДЕ ОРЫС ТІЛІ ИЕЛЕРІНІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНҮЙРЕНУІ)

Мақала шет тілін оқудағы лингвомәдени араласуды жоюдың өзекті мәселесіне арналған. Зерттеудің мақсаты – ағылшын тілін үйрену кезінде орыс тілінде сөйлейтіндердің лингвомәдени араласуын жеңу мүмкіндіктерін зерттеу. Зерттеу әдістері ғылыми әдебиеттерді талдау, лингвомәдени талдау, салыстырмалы талдау, кешенді талдау, индукция, дедукция, жалпылау және ағылшын лексикалық бірліктерімен жұмыс істеудің белгілі бір принциптері мен кезеңдерін пайдалану кезінде әртүрлі типтегі лингвомәдени араласуды азайту болды. Мақала авторы лингвомәдени араласуды еңсеру түсіндірме және туынды сөздіктерге, осы лексикалық бірлікті қамтитын лингвомәдениеттанулық шағын мәтіндерге, егер бар болса, қолданылу жағдайлары мен контекстік мағыналарының өзгермелілігіне сілтеме жасау арқылы мүмкін болады деген қорытындыға келеді. ағылшын тілінде осы лексеманы қамтитын метафораларды қолдану және ағылшын және орыс тілдеріндегі лексикалық бірліктердің қолданылуын салыстыру жаттығуларын орындау. Автор ағылшын тілін үйренуде орыс және қазақ тілдерінде сөйлейтіндердің лингвомәдени араласуын жеңуге арналған арнайы жаттығулар кешенін әзірледі перспективалық зерттеу бағыты ретінде қарастырады.

Кілтті сөздер: лингвомәдениеттік интерференция, меңгеру кезеңдері, лингвистикалық дүниетаным, тілдерлік қарымқатынас.

*A. A. Madeyeva¹, A. Sh. Zhumasheva², A. Zh. Kaidarova³

^{1,2,3}Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 09.06.23.

LINGUOCULTURAL INTERFERENCE AND WAYS TO OVERCOME IT (ON THE EXAMPLE OF STUDYING ENGLISH BY NATIVE RUSSIAN SPEAKERS)

The article is devoted to the actual problem of overcoming linguocultural interference in the process of foreign language learning. The research aim is to study the possibilities of overcoming linguocultural interference by native Russian speakers when learning English. The research methods were the analysis of scientific literature, linguocultural analysis, comparative analysis, complex analysis, induction, deduction, generalization and forecasting of minimizing linguocultural interference of different types when using certain principles and stages of working with English lexical units.

The article's author comes to the conclusion that overcoming linguocultural interference is possible by referring to explanatory and derivational dictionaries, linguoculturological mini-texts containing this lexical unit with different circumstances of use and variability of contextual meanings, if any, as well as explaining the use in English metaphors containing this lexeme and performing exercises to compare the use of lexical units in English and Russian.

The author considers the development of a special set of exercises to overcome linguocultural interference by native speakers of Russian and Kazakh languages in the process of English learning as a promising research area.

Keywords: linguistic and cultural interference, overcoming stages, linguistic worldview, interlingual communication.

FTAMP 17.71.01

<https://doi.org/10.48081/LWLO3479>

*Б. К. Олжабаев¹, А. Ш. Пангереев²

^{1,2}Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

*e-mail: olzhabaev.beka@mail.ru

ТОПОНИМДІК АҢЫЗДАРДАҒЫ «ТУҒАН ЖЕР» КОНЦЕПТІСІ

Қазіргі уақытта Қазақстанның алдында еліміздің тарихи өткенінен бастау алатын геосаяси, экономикалық, демографиялық, мәдени-патриоттық сипаттағы өзекті мәселелер тұр. Осы проблемаларды шешу үшін ғылыми негіздерге сүйену қажет. Әсіресе гуманитарлық сала бойынша этникалық, патриоттық сипаттағы географиялық атаулар – топонимдерді зерттеу маңызды, өйткені бұл қазақ халқының тарихи жады. Мақалада қазақ халқының топонимдік аңыздары қарастырылып, жер-су атауларының өскелең ұрпақ бойына отансүйгіштік қасиет дарытып, туған жерге деген сүйіспеншілікпен байланысы сараланды. Нәтижесінде қазіргі патриотизм аясындағы этнопсихологиялық жайыттарға негізделген «Туған жер» концептісі зерттелді.

Топонимдік аңыздардағы «Туған жер» концептісінің әр аңыздан менмұндалап тұруы қазақ халқының жаугершілік заманда өмір сүрген қайсар, батыр халық екендігінің анық айғағы. Туған жері үшін жанын пиде етуге әзір қаншама ер-азаматтардың, батырлардың ерлігіне куә болған табиғат, батырларымен абыройлы болған халық сол мекенге болып өткен оқиғаға сай атау берген. Кең байтақ қазақ жерінің әрбір тасына дейін, өзен-көліне дейін атаусыз емес. Әрқайсысының өзіне тән немесе сол жерде орын алған оқиғаға байланысты қойылған атаулары бар. Ұзақ жылдар бойы басына қара бұлт төніп, өзгелердің қиын қыспағын басынан өткерген момын халқымыздың мәселе туған жердің тағдырына келіп тірелгенде намысқа салып, атойлап, буырқанған қара күшке ие болатындығын тарихтан көріп отырмыз. Батырлардың қаһармандығы тарих беттерінде – аңыздарда қалды. Отан үшін отқа түскен ерлердің қайсарлығы жер-су атауларында қалды. Қазақ жерінің әр шартарабы кезінде болып өткен орасан

оқиғалардың, сол оқиға ішінде өткен ерлердің, сол ерлерін дәріптеген дана халықтың тағдырын тасқа жазған сынадай анық бейнелеп тұр.

Кілттік сөздер: фольклор, аңыз, топонимдік аңыздар, тау, жер, өзен, туған жер, концепт, ұлы тұлғалар.

Кіріспе

Фольклорлық шығармалар қазақ халқының рухани дамуының жоғары деңгейін көрсетеді. Қазіргі уақытта бұл еңбектер толық зерттеліп, ғылыми тұрғыдан қамтылды деп айта алмаймыз.

Фольклор – адамдарды біріктіретін мәдени, біртұтас жүйе ғана емес, сонымен бірге бүкіл ұлттың дүниетанымын бейнелейтін этнофилософиялық құбылыс [1, 795].

Фольклорлық жанрлардың ішінде аңыз жанры көп қырлы. С. Қасқабасов бұл жанрды тарихи аңыз және топонимикалық аңыз деп екіге бөліп көрсеткен. Ғалым мұндай саралаудың шарттылығын, оның тек тақырыптық принципке негізделгенін айта келіп: «Топонимикалық аңыздарда да тарихи негіздер, деректер кездеседі. Ал тарихиларында топонимикалық мотивтер кездеседі. Бұған аңыз жанрындағы шығарма ғана ұшырамайды. Сондықтан «топонимикалық аңыз» атауы шартты, оған белгілі елді мекенге байланысты шығармалар кіруі мүмкін», – дейді [2, 125].

Топонимикалық аңыз, ең алдымен, «Неге бұлай аталған?» деген сұраққа жауап іздейді. Аңыз – әу бастағы бастапқы мәнін жоймаған құнды мұра. Аңыз – халықтық және тарихи проза түрінде көрінетін тарихи мазмұндағы шығармалар. Бұл шығармалар ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен.

Аңыздарда халықтың шығу тегі, тұрмысы туралы мәліметтер берілген. Сол себептен де аңыздар ру мен этникалық топтардың шығу тегі туралы ақпаратты тасымалдау үшін пайдаланылды.

Кейбір аңыздар елді мекендердің жаңа атауларын түсіндіруге бағытталған. Кез келген халық өздерінің орналасқан жеріне атау бергенде, қандай да бір оқиғамен байланыстырады. Осылайша олар өздерінің мекендеріне, тау-тасына, өзен-көліне атау беріп жатқанда кейінгі заманға мұра болар құнды топонимикалық аңыз-әңгімелер жасап жатқанын аңғармаған да болуы керек.

Өткен өмірдің көптеген тарихи процестерін айғақтайтын қазақ аңыздары халықтың рухани мұрасының құрамдас бөлігіне айналды. Кең байтақ сардаланың өзен-көлдерінің, тауларының атауларын баяндайтын қазақтың көне аңыз-әңгімелері мен салт-дәстүрлері қашанда шалғайдағы ата-баба өмірінің айнадағы бейнесі болған.

Көбінесе аңыздар тарихта болған қандай да бір нақты оқиғаға негізделеді және бұл оқиға белгілі бір аймаққа, тауға, тау асуына, өзенге немесе көлге

байланысты болады, олар бүгінгі күнге дейін бар. Мысалы, халық арасында Қазығұрт тауы туралы мынадай аңыз бар: «Бұл аймақ «Қазығұрт тауы» деп аталады, өйткені мыңдаған жылдар бұрын Нұх пайғамбардың кемесі Топан судан кейін осы жерге келіп қонды». Дәл осындай аңыздар топонимикалық болып табылады, яғни берілген географиялық объектінің неге мұндай атау алғанын түсіндіреді.

Кейде мифті аңыздан, аңызды тарихи дәстүрден ажырату қиын. Географиялық атаулардың шығу тегін баяндайтын аңыздар, әсіресе топонимдік аңыздар қазақ ауыз әдебиетінің ерекше жанры.

Сонымен, біздің жұмысымыздың мақсаты – топонимдік аңыздарды саралап, сол аңыздардың пайда болуына түрткі болған қазақ халқы ерекше кие тұтып, қастерлеген қасиетті «Туған жер» концептісін анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер алға қойылды:

- Осы мәселе бойынша ғалымдардың зерттеу еңбектерін қарастыру;
- Аңыз жанрына сипаттама беріп, оның классификациясын талдау;
- Топонимдік аңыздардың ерекшелігін көрсету;
- Топонимдік аңыздардағы «Туған жер» концептісін анықтау.

Материалдар мен әдістер

Топонимдік аңыздардағы «Туған жер» концептісі атты ғылыми зерттеу жұмысын қарастыру барысында тақырыпқа арқау болатын ғылыми еңбектерге, қазақ ауыз әдебиетінің фольклор мұраларына, оның ішінде аңыз-эпсаналарға жүгіндік. Олардың ішінде отандық ғалымдар мен шетелдік ғалымдардың аталмыш тақырыпқа арналған ғылыми монографиялары мен зерттеу еңбектері, мақалалары бар.

Тақырыпты зерттеу барысында ғылыми зерттеу әдістерінің теориялық және эмпирикалық әдістерін қолдандық. Тақырыпқа сай материалдарды, ғылыми еңбектерді эмпирикалық әдістің жинақтау, зерттеу, бақылау тәсілдері арқылы талдасақ, теориялық әдістің анализ, синтез, салыстыру тәсілдері арқылы ғылыми еңбектерді бір-бірімен салыстырып, ұқсас бөліктерін бір арнаға тоғыстырдық.

Біз қызықты, тамаша уақытта өмір сүріп жатырмыз. Өйткені бүгінде ежелгі адамдардың таңғажайып құпияларының кейбір тұсы бізге қолжетімді. Олардың ішінде ғарыш, оның эволюциясы, жер планетасының даму тарихы, адам туралы, географиялық объектілердің пайда болуы туралы ежелгі мәліметтердің тереңдігі мен дәлдігі біздің заманымыздың ғалымдарын да таңғалдырады.

Антикалық дәуірде адам ойлап тапқанның бәрі үш жанрға оңай сәйкес келеді: мифтер, аңыздар және ертегілер. Бұл жанрлардың көптеген ұқсастықтары бар, сондай-ақ көптеген жағынан ерекшеленеді. Ертегілерде қиял өте көп: жануарлар адам тілінде сөйлейді, түрлі ғажайыптар болады,

батырлар тек жау әскерімен ғана емес, сонымен қатар айдаһарлармен, рухтар және халық қиялынан туындаған басқа да құбыжықтармен шайқасады. Ертегілерден айырмашылығы – мифтер бізге ежелгі адамдардың әлемді бейнелеуін ашады. Ал аңыздар (лат. *legenda* «күнделікті қызметке арналған литургиялық үзінділер жинағы») – ертегіден тыс прозалық фольклордың бір түрі; қандай да бір тарихи оқиға туралы поэтикалық дәстүр. Бейнелі мағынада өткендегі тамаша, таңғаларлық оқиғаларды білдіреді. Әдетте, онда қосымша діни немесе әлеуметтік пафос бар [3, 12]. Осы тұста ғалымдардың топонимикалық аңыздарға қатысты жазылған еңбектері жан-жақты қарастырылды.

Аңыздардың классификациясы да ғылыми еңбектерге сүйене отырып сараланды. Топонимдік аңыздардың басым көпшілігінде қазақ халқының туған жерге деген ыстық ықыласы мен ұлы махаббаты бейнеленіп, жер-су, мекен атауына жекелеген батырлар мен ұлы тұлғалардың есімдері немесе олардың ерлік істері негіз болғанын түрлі материалдарды талдау арқылы қолжеткіздік.

Нәтижелер және талқылау

Қазақтың аңыз-әпсанаға негізделген шығармалары танымдық жағынан да, эстетикалық жағынан да қызығушылық тудырады. Олардың шындықпен байланысы тарихшылық пен идеологиялық бағыттылықтан көрінеді.

Қазақ аңыздарының идеялық қабаты мифологиялық сипаттағы сюжеттер арқылы берілген: космогониялық, этиологиялық және топонимикалық [4, 11].

Космогониялық аңыздардың негізін аспан денелері туралы әңгімелер құрайды. Олар жердегі жануарлармен және адамдармен байланысы туралы өте ежелгі мифологиялық идеялардың ерекшеліктерін сақтап қалды. Мәселен, аңыздарға сәйкес, Үлкен аю шоқжұлдызы ұлы патшаны көріп, үркігеннен таудың басына секіріп, көк аспанға бірақ жеткен жеті сұлу қыз негізінде қалыптасқан делінеді.

Этиологиялық аңыздар – табиғаттың тірі ағзаларының шығу тегіне байланысты пайда болған. Өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың шығу тегі туралы аз. Мифологиялық мазмұны бойынша қазақ халқының этиологиялық аңызы көптеген халықтардың әпсаналарымен үндес.

Топонимдік аңыз – ең алдымен халық санасында орын тепкен белгілі бір жер-судың, өзен-көлдің, тау-тастың неліктен бұлай аталғанына, ол жерлерде қандай оқиғалар болып өткендігіне жауап іздеуден бастау [5, 152].

Халықтық ертегіден тыс прозада топонимикалық аңыздар елеулі орын алады. Топонимикалық аңыздарда да, космогониялық аңыздарда да табиғат поэтикалық жанданған. Өзендер сөйлейді, айтысады, ашуланады, қызғанады, жылайды («Сырдария мен Әмудария» туралы аңыз, «Биші қайыңдар» аңызы).

Қазақ аңыздарында таулардың, өзендердің, қалалардың шығу тегі көбінесе қазақ халқының шығармашылығымен («Домбыра» туралы аңыз, «Шешенқара»), махаббат хикаяларымен («Жұмбақтастың сырлы жартасы», «Іле мен Қаратал») байланысты. Сонымен қатар жаугершілік замандағы қазақ батырларының туған жерді қорғау жолындағы көзсіз ерліктерін баяндайтын аңыздар да көп.

Қазақ халқының тарихы мен фольклоры қашан да Қазақстан жерін мекендеген басқа халықтардың тарихымен, ауызша өнерімен тығыз байланыста дамып келеді. Олай болса, аңыз-әңгімелер мен басқа да ауызша әңгімелер, дәстүрлі және қазіргі заманғы халық өмірімен, оның тарихымен, наным-сенімдерімен, дүниетанымымен байланысты. Олар халықтың тарихи дамуының және оның қоғамдық санасының әртүрлі кезеңдерін бейнелейді.

Қазақ халқының дүниетанымында ерекше орын алатын қастерлі ұғым – туған жер ұғымы болса, сол ардақты туған жер, киелі атамекен, қастерлі атақоныс үшін болған түрлі тарихи күрестердің бел ортасында жүріп, жер мен ел азаттығын қара басының қамынан биік қойған небір ержүрек бабаларымыздың жауынгерлік келбеті, биік рухы, көзсіз ерлігі табиғатымыздың түрлі жерлеріне телініп, атауына айналып отыр. Батырын дәріптеп, ерін қастерлеген қазақ халқы ел үшін туған батыр ұлдарымен мақтанып, олардың қаһармандығын дәріптеу мақсатында түрлі аңыздар таратып отырған. Сол аңыздардың бір бөлігі ауыздан-ауызға таралып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, бүгінгі күні бізге жетіп отыр.

Туған жер, ел, мекен аттарына байланысты айтылатын топонимдік аңыздардың үлкен танымдық мәні бар. Топонимдік аңыздар тек жер атауының себептерін түсіндіріп қана қоймайды, олар жартылай тарихилық мәнге ие, яғни белгілі бір тарихи оқиғаны баяндауы арқылы сол өңірдің тарихын білдіреді. Оның тағылымдық, тәрбиелік мәні де зор.

Топонимикалық аңыздардың пайда болып, қалыптасуына әр елдің өзінің шағын Отанына деген сүйіспеншілік сезімі, жер-су, өзен атауының сол немесе басқа атауларының себебін білуге деген ұмтылыс әсер ететіні анық. Бұл атауларда әрқашан танымдық мән бар. Осылайша, жергілікті халық атап өткен табиғат құбылыстарының ерекшеліктері, кез келген тарихи оқиғалардың себептері мен алғышарттары туралы мәліметтерді, халықтың қоғамдық өмірі туралы деректерді сол халықтың өмір сүріп, жасап кеткен жер атауларынан аламыз. Сондықтан да жер-су атауының этимологиясын баяндайтын аңыз-әңгімелер бүгінгі ұрпаққа бәз баяғы қалпында сақталып жеткен. Кез келген тарихи нысан атауының этимологиясын білуге деген ұмтылыс тарихи сәттерді суреттеуден басым болғанын айта кеткен жөн.

Сондықтан біз аңыздарды топонимикалық деп ойлауға бейімбіз. Жоғарыдағы сөздерді дәлелдеу үшін біз мәтін үзінділерін ұсынамыз. Қазақ

халқында Олжабай батыр туралы топонимдік аңыздар көптеп кездеседі. Олжабай батыр (1709–1783) Орта жүздің арғын тайпасынан шыққан. Абылай ханды жоңғар тұтқынынан босатуға атсалысқан, тарихи деректерде Хан Абылай оны «Ер Олжабай, Қу жарғақ» (жаудың атқан оғы тимегендіктен) деп атаса, Орта жүздің ханы Әбілмәмбет алтын сапты қылыш сыйға тартқан. Олжабай мен жиен інісі Жасыбай туралы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының жинаған аңызынан біршама деректер қалған.

Аңыз бойынша Олжабай мен Жасыбай Сарыарқа даласын, Баянауыл өңірін жоңғарлардан азат ету күресіне белсене араласқан. Қалмақтарға қарсы кезекті жорықтың бірінде екі батыр екі асу бойын күзетуге уағдаласады. Бұлардың жол тосып жатқанын қалмақтар да біліп, қапысын тауып, Орта жүздің арғын тайпасынан шыққан Жасыбай қолына тосыннан келіп тиіседі. Мыңға толмайтын жасақты бастаған Жасыбай батыр екі есе көп жау қолымен асқан ерлікпен соғысады. Бірақ оқыс тиген жау садағының оғынан қаза табады. Мұны естіген Олжабай әскерімен дереу жетіп, Шойынды көлінің басында қалмақтарды талқандайды. Сонда Олжабайдың сұсын көрген жолдасы Төртуыл Баймұрат батыр: «Енді сен дем ал мұнда саған қарсы келер ешкім қалған жоқ. Қалған-құтқаны болса, маған сауғаға бермейсің бе?» – деп, атының сулығынан ұстағанда, Олжабай: «Жасыбайдың бір бармағының да құны толған жоқ», – деген екен күрсініп. Кейін халық қапыда кеткен есіл ердің құрметіне Жасыбайдың жау күткен асуын Жасыбай асуы, Шойынкөлді Жасыбай көлі атап кетіпті [6]. Жасыбай батырдың бейігі сол асудың үстінде. Халық арасында батырдың ерлігін баяндайтын «Ер Жасыбай» жыры сақталған. Ал Олжабай батырдың қалмақтарды қойдай қамап қырған жері, бұл күнде «Қалмаққырған» деп аталады.

М. Ж. Көпейұлы аңызына сүйенген Ә. Х. Марғұлан зерттеуінде Олжабай батыр жасағы Баянауылға Әмірсананы іздеп келген бір топ қытай әскеріне соғыс ашып, тегісімен қырады. Қытай армиясынан бөлініп шыққан бір топ шүршіт әскерін қырған жер содан «шүршітқырған» деп аталады.

Олжабай батыр өмірінің соңында Ереймен тауында ауырып, көз жұмады. Мәшһүр-Жүсіп «Ереймен тауындағы Олжабай қаласы атанған қала сол Олжабайдың өлген жері» деген. Әзіреті күмбезге апарамыз деп сөрелеп қойған жері «Олжабай сөресі», «Олжабай қаласы» атанып қалады [6].

Еліміздің қай өңірінде де осы сипатта баяндалатын бір жағынан өткен тарихты тарқатып, танытатын, бір жағынан жер-судың қойылу сырын анықтайтын аңыздар көптеп саналады.

Сонымен қатар көптеген жер атаулары қазақ халқының жаугершілік замандағы жеңісін білдіреді. Мәселен, «Қалмаққырған» таулары, «Аңырақай» мекені, «Бұланты» өзені [7, 33].

«Қалмаққырылған» таулары – тарихи құнды нысан. Бұл нысан жер бедерімен де ерекше. Мұнда скифтер, сақтар, жоңғарлар, қазақтар өмір сүрген. Ортағасырлық қоныстардың іздері де бар. Қалмаққырылған таулары, бір жағынан, бүкіл Сарыарқаның тағдырын шешкен қазақ-жоңғар соғыстары дәуіріндегі ең маңызды шайқастың сахнасы, екінші жағынан, қазақ халқының бірегей тарихи жады. Бұл көптеген тарихи аңыздарға, ата-бабалардың бай материалдық және рухани мұраларына бай көрнекті табиғат ескерткіші.

Қалмаққырған, Аңырақай топонимдері қазақ халқының «Ақтабан шұбырынды», «Алқакөл сұлама» атты нәубет кезеңдегі басынан өткерген қиындықтарының соңы қуанышты жеңіспен аяқталғанын, қастерлі туған жердің тасына дейін қорғап қалған ержүрек ұлдардың батырлығын баяндап тұр. Бұл атауларды естігенде алдымен сол тарихи жағдай еске оралатыны, осы өлкелерде қалмаққа қырғын таптырған бабалардың туған жер, ел үшін жойқын ерліктері көз алдымызға келіп ерекше әсер береді.

Аңыздардағы негізгі ой өзегі мекеннің атын түсіндіру емес, яғни жердің, мекеннің не себепті солай аталуында емес. Негізгі идея – туған жерін, елін ақ найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған халықтың ерлігін, өрлігін көрсету.

Ертеде қасиетті туған жерге баса көктеп кіріп, аяулы атақоныс, киелі атамекенді басып алмақшы ниеттегі аяусыз жауларға қарсы ерлікпен шайқасқан ата-бабаларымыздың ерлігін, қайсарлығын көрсететін қазақ батырлары туралы аңыздар топонимикалық аңыз жанрының ішінде ерекше орын алады. Мұндай аңыздарға Массaget патшайымы Томирис (қазіргі Тараз қаласы) туралы ертегілер, Отанды сақтау жолында Қызылқұмда жанын пидә еткен бакташы Шырақтың ерлігі жатады [8, 15]. Бұл әңгімелер аңызға айналды, себебі олардың шын мәнінде болғанына көп уақыт өтті, сонымен бірге олардың шынайы не өтірік екенін ешкім растай алмайды және олар тарихи құжаттарда бір-ақ рет жазылған.

Қорытынды

Қазақстан – аңыз-эпсаналар мен ертегілердің елі, ұлы империялардың пайда болып, қайта ыдыраған жері. Қойнауын түрлі топтар мен тайпалар жайлаған жер. Қазақстан – Шығыс пен Батысты байланыстырушы ел. Ал қазақтың өзі қонақжайлығын бар жомарттығымен танытатын еркіндік сүйгіш, бейбітшілікті сүйетін қайсар халық. Өзінің пайда болып, қалыптасу тарихының күллі кезеңінде қазақ халқы басынан түрлі жағдайларды өткерді. Қиын кезеңдердің күрделі сәттері уақыт өте келе адамның есінен өшсе де, дархан даланың төсінде жаңғырығы қалды. Нәубет кезеңдер мен қаһарлы жылдар сыйлаған түрлі қайғылы оқиғалар мен елдің мұң-зарына кең байтақ сар даланың тау-тасы куә, өзен-көлі куә. Ежелгі ата-бабаларымыздың елі мен жерінің бостандығы үшін, тәуелсіздікке ұмтылысы үшін көрген бар азабы

бүгінде тек тарих беттерінен менмұндайды. Сол қайсар бабаларымыздың туған жер үшін жасаған ерлігі, жерге қызыққан зұлым жаулармен күресі, бір пұшпақ жердің амандығы үшін, бала-шағаның азаттығы үшін, болашақ ұрпақтың еркіндігі үшін қиылған жаны мен аққан қаны бүгінде жер-су атауына негіз болып, тарихтың терең қатпарынан сыр шертеді. Тарихта қойнауы байлыққа лық толы ұлы даламыздың кеңдігіне қызыққан жаудың басын иілтп, олардың дегеніне көнбей, шетінен сұлатқан батырларымыз да аз емес. Олардың даңқы ел ішінде аңызға айналып, ерлігі көпке үлгі болып отырды. Көптеген батырлар есімдері сол өздері туған, мекен еткен не ерлік оқиғасы орын алған жерлерге атау болып берілді. Бұның бәрі бүгінде топонимдік аңыздардағы «Туған жер» концептісінің айшықты айғағы болып отыр.

Қазақ ономастикасының маңызды бөлшегі топонимдер де қазақ халқының ғасырлар бойы жүріп өткен жолының небір құндылықтарын бойына сіңірген тілдік жәдігері. Ономастикалық зерттеу аудан тарихы мен мәдениетінің рухани қалыптасуын, патриоттық құндылықтар рөлін жаңаша ұғынуға мүмкіндік береді. Топонимиканы зерттеу кіші Отанымыздың жеке имиджін нығайтуға, туған өлкеге деген махабатты насихаттауға ықпал етері сөзсіз [9, 72].

Топонимдер – кез келген халықтың қымбат меншігі, сол халықтың қалай жасалғанының айғағы. Мұны түсіну – топонимдерді зерттеуде, оларды келесі ұрпаққа жеткізуде, олармен қарым-қатынас жасауда аса сақ болуды талап етеді, өйткені олар халықтың тарихы.

Топонимдер белгілі бір мағынада халық өмірінің, оның тұрмыс-тіршілігінің, моральдық-этикалық ой-пікірлерінің, эстетикалық түсініктерінің, наным-сенімдерінің, көне салт-дәстүрлерінің, халық даналығының айнасы болып табылады. Топонимдердің танымдық құндылығының өзі қаншалықты мағынаны қамтиды. Мысалы, Сарыарқа сөзінің семантикасы – Қазақстанның кең байтақ аймағының атауы. Тұран, Түрік қағанаты, Ұлы Дала, Алтын Орда, Қазақ хандығы, Түркістан өлкесі – бір елдің әртүрлі атаулары. Қазақ жері ерте заманда дүние жүзіндегі ең көне өркениеттердің бірі дала өркениетінің бастау алып, өзінің түпкілікті дамуына жеткен гүлденген ел болды. «Халықтың сан ғасырлық жасампаздық туындысы бола отырып, географиялық атаулар ең бай мәліметтерді жинақтайды. Сондықтан да олар лингвистер, тарихшылар, өнертанушылар, географтар, этнографтар, археологтер және көптеген басқа ғылым салаларының өкілдерінің зерттеу нысаны болып табылады. Нағыз халықтық топонимдердің негізгі қызметтерінің бірі, былайша айтқанда, адрестік, номинативті қызмет. Және олардың бұл рөлі біздің барлық деңгейлерде – әртүрлі ұлт адамдары арасында да, ғылыми-техникалық революция мен әлеуметтік-экономикалық прогресс дәуірінде де әртүрлі

мемлекеттер арасында – күшейіп жатқан дәуірде айтарлықтай артып келеді. Тиісінше топонимикалық ескерткіштердің дұрыс қалпында сақталуына адамдардың жауапкершілігі де жоғары болуы керек» [10, 13].

Топонимдік аңыздардағы «Туған жер» концептісінің әр аңыздан менмұндалап тұруы қазақ халқының жаугершілік заманда өмір сүрген қайсар, батыр халық екендігінің анық айғағы. Туған жері үшін жанын пиде етуге әзір қаншама ер-азаматтардың, батырлардың ерлігіне куә болған табиғат, батырларымен абыройлы болған халық сол мекенге болып өткен оқиғаға сай атау берген. Кең байтақ қазақ жерінің әрбір тасына дейін, өзен-көліне дейін атаусыз емес. Әрқайсысының өзіне тән немесе сол жерде орын алған оқиғаға байланысты қойылған атаулары бар. Жер-су атауларына байланысты аңыздардың көпшілігіне көз жүгіртсек, қазақ халқының талайлы тағдырын аңғарамыз. Ұзақ жылдар бойы басына қара бұлт төніп, өзгелердің қиын қыспағын басынан өткерген момын халқымыздың мәселе туған жердің тағдырына келіп тірелгенде намысқа салып, атойлап, буырқанған қара күшке ие болатындығын тарихтан көріп отырымыз. Қаншама батырларымыз Отан үшін, жер үшін қыршынынан қиылып түсті. Олар дүниеден өтсе де, қасиетті туған жері үшін жасаған құрбандықтары ұмыт қалмады. Көзсіз батырлардың қаһармандығы тарих беттерінде, аңыздарда қалды. Отан үшін отқа түскен ерлердің қайсарлығы жер-су атауларында қалды. Қазақ жерінің әр шартарапы кезінде болып өткен орасан оқиғалардың, сол оқиға ішінде өткен ерлердің, сол ерлерін дәріптеген дана халықтың тағдырын тасқа жазған сынадай анық бейнелеп тұр. Топонимдік аңыздардың мән-маңызы, мінекей, осындай тарихилығында, тереңдігінде.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 Obayeva, G. S., Baltymova, M. R., Niyazova, G. M., Toxanbayeva, T. Z., Ulipanova, A. Z. Continuity of ethno-folklore tradition in modern prose. // Opción, Año 36. – Especial No.27. – (2020). – P. 794-808. – ISSN 1012-1587/ ISSN:2477-9385. [Электронды ресурс]. – <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/32012>
- 2 Қасқабасов, С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы : Ғылым, 1985. – 272 б.
- 3 Жерінің аты – елінің хаты. Энциклопедиялық-анықтамалық. – Алматы : Аруна, 2006. – 808 б.
- 4 Телғожа, Ж. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. – Алматы : Сөздік-словарь, 2010. – 365 б.
- 5 Пангереєв, А. Ш. Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері. – Ақтөбе : Nobel, 2014. – 465 б.

6 **Артықбаев, Ж. О.** Олжабай Толыбайұлы (Төлебайұлы). Шарапат Олжабай: ғылыми публицистикалық мақалалар, корреспонденциялар мен естеліктер. – Павлодар : Сытин, 2014. – 384 б.

7 Топонимика Казахстана. Энциклопедический справочник. – Алматы : Аруна, 2010. – 815 с.

8 Қазақ ономастикасы: басым бағыттар мен үлгілі үрдістер. Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Астана, 2010. – 405 б.

9 **Ахметова, Г. С.** Абай өңірі топонимдерінің этимологиялық ерекшеліктері. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы, Филология сериясы. – № 1(138). – 2022. – 173 б.

10 **Сейдімбеков, А.** Күңгір-күңгір күмбездер: Сұлулық туралы сырлар. – Алматы : Жалын, 1981. – 240 б.

References

1 **Obayeva, G. S., Baltymova, M. R., Niyazova, G. M., Toxanbayeva, T. Z., Ulikpanova, A. Z.** Continuity of ethno-folklore tradition in modern prose. // Opción, Año 36. – Especial No.27. – (2020). – P. 794-808. – ISSN 1012-1587/ ISSNе : 2477-9385. [Electronic resource]. – <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/32012>

2 **Qasqabasov, S.** Qazaqtyñ halyq prozasy [Kazakh folk prose]. – Алматы : Ğylym, 1985. – 272 p.

3 Jeriñniñ aty – eliñniñ haty. [The name of your land is the letter of your country] Encyclopedic reference. – Алматы : Аруна, 2006. – 526 p.

4 **Telğoja, J.** Tarihi jer-su attarynyñ tüptörkını [Origin of historical toponyms]. – Алматы : Sözdik-slovar, 2010. – 365 p.

5 **Pangereev, A. Ş.** Toponimdik fólklordıñ janrlıq türleri [Genre types of toponymic folklore]. – Aqtöbe : Nobel, 2014. – 465 p.

6 **Artyqbaev, J. O.** Oljabai Tolybaiuly (Tölebaiuly). Şarapat Oljabai : ğylymi publisistikalyq maqalalar, korespodensialar men estelikter [Sharapat Olzhabai : scientific publicistic articles, correspondence and memoirs]. – Pavlodar : Sytin, 2014. – 384 p.

7 Toponimika Kazakhstan. [Toponymy of Kazakhstan. Encyclopedic reference] – Алматы : Аруна, 2010. – 815 p.

8 Qazaq onomastikasy : basym bağytтар мен ülgılı ürdister. [Kazakh onomastics: main directions and exemplary directions] // Materials of the international scientific-theoretical conference. – Астана, 2010. – 405 p.

9 **Ahmetova, G. S.** Abai öñiri toponimderiniñ etimologialyq erekselikteri. [Etymological features of toponyms of the Abay region] Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian national university, Philology Series. – №1(138). – 2022. – 173 p.

10 **Seidimbekov, A.** Kűñgır-kűñgır kűmbezder : Sűlulyq turaly syrlar [Domes : beauty secrets]. – Almaty : Jalyn, 1981. – 240 p.

Материал 09.06.23 баспаға түсті.

*Б. К. Олжабаев¹, А. Ш. Пангереев²

^{1,2}Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Республика Казахстан, г. Актобе.

Материал поступил в редакцию 09.06.23.

КОНЦЕПТ «РОДНАЯ ЗЕМЛЯ» В ТОПОНИМИЧЕСКИХ ЛЕГЕНДАХ

В настоящее время перед Казахстаном стоят актуальные вопросы геополитического, экономического, демографического, культурно-патриотического характера, берущие свое начало в историческом прошлом страны. Для решения этих проблем необходимо опираться на научные основы. Особенно важно изучение географических названий – топонимов этнического, патриотического характера в гуманитарной сфере, так как это историческая память казахского народа. В статье рассмотрены топонимические легенды казахского народа, проанализирована связь топонимов с патриотизмом и любовью к родному краю, воспитание патриотизма у подрастающего поколения. В связи с этим был исследован концепт «Туган жер», основанный на этнопсихологической проблематике в рамках современного патриотизма.

То факт, что концепция «Туган жер» в топонимических легендах состоит из разных легенд, является ярким свидетельством того, что казахский народ – мужественный и героический народ, живший в военные времена. Природа, видевшая отвагу столько людей, отдавших свои жизни за родную землю, и люди, гордящиеся своими героями, назвали эти места в соответствии с происшедшими событиями. Каждый камень, река или озеро необъятной казахской земли не без названия. У каждого из них есть свойственные ему имена или названия, связанные с произошедшим там событием. Из истории мы видим, что наш скромный народ, находившийся много лет под игом и испытывавший на себе чужие невзгоды, становится гордым и сердитым, когда встает вопрос о судьбе родного края. Героизм батыров остался на страницах истории – в легендах. Упорство и

мужество мужчин, сражавшихся за Родину, осталось в названиях мест.

Ключевые слова: фольклор, легенда, топонимические легенды, концепт, родной край, батыры, великие личности.

*B. K. Olzhabaev¹, A. S. Pangereev²

^{1,2}Aktobe Regional University named after K. Zhubanov,
Republic of Kazakhstan, Aktope.

Material received on 09.06.23.

THE CONCEPT «NATIVE LAND» IN TOPONIMICAL LEGENDS

Currently, Kazakhstan is facing pressing issues of geopolitical, economic, demographic, cultural and patriotic nature, originating in the historical past of the country. To solve these problems, it is necessary to rely on scientific foundations. It is especially important to study geographical names – toponyms of ethnic, patriotic character in the humanitarian sphere, as it is the historical memory of the Kazakh people. The article deals with the toponymic legends of the Kazakh people, analyzes the connection of toponyms with patriotism and love for the native land, and patriotism education of the younger generation. In this regard, the concept of «Tugan zher» (Native land) based on ethno-psychological issues within the framework of modern patriotism was investigated.

The fact that the concept of «Tugan zher» (Native land) in toponymic legends consists of different legends is a clear indication that the Kazakh people are a courageous and heroic people who lived in wartime. Nature, which saw the bravery of so many people who gave their lives for their native land, and the people, proud of their heroes, named these places according to the events that took place. Each stone, river or lake of the vast Kazakh land is not unnamed. Each of them has a peculiar name or a name associated with the event that took place there.

From history we see that our humble people, who have been under the yoke and experienced other people's hardships for many years, become proud and angry when the question of the fate of their native land arises. The heroism of the batyrs has remained on the pages of history – in legends. Perseverance and courage of the men who fought for the homeland, remained in the names of places.

Keywords: folklore, legend, toponymic legends, concept, native land, batyrs, great personalities.

FTAMP 17.82.09

<https://doi.org/10.48081/TLXD6446>

***Б. Оспанов**

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.

*e-mail: bakhtiar_aa@mail.ru

ЕРІМБЕТ КӨЛДЕЙБЕКҰЛЫНЫҢ ИСЛАМИ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ

Мақалада Сыр бойы мен Арал теңізі маңында ғұмыр кешкен, ислами дүниетаным қағидаларын ұстанған ақын, шайырлар шығармашылығындағы негізгі тірек, басты бағыт – дін болғаны, бұл шығармалардың XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихында айрықша маңызға ие екендігі, олардың діни-танымдық шығармаларында Құран Кәрім аяттары мен Мұхаммед пайғамбар Хадистерін насихатталғаны, адамгершілік, имандылық рухында жыр толғап, азаматтық пікір тұғызғаны, Сыр сұлейлерінің адам өмірі турасындағы ойлары да мұсылмандық тұрғыда қалыптасқаны көрсетіліп, Сыр сұлейлер ішінде Ерімбет Көлдейбекұлының XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасыр басындағы діни-ағартушылық бағытта өзіндік орны бар ақын екендігі, қазақ ақын-жыраулары шығармашылығында жиі кездесетін жалаң өсиет, дидактикалық, мақал-мәтелдік үлгідегі терме жанры алғаш рет осы Ерімбет шайыр шығармаларында логикалық және көркемдік шеберлік арқылы бұзылып, кейін репродуктивті әдіспен екінші қайтара жүйеленгенде шығыстық поэзия элементтерімен ауыстырылып, терме мазмұн мен түр жағынан жаңарып, қайта жаңғыртылғаны, оның күллі адамзатқа ислам идеологиясы ұсынған жаңа жүйені насихаттаушы және Сыр сұлейлері арасында дамыған ескішіл бағыт – қадим негізінде тәрбиеленіп, герменевтикаға бой ұсынған тәпсіршіл шайыр, софилық тәрбиеге суарылған поэзияның туын көкке көтерген алдыңғы шептегі жаңашылдардың бірі екендігі, оның ағартушылығы исламдағы күрделі мәселелер мен шариғат шарттарын жыр-уағыз арқылы айта отырып халықтың көзін ашып, көкірігін ояту

мәселеріне негіздегені, шайыр шығармаларынан қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды, әділетті қоғам орнауды армандау, елді, ұрпақты адамилыққа, тазалыққа, шыншылдыққа, елжандылыққа, білімге құштарлыққа, сыйластыққа және т.с.с. адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға тәрбиелеу мақсаты анық көрінетіні нақты мысалдар арқылы дәлелденеді.

Кілтті сөздер: Ерімбет шайыр, ислами дүниетаным, тәсіршілдік, адам тәрбиесі, ұлт тәрбиесі.

Кіріспе

Ислам дінін негіз ете өмірге келген Сыр сүлейлері шығармаларының көп мәселені қамтығаны да, бұл шығармалардың XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихында айрықша маңызға ие екендігі де өлең-жыраларын насихатқа құралған арнау өлеңдерден бастап, дінитанымдық және ағартушылық бағытты ұстануымен айқындалады. «Сыр бойы ақындарының туындыларын зерделей отырып, олардың діни-танымдық шығармаларында Құран Кәрім аяттары мен Мұхаммед пайғамбар Хадистерін насихаттағанын, адамгершілік, имандылық рухында жыр толғап, азаматтық пікір туғызғанын аңғарамыз Сыр сүлейлерінің адам өмірі турасындағы ойлары да мұсылмандық тұрғыда қалыптасқан»[1, 76.], – дейді Ғ. Ө. Тұяқбаев. Бұл пікірді біз де қуаттаймыз. Сыр бойындағы діни-ағартушылық бағыт өкілдері ислам дінін негіз ете отырып, зайырлы қоғам құруды армандады, ұрпақ тәрбиесінде адамилыққа, тазалыққа, шыншылдыққа, елжандылыққа, білімге құштарлыққа, сыйластыққа және т.с.с. адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға дін тірек болатынын түсінді. Осыған орай Сыр өңірі де дәстүрлі діндердің қазақ даласындағы екінші отанына айналды.

Сыр сүлейлер ішінде Ерімбет Көлдейбекұлы – XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасыр басындағы діни-ағартушылық бағытта өзіндік орны бар ақын. Әдетте, өзіне дейінгі қатып, семіп қалған сенді бұзып, дәстүрге жаңалық әкеле қоятындар сирек. Он тоғызыншы ғасырдың орта тұсында Сыр өңірінде эпикалық жыршылық үрдістің асқақтай дамығандығы соншалық, өлкедегі әншілік, күйшілік, сал-серілік сияқты өнер түрлері өздерінің табиғи қалыпта өмір сүрулерін саябырсытып, эпик жыршылар ықпалынан жұтыла бастаған. Оның үстіне Хиуа мен Қокан, Қытай мен Ресей сияқты алып империялардың саяси-рухани әсері мен жалпыадамзаттық ислам мәдениетінің күн санап күшею әсерінен әдеби, мәдени, діни, ағартушылық ағымдардың белең алған шағында өскен орта дәстүрі мен ұлттық ерекшеліктерге құрмет көрсете отырып, өзіндік соны сүрлеу қалыптастыру айтар ауызға ғана оңай шаруа.

Қазақ ақын-жыраулары шығармашылығында жиі кездесетін жалаң өсиет, дидактикалық, мақал-мәтелдік үлгідегі терме жанры алғаш рет осы Ерімбет шайыр шығармаларында логикалық және көркемдік шеберлік арқылы бұзылып, кейін репродуктивті әдіспен екінші қайтара жүйеленгенде шығыстық поэзия элементтерімен ауыстырылып, терме мазмұн мен түр жағынан жаңарып, қайта жаңғыртылды. Ерімбет Көлдейбекұлы осылайша терменің Шығыс дидактикасы мен діни уағыз түріндегі Сыр бойындағы жаңа үлгісін жасап шықты. Бұл үрдісті кейін Сыр сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуов сияқты шәкірті түбегейлендіріп, бояуын қанықтырып, дамыта түсті. Сөйте тұра, Ерімбет шайыр байырғы классикалық жыраулық үлгіден де түгелдей қол үзіп кетті дей алмаймыз.

Ерімбет шайыр Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың жақын серігі, туысы, төртінші халиф – Әлидіңерлікті жорықтарын өзінің «Ақтам саһаба», «Хазірет Ғали мен Дариха қыз», «Хазірет Ғали мен Мағауияның соғысы» деген дастандарында және терме, толғауларында көп жырлаған. Әйтсе де, қазақ қаһармандық эпосындағыдай шығарманың ертегілік-аңыздық сарынмен басталуы, ғажайып туу мотивтері, толып жатқан ауызша эпос дәстүрінің заңдылықтары Ерімбет дастандарында жоққа тән.

Жаһандық дамуда дін – адамзат баласының басты тірегі болғандықтан, қай кезде дешешуші рөл атқарған. Мұны өз өлкеміздің өткенінен-ақ көруге болады. Мәселен, Сыр топырағы ислам дінінің қазақ даласындағы екінші отаны болды. Ерімбет ақын да ислам діні арқылы көркем мінез, салиқалы сабыр, тіректі таяныш тапты. Бала кезінде ауыл молдасынан тіл сындырып қана қоймай, бастауыш ибтидай, орта рушдия оқыған Ерімбет кейін, кемелді кезінде білімін Хиуада жалғастырады. «Құдай бір, Құран шын!» деп илансаныз, Шыққанша жан кеудеден шек алмайсың» деген имантұрғысының ақиқатты дұрыс түйсінген шайыр төл шығармаларының мазмұнында «Көңіліңнен һақ жадына ашсаң ұя, Қапылатта ғапыл ұйықтап жата алмайсың» – деп, қара халықтың исламды жадқа алмағандықтан азып бара жатқанын айтып, сол «азығы жоқтарға» сара жол нұсқаудан бір танбайды.

Ерімбет өмір сүрген XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың алғашқы он жылдық кезеңінің өзінде Қазалы топырағында жетпіс сегіз мешіт, он екі ишан бар екен. Десе де, өз алдына дербес қазақ мүфтиятының жоқтығына қайғырып, мешіт-медресе салдыру ісінде өзінің барша күш-жігерін аямаған Ерімбет ақын тілін алмағандарға: «Жер үстін кәпір алып кетсе – дағы, Дін аумай келе жатыр бұлжымастан», – деп күйінді. Пайғамбардың ақ туының астындағы ақиқи дінді тұтынып, құлшылық етуден басқа ауыр жұмыстың қалмағанын айтып, жалғаншының түбіне жететін жан болмайтынын ескертіп, аһ ұрған шайыр үшін «Мысалы, жалғаншының ойлағанға, Саудаға өтпей қалған бір прос тас!», – қана еді.

Ерімбет күллі адамзатқа ислам идеологиясы ұсынған жаңа жүйені насихаттаушы Сыр сүлейлері арасында дамыған ескішіл бағыт – қадим негізінде тәрбиеленіп, герменевтикаға бой ұсынған тәпсіршіл шайыр, софылық тәрбиеге суарылған поэзияның туын көкке көтерген алдыңғы шептегі жаңашылдардың бірі. Ерімбет ағартушылығы исламдағы күрделі мәселелер мен шарифат шарттарын жыр-уағыз арқылы айта отырып халықтың көзін ашып, көкірігін ояту мәселеріне негіздеген. Бұл жерде ескеретін бір жәйт: халыққа жаппай тегін білім беру – ағартушылық идеологияның да, кешегі большевиктік-кеңестік идеологияның да мәдени бағдарламасының желіқазығы – Француз ағарту дәуірінің доктриналарына сүйенетіндігі. Ал, діни-ағартушылық бағыт жәдит тұрғысынан қарастырғанда дінді жаңа заманға бейімдеп, кітаби үрдіс арқылы еуропалық білім үлгісі негізінде уағыздауды жақтайды.

Ол өзінің толғау, дастан, қиссалары арқылы Құран-Кәрім аяттары мен пайғамбар хадистерін тарихтап қана қоймай, таратып, тармақтап, мағынасын түсіндіріп, оны үнемі ұлттық ұғымға сай ұлағаттап отырады. Қадим, яғни, естелік тұрғысынан келгенде діни-ағарту исламдық мораль – ақлақты Құран сүрелеріне сүйене отырып уағыздау, пайғамбар хадистері негізінде шарифат айту, ислам тарихын толғау, дастандарының сюжетіне бөлеп, оны қазақи ұғымдар мен тәлім-тәрбиелік маңызға толы ұлағат сөзіне сіңіріп отыру – Ерімбет шайыр шығармашылығының басты сипаттарының бірі.

Материалдар мен әдістер

Сыр бойы ақын-жырауларына байланысты зерттеу еңбектер аз емес, алайда олар көбіне жалпы шығармашылығына, шығармалары көркемдігіне қатысты болып келеді. Сонымен қатар Сыр сүлейлері шығармашылығындағы ислами құндылықтарға қатысты да бірнеше еңбек бар, алайда, оларда ислами дүниетанымдық өлең-жырлардағы тәрбие, тәлім зерттеу нысанына айналмаған. Сондықтан мақалада А. Байтұрсынұлы, С. Мұқанов, Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, Б. Кенжебаев, Т. Кәкішов, Н. Келімбетов, Р. Бердібаев, С. Қасқабасов, Ә. Дербісәлин, М. Мырзахметов және т.б. аға буын ғалымдар мен ел тәуелсіздігінен бергі кезде еңбектері жарық көрген А. Жақсылықов [2], Б. Әзібаева [3], М. Әбдуов [4], Д. Сатмирова [5], Ф. Жұмажанова [6], Ұ. Байбосынова [7], Ғ. Тұяқбаев [8], С. Бермағанбетов [9], Ұ. Қалижанұлы [10], Б. Жүсіпов [11], Ұ. Жанбершиева [12], А. Әбдірасылқызы [13] және т.б. ғалымдар ой-пікірлері қорытыла, зерттеу материалы ретінде Ерімбет Көлдейбекұлы шығармалары алынды.

Жұмыста талдау, салыстыру, салғастыру әдістері қолданды.

Нәтижелер

Зерттеу жұмысының нәтижесінде қазақ әдебиеті тарихында осы күнге дейін зерттеу нысанына айналмай келе жатқан ислами дүниетанымдық өлең-

жырлардағы тәлім-тәрбие мәселесі зерттеуге алынып, осы көкейтестіліктің әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келе жатқандығы көрсетіле отырып, Қарасақал Ерімбет шығармаларына талдау жасау арқылы Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларында ислами дүниетаным мен ұлттық тәрбие ісі тығыз бірлікте екені, ұлттық тәрбиеде олардың шығармалары адам кемелдігі, адам сұлулығы тәрбиесін негізгі бағыт еткені, сол арқылы ұрпақ, ел дамуына үлес қосқаны анықталды. Қарасақал Ерімбет шығармаларының көркем кестесі, тәрбиелік мәні, тәлімдік қуаты мысалдар арқылы дәлелденді.

Талдау

Ерімбет шайыр шығармаларында «Нешеулер әйелінің тілін алып, Айрылып иманынан қадір өтті», – деген діни көзқарасын да ашық айтқан. Біз Ерімбет шайырдың ислам діні тақырыбын көтерген шығармаларын саралай келе, оның мінәжат және насихат үлгісінде көптеп қалам тербегенін аңғарамыз. Бір сөзбен айтқанда, ол өз жырларында ислам дінінің қағидаларына сай Жаратушыға жалбарынып, тілек тілеп, мінәжат етеді. Сонымен қатар, алған діни білімін ізіне ерген шәкірттері мен жалпы көпшілікке үгіт-насихат ретінде өлеңмен жеткізіп отырады.

Мінәжат жырлар Сыр сүлейлері шығармашылығында ерекше орынға ие. Мінәжат сөзі араб тілінен енген кірме сөз. Н. Оңдасынов құрастырған «Арабша-қазақша түсіндірме сөздікте» оның мағынасы былай деп берілген: «Күпия намазда құдайға мұңын айтып жалыну, жалбарыну, оны мақтау» [14, 252]. Бұл бір сөзбен айтқанда, күдіреті күшті Жаратушыға жалбарынып, тілек тілеп, дұға қылу дегенге саяды. Аталмыш жырлардың мәселесін теориялық тұрғыда қазақ әдебиеттану ғылымы саласында ең алғаш Ахмет Байтұрсынов көтергені белгілі. Әйгілі «Әдебиеттанушы» еңбегінде ол әдебиетті діндар дәуір және ділмәр дәуір деп екіге бөліп көрсетеді де, мінәжатты діндар дәуірі ішінде қарастырады. «Діндар дәуір мұңды, зарлы сөздеріне мінәжат деп ат қойған. Әуелінде мінәжат деп ғұламалардың құдайға айтқан зары, арызы, налысы айтылған. Бара-бара зарлық, мұңлық мағынасына айналып, зарлық өлең сияқты сөздер де мінәжат деп аталатын болған» [15, 150]. Демек, мінәжат – жеке жанр емес, діни әдебиеттің ішіндегі бір түрі. А. Байтұрсынұлының діндар дәуірі ішінде қарастыруының себебі де осыдан болса керек. Мінәжат мәселесінде түбі бір түркі жұртының пайымы ортақ. Татар әдебиетіндегі мінәжат жырлары туралы зерттеуші А. Камалиеваның да пікірі осымен үндес. Өз зерттеуінде ол татар халық әдебиетіндегі ең маңызды жырлардың бірі болған мінәжат өлеңдердің негізгі мағынасы Алланы сүю, Аллаға жалбарыну және дұға қылу тақырыбын қамтиды деп баға береді. Бұл да жоғарыдағы ой-пікірлермен үндеседі. Тағы да айтылатыны бір жәйт – бұл мінәжатқа ақындардың жеке басы үшін ғана

емес, отан мен ұрпақ үшін Алладан тілек тілеген, дұға қылған өлеңдері де жататындығы.

Ерімбет ақын жырларының арқауында күнделікті қолданыстан шығып қалған архаизмдерге толы тілдік-көркемдік қолданыстар көп кездеседі. Осы тұста тағы да айрықша атап өтетін нәрсе – оның жырларына тән ерекшеліктің бірі – суреттеумен қоса мысалдап, баяндап отырудың басымдығы екендігі.

Мәселен, «Тәубе – бұлт, көңіл – тұман, қанағат – күн», «Нәпсі – жар, шайтан – бөрі қорғалаған», «Бай – қайқы, молла – ғазиз, софы – ғафис», «Дәме – арам, жайма қолыңды ешбір жанға», «Еріншек – емсіз кесел, ауру дайын», «Артында ер жігіттің дәулет – перзент», «Ей, Алла, әмірің – парыз, дәдің – қабыл!», «Дүнианың әуелі – гүл, ақыры – ғар» сияқты тіркестер оның білім нәрінің қанықтығының, шайыр шығармаларының халық ауыз әдебиетімен егіз өрім туыстығының белгісі [16, 78–84].

Қарасақал Ерімбет шығармаларынан оның бір Аллаға ғана сенетін мұсылман екендігін, сонымен қатар кезкелген нәрсенің себебі Алла деп білетінін аңғарамыз. Өйткені өзінің «Ісболмас жаратқансыз бір халіхал» атты еңбегінде астрономиялық болсын, географиялық болсын, барлық нәрсе Аллаға мұхтаж екендігін айта келіп, Өз пайғамбарымыздың жүз жиырма төрт мыңпайғамбардың ішіндегі бәрінен де абзал туылғандығын атап өтеді.

«Іс болмас жаратқансыз бір халі-хал!

Айтылған хикаяға құлағың сал,

Әдиәти болсаң мүмкін, кеуіліңе ал!

Аспан, жер астын-үстін болса-дағы,

Іс болмас, Жаратқансыз бір халі-хал!

Боздағы – бір жүз жиырма төрт мың пайғамбардың,

Бәрінен абзал туыпты біздің Мұрсал!

Ғаламда жан беретін болып Сәруар,

Барша ислам саясынан тапты сауал» [16, 67].

Бұл өлеңнің ішіндегі пайғамбарымыздың ауыз екі әңгіменің арасында көп қолданыла бермейтін Мұрсал есімімен атауының өзі шайырдың діни хабарының жоғары екендігіне меңзейді. Сонымен қатар Ерімбеттің өлеңдерінің ішінде азшумақты өлеңдеріне жататын «Ерміндеті» атты өлеңінде Исламның парыздары мен сүннет, уәжіп сияқты амалдар туралы сөз қозғап иманның дәрежесі жоғарылығын, Алла тарапынан түскен төрт кітаптың да танымал екендігін жеткізеді. Адам баласы жалған дүниені біліп бола алмайтынын, күйбең тіршілікке салынып жаныға бермеу керектігін меңзейді ақын. Шыдамдылық пен сабырлылықтан пайғамбарлар арасында да аты мәшһүр болған Аюб пайғамбар туралы айта кетіп ерлерді соның ішінде қазақ ерлерін сабырлылыққа шақырғысы келген сияқты.

«Парыз бен уәжіп, сүннет – ерміндеті,
Иманның, боржа келсе, көп құрметі.
Мағынасы төрт кітаптың мәшһүр болып,
Құранның келді бізге сүре, аяты.
Айлады Халил үшін отты гүлзар,
Сақтады, етпеді кәр, қалың өрті.
Он жеті жыл құрт жесе де тимеді қаш,
Аюбтың тапты сабыр жамал еті.
Еш пенде біліп болмайды фәни халді,
Тең болған күллі ғаламға құдіреті!» [16, 66–67].

Сонымен қатар әлемнің тылсым сыры да осы өлеңде айтылады. Біреулер Ерімбет өлеңдеріне аскеттік сипат беруі мүмкін. Менің ойымша Қарасақал Ерімбет аскеттік сипаттағы ақындардан көшілгері шайыр.

«Көз жұмып тәуекелге, дарияны кеш!
Кел, кеуілім, Хақтан қауіп ет, қорықпа құлдан,
Пендеге пенде қылмақшы келсе қолдан.
Әзелде Тәңірім сені сақтаса аман,
Қарсы жүр жанған отқа, қалма жолдан!
Бай – қайқы, молла – ғазим, сопы – ғафис,
Алладан бәй әмірсіз болмайды іс еш.
Тағдырда жазулы істің жоқ жазымы,
Көз жұмып тәуекелге, дарияны кеш!» [16, 70].

Дана халқымызда бабаларымыздан қалған мынадай керемет аталы сөздер бар. «Тәуекел деген – желқайық, мінерсің де жетерсің. Уайым деген – тұңғұйық, батарсың да кетерсің». Өсиеті де, өнегесі де мол осы сөздермен Қарасақал Ерімбет атамның «Көз жұмып тәуекелге, дарияны кеш» атты өлеңі ой тоғыстыратын секілді. Бұл өлеңде ақын Алладан қорқу керектігін, адамнан қорқып қажеті жоқ екенін айтып, онсызда руға бөлінгіш қазақтың жатбауырлық қасиетті болмауын ойлайды. «Қарсы жүр жанған отқа» деп келетін тармақтан біз ақынның пайғамбарлар қиссасынан да терең мағұлматты екенін көреміз. Ол Ибраһим пайғамбардың Алла жолында қорықпай отқа түсіп, аман қалған оқиғасынан үлгі еткен. «Алладан бәй әмірсіз болмайды іс еш» деген тармақта Алла жазған тағдырдан асып ешнәрсе болмайтынын меңзейді. Қазақтың «жазымыштан озымыш жоқ» деген тәмсілін жыр-мағына кестесіне салады.

Шығармаларынан шайырдың өзіне сын көзімен қарайтынын, өзгеден бұрын өзіне талап қоя алатын адам екенін аңғарамыз. Осы қырының өзі ұлы ақын Абаймен қатты ұқсас, бұдан бірін-бірі көрмесе де замандас ақындардың бір соқпақпен жүргені байқалады. Ащы шындықты айту – Аллаға жаққанымен, адамға жаға бермейтінін меңзейді.

Қазақта Иса десен кәпір деп шыға келетіндері кездеседі. «Жалғаншы ерге опа берген емес» деген өлеңінде акын сол біз атаған қазақы кептен, қазақы түсініктен жоғары тұрғанын және бір дәлелдейді. Бұған акын өлеңнің мазмұнына үңілсек, анық көз жеткізуге болады:

«Исаны туған емес ерке етіп,
Болды абзал бибі Мария нәпсі тиып.
Жебірейіл әби аттан алып келіп,
Сүлеймен құрды кеңес жұртын жиып.
Келмеген жанды мақұлық қалмаған соң,
Қағазға қайыр болды жанын қиып.
Жаһанға уақытында үкімі жүрген,
Ескендір ағзам еді сонша биік.
Жалғаншы ерге опа берген емес,
Неше ерлер жатыр сондай жерге сиып» [16, 78].

Тек Иса пайғамбар ғана емес, оның анасы Мәриәм туралы, Жебірейіл періштенің, Сүлеймен пайғамбар және оны жаһанға үкімі жүрген уақыты, Ескендір Зұлқарнайн, оның өте биік даңқы туралы айтқанда ондағы оқиғалардың мазмұны Қасиетті кітабымыз Құран сүрелеріндегі аяттармен мағыналас келуі, ол айтылғандардың барлығы өлеңде мағыналы ұйқас табуы таңқалдырмай қоймайды. Бұл айтылғандар біздің Қарасақал Ермбеттің Құранды жетік меңгерген ғалым болған деп топшылауымызға негіз бола алады. Акынның «Патшамыз не дер екен бізге сонда?» өлеңін алып қарасақ қазақтың басқа акындары секілді дүниенің екі келместігімен айналып қана қоймай, өлімнен безінбей, шошынбай, керісінше иманын үйіріп отырады, мұның барлығы өлең өрнегіне түседі.

Қарасақал Ермбет акынның келесі өлеңі тәлімге толы, тұңғұйық терең ойлармен көріктенеді. Адамзат баласының бір атасы болып табылатын Адам ата мен әйел біткеннен тұңғыш болып Адам атаның қабырғасынан жаратылған Хауа анамыз туралы жырлайды. «Бел байлап тәуекелге, қойдым қалам!» атты осы өлеңінің мазмұнына үңілсек:

«Халық болған әуелі Адам, соң Хауа Ана.
Топырақтан сурет айлап, қылған бінә.
Ғайыптың Меккеменен ортасында
Уәнада көп тұрғызды Хақ тағала.
Төбіреніп суретіне жан кірген соң.
Жебірейіл тағылым берді «Айт, – деп, – сәне!»
Әлһамды оқып Хаққа, «Орныңнан тұр!»
Пейішке пәрмен қылды «Кір!» деп жаңа.
Хауаны сол тараптан жаратқан соң.
Жебірейіл некесін қиды жұптың, ана!

Бес жүз жыл пейіш кезген екі жаннан,
Бір мұндайдан зиян көрді зәрре ғана.
Жұмактан шайтан сөйтіп шығарған соң,
Көздері жылауменен зарын ала» [16, 82].

Большинство исследователей солидарны с мнением российских ученых о смещении границ литературного стиля в СМИ. Немаловажную роль в этом играют активные словарные процессы в языке СМИ: пополнение словарного состава экзотизмами, окказионализмами, коллоквиальной лексикой и др. Эти процессы, по мнению ученых, обусловлены тенденциями развития самого общества. В данном аспекте интересна работа К.К. Сегизбаевой [5], автор анализирует коллоквиальную лексику и фразеологию в газетном дискурсе, выявляет прагматический аспект использования данного языкового пласта, а также отмечает их общее влияние на литературный язык. Исследователь определяет состав современного просторечия, периферийная зона которого пополняется жаргонной, профессиональной, окказиональной, нормированной лексикой. В работе автор делает выводы, что изменения в семантике слов, новообразования и новая сочетаемость обусловлены изменениями в языке современного общества.

Г. К. Рахимжанова [6] исследует такой пласт лексики, функционирующей в СМИ Казахстана, как тюркизмы. Они подразделяются на освоенные и неосвоенные, тюркизмы-вкрапления, тюркизмы-реалии. К тюркизмам-реалиям относятся слова из тюркских языков, заполняющие лакуны русского

текста, потому что в русской языковой картине мира отсутствует предмет или деталь быта. Автор отмечает, что тюркизмы обладают стилистической маркированностью и расширяют языковую картину мира русскоязычного читателя.

Л. Б. Нагиятова [7] изучает вопросы присутствия и использования иноязычной лексики, аббревиатур, сниженных лексем в материалах газет, их характерные особенности и тенденции. Также автор затрагивает вопросы жанрового своеобразие региональной печати, отмечая эволюционный характер системы жанров.

Наиболее полно представлен лексический пласт языка СМИ Казахстана в монографически-лексикографическом труде В. А. Исенгалиевой [8]. На обширном фактическом материале автором изучены и систематизированы инновации словоупотребления и словообразования в области имен существительных, прилагательных, глаголов, наречий и словосочетаний в русскоязычной прессе Казахстана.

Современные казахстанские исследователи активно интересуются функционированием фразеологических единиц в СМИ Казахстана. Думается, что данный феномен привлекает ученых своей ярко выраженной экспрессивной и прагматической направленностью, которая, в свою очередь, отражает стилистическую тенденцию медиадискурса. Например, М. М. Аймагамбетова [9] в своей работе обращает внимание на функционирование трансформированных фразеологизмов в заголовках СМИ, отражающих процесс актуализации языковых средств. Автор определяет их как метод вторичной номинации и способ интеллектуализации языка СМИ.

Таким образом, казахстанские ученые на данный период ведут достаточно разнонаправленные исследования в этой области, но не охватывают весь спектр проблем тематики.

Еще одно направление, интересующее современных исследователей СМИ Казахстана, является дискурсивно-прагматического характера: Ф. З. Жаксыбаева «Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығатын газет материалдары бойынша)», 2000; Г. К. Ихсангалиева «Функционально-прагматический анализ газетных заголовков (на материале казахстанских газет и телепрограмм)», 2000; Г. А. Солтанбекова «Қазақ жарнамалары: тілдік сипаты және олардың ықпал ету қызметі», 2001; А. Т. Таткенова «Функционально-прагматический аспект экспрессивно-синтаксических конструкций в казахском и английском языках (на материале языка газет)», 2003; И. М. Филиппова «Рекламный текст в СМИ Республики Казахстан», 2003; Ж. С. Абаева «Парентезные конструкции современного русского языка в газетном тексте: семантика и прагматика», 2006; З. Ж. Аманбаева «Функционально-прагматический аспект знаков препинания

в газетном тексте на английском и казахском языках», 2006; А. Г. Бозбаева «Оценочность рекламного текста в СМИ Республики Казахстан (на материале теле- и радиожурналистики)», 2006; К. У. Есенова «Прагматика современного казахского медиа-текста (на материале периодической печати)», 2007; Д. С. Сурова «Заголовок как компонент публицистического (газетного) текста в прагматическом аспекте», 2008; Е. Н. Ормаханова «Телевизионный дискурс системно-функциональный аспект (на материале развлекательно-публицистической программы «Талант шоу»», 2018; Г. Б. Норузова «Лингвопрагматическая специфика юридического медиадискурса (на материале английского и русского языков)», 2018 и др.

Прагматический подход в исследованиях дискурса СМИ выражается в выявлении функционально-языковых особенностей медиатекстов суггестивной направленности. Объектом исследования данного направления часто выступают тексты аналитического характера и реклама. Например, в работе И. М. Филипповой [10] исследуется прагматический эффект и специфика языковых единиц (лексических, фразеологических и синтаксических) рекламных текстов в зависимости от жанровой характеристики текста и канала коммуникации.

Функционально-прагматический эффект заголовков газет и названий телепрограмм рассмотрен в работе Г. К. Ихсанғалиевой [11]. Автор провел комплексное (функциональное, структурное, семантическое, прагматическое) описание основных закономерностей развития заголовков в сопоставительном аспекте, разработал типологию заголовков с учетом синтаксических особенностей.

В исследовании К. У. Есеновой [12] выявлена зависимость прагматического потенциала газетного текста от журналистского мастерства, языковой компетенции, адекватного восприятия адресатом информации в тексте. Автор систематизировал и классифицировал прагматические интенсификаторы в газетных текстах.

Лингвокогнитивные исследования в Казахстане велись в большинстве случаев призму билингвальной этноязыковой ментальности казахского народа. Современные исследования когнитивной лингвистики продолжают традиции известных ученых-лингвистов Казахстана М. М. Копыленко, Е. Н. Жанпеисова, З. К. Ахметжановой, Э. Д. Сулейменовой, З. К. Сабитовой, Г. Г. Гиздатовой и др. На современном этапе изучения языка СМИ Казахстана с лингвокогнитивной точки зрения интерес представляют работы ученых: Г. С. Кусаиновой «Функциональный аспект политической метафоры на страницах казахскоязычных и англоязычных газет», 2006; Д. Б. Калкабековой «Метафора персонификации в публицистическом дискурсе (на материале казахстанских СМИ)», 2010; С. А. Садуакасовой «Политические метафоры в

медиатекстах: социально-лингвистические и педагогические аспекты», 2015; А. И. Скрипниковой «Лингвокогнитивный аспект исследования языка СМИ (на материале полиязычной казахстанской прессы)», 2015 и др.

Д. Б. Калкабекова [13] рассматривает концептуальную метафору персонификации в публицистическом дискурсе. Ученый отмечает важность метода метафорического моделирования в выявлении новых тенденций в развитии лексической системы и особенностей казахстанского национального сознания.

В работе А. И. Скрипниковой [14] исследован язык полиязычной казахстанской прессы с точки зрения реализации основных когнитивных форматов знаний (концепт, понятие, фрейм, сценарий, гештальт) и их языковой объективации; выявлены когнитивные форматы кодирования информации, характерные для полиязычных СМИ Казахстана; обоснована возможность отнесения речевых клише к гештальтам.

Таким образом, данные исследования направлены на изучение языка СМИ с точки зрения когнитивной лингвистики и лингвопрагматики, где выявляются закономерности порождения различных концептуальных феноменов в текстах СМИ как механизмов воздействия на сознание публики.

Описание и анализ языковой личности в публицистических текстах представлены в следующих диссертациях: З. Н. Ермағанбетова «Қақімжан Қазыбаевтың көркем-публицистикалық мұрасы», 2007; Г. Ш. Әшірбекова «Асқар Токмағамбетовтің публистикасы», 2007; Г. Б. Еңсепова «Фариза Оңғарсынова – журналист, публицист», 2009; Р. Р. Жаева «Способы актуализации прецедентных феноменов в публицистических текстах Ю. Д. Поминова», 2012 и др.

В этом направлении представляет интерес работа Р. Р. Жаевой [15], которая рассматривает публицистические тексты современного автора Ю. Д. Поминова. Ученый изучает способы актуализации прецедентных феноменов, на основе которых выявляет идиостиль журналиста.

Большинство вышеперечисленных трудов анализируют язык газеты, так как данный вид медиатекста улавливает и передает все основные тенденции (новые явления из общественной, политической и других сфер деятельности), происходящие в обществе на данный момент, и способен оперативно и довольно точно показывать изменения в языке. Однако на сегодняшний день язык СМИ значительно расширил свои границы, и соответственно – сферу влияния на общественное сознание.

Относительно новое направление СМИ – конвергентная журналистика, вошло в нашу жизнь с активным распространением глобальной сети Интернет. Среди казахстанских исследований уделили внимание данной проблеме: А. С. Рузуддинова «Соотношение звука и изображения в электронных СМИ

Казахстана», 2003; С. И. Лось «Интернет-СМИ Казахстана как конкурент традиционных медиа Республики», 2010; И. К. Мамбетова «Актуальные проблемы прессы Казахстана (1991–2016 гг.)», 2016; З. Қ. Буенбаева «Традиции, контент и конвергенция в медиапроцессе Востока и Запада: (сравнительный анализ)», 2019 и др.

В работе А. С. Рузуддиновой [16] изучено соотношение звука, слова и изображения в СМИ. Автор исследует новую лаконичную форму аудиовизуального информационного сообщения – слоган, определяет его специфичные стилистические и языковые особенности: сжатость изложения, использование слов в номинативном значении, индивидуальный авторский стиль, экономное использование языковых средств.

В своем труде И. К. Мамбетова [17] раскрывает актуальные проблемы журналистики Казахстана в социально-политическом контексте за период независимости. В исследовании подвергаются анализу конвергентная журналистика и намечаются основные тенденции ее развития, автор вносит свои предложения для дальнейшего развития прессы Казахстана.

В диссертационной работе З. К. Буенбаевой [18] рассматривается комплексное изучение традиции, контента и процесса конвергенции в медиа пространстве Востока и Запада. Основной целью исследования является определение возможностей медиа в эпоху быстро развивающихся технологий, анализ казахстанского сегмента нового формирования медиа и условий его развития, объективное осмысление заимствованного западного опыта современных медиатехнологий.

В общем, исследования в русле конвергентной журналистики направлены на изучение нового формата медиатекста, включающего в себя мультимедиа.

Выводы

Итак, исследование научных трудов ученых в области языка казахстанских СМИ позволило выявить некоторые особенности и заключить следующие выводы. Во-первых, при рассмотрении различных аспектов языка СМИ, его языковых процессов большинство ученых обращаются к газетному дискурсу. Это обусловлено тем, что в нем более полно и наглядно отражены основные тенденции современного развития языка. Во-вторых, авторы чаще всего исследуют лексический пласт казахстанских медиатекстов с точки зрения стилистической, функциональной и прагматической направленности. На наш взгляд, такой интерес к лексике вызван тем, что она наиболее «чувствительный» элемент в системе языка, который реагирует на любые изменения в обществе. В-третьих, ряд исследований посвящен изучению медиатекстов в когнитивно-прагматическом ракурсе, от которого также зависит выбор языковых средств в СМИ. В-четвертых, исследования

конвергентных процессов в СМИ направлены на изучение взаимодействия языка и современных технологий. В-пятых, в работах авторов не представлен комплексный функционально-стилистический анализ казахстанских медиатекстов, что открывает возможности для дальнейшего исследования языка СМИ.

Список использованных источников

- 1 **Добросклонская, Т. Г.** Роль СМИ в динамике языковых процессов [Текст] // Вестник МГУ. Сер. 19. Лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2005. – № 3. – С.38–68.
- 2 **Володина, М. Н.** Язык средств массовой информации [Текст] : учеб. пос. для вузов / под ред. М. Н. Володиной. – М. : Академический Проект; Альма Матер, 2008. – 760 с.
- 3 **Солганик, Г. Я.** Язык СМИ на современном этапе [Текст] // Мир русского слова. – 2010. – № 2. – С.21–24.
- 4 **Нургожина, Ш. И.** Основы журналистики. Теоретические аспекты функционирования современной журналистики Казахстана [Текст] : учеб. пособие. – Изд. 2-е, дополн. – Алматы : Қазақ университеті, 2012. – 140 с.
- 5 **Сегизбаева, К. К.** Изменение активного пласта разговорной просторечной лексики в дискурсе СМИ : автореф. дис. ... канд. филол. наук : спец.10.02.01 – Русский язык [Текст]. – Петропавловск, 2006. – 28 с.
- 6 **Рахимжанова, Г. К.** Тюркизмы в русском газетном тексте (на материале в СМИ южного региона Республики Казахстан) : автореф. дис. ... канд. филол. наук : спец.10.02.01 – Русский язык [Текст]. – Астана, 2004. – 26 с.
- 7 **Нагиятова, Л. Б.** Функционально-типологические и жанровые особенности региональной печати постсоветского Казахстана (по материалам печати Кызылординской области) : автореф. дис. ... канд. филол. наук : спец.10.01.10 – Журналистика [Текст]. – Казань, 2012. – 23 с.
- 8 **Исенгалиева, В. А.** Новообразования в русскоязычной прессе Казахстана (1991-2008 гг.) [Текст] : монография. – Алматы: М-во образования и науки Респ. Казахстан, Казахский гос. женский пед. ун-т, 2010. – 343 с.
- 9 **Аймагамбетова, М. М.** Функционирование трансформированных фразеологизмов в заголовках казахстанских газет и новостных сайтов: дис. ... д-ра филос. (PhD) : спец. 6D020500 – Филология [Текст]. – Алматы, 2018. – 207 с.
- 10 **Филиппова, И. М.** Рекламный текст в СМИ Республики Казахстан : автореф. дис. ... канд. филол. наук : спец.10.02.19 – Теория языка [Текст]. – Алматы, 2002. – 24 с.

11 **Ихсанғалиева, Г. К.** Функционально-прагматический анализ газетных заголовков (на материале казахстанских газет и телепрограмм): дис. ... канд. филол. наук : 10.02.00 – Языкознание [Текст]. – Алматы, 2000. – 135 с.

12 **Есенова, Қ. Ө.** Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде): филол. ғыл. док. ... дис.: 10.02.02 – Қазақ тілі [Текст]. – Алматы, 2007. – 345 б.

13 **Калкабекова, Д. Б.** Метафора персонификации в публицистическом дискурсе (на материале казахстанских СМИ) : автореф. дис. ... канд. филол. наук : спец. 10.02.01 – Русский язык [Текст]. – Алматы, 2010. – 24 с.

14 **Скрипникова, А. И.** Лингвокогнитивный аспект исследования языка СМИ (на материале полиязычной казахстанской прессы): дис. ... д-ра филос. (PhD) : спец. 6D021300 – Лингвистика [Текст]. – Алматы, 2015. – 158 с.

15 **Жаева, Р. Р.** Способы актуализации прецедентных феноменов в публицистических текстах Ю. Д. Поминова : автореф. дис. ... канд. филол. наук : спец. 10.02.19 – Теория языка, 10.02.01 – Русский язык [Текст]. – Кемерово, 2012. – 26 с.

16 **Рузуддинова, А. С.** Соотношение звука и изображения в электронных СМИ Казахстана : автореф. дис. ... канд. филол. наук : спец. 10.01.10 – Журналистика [Текст]. – Алматы, 2003. – 27 с.

17 **Мамбетова, И. К.** Актуальные проблемы прессы Казахстана (1991-2016 гг.): дис. ... канд. филол. наук : 10.01.10 – Журналистика [Текст]. – М. : 2016. – 163 с.

18 **Буенбаева, З. Қ.** Шығыс және Батыс медиа үдерісі: дәстүр, контент және конвергенция (салыстырмалы талдау): философия докторы (PhD) диссертация : 6D050400 – Журналистика [Текст]. – Алматы, 2019. – 170 с.

References

1 **Dobrosklonskaya, T. G.** Rol' SMI v dinamike yazy'kovy'x processov [The role of the media in the dynamics of language processes] [Text] // Vestnik MGU. Ser. 19. Lingvistika i mezhkul'turnaya kommunikaciya. – 2005. – № 3. – P. 38–68

2 **Volodina, M. N.** Yazy'k sredstv massovoj informacii : ucheb. pos. dlya vuzov [Media language] [Text]. / pod red. M. N. Volodinoj. – Moscow : Akademicheskij Proekt; Al'ma Mater, 2008. – 760 p.

3 **Solganik, G. Ya.** Yazy'k SMI na sovremennom e'tape [Media language at the present stage] [Text] // Mir russkogo slova. – 2010. – № 2. – P. 21-24.

4 **Nurgozhina, Sh. I.** Osnovy' zhurnalistiki. Teoreticheskie aspekty' funkcionirovaniya sovremennoj zhurnalistiki Kazaxstana: ucheb. posobie [Fundamentals of journalism. Theoretical aspects of the functioning of modern journalism in Kazakhstan] [Text]. – Izd. 2-e, dopoln. – Almaty' : Qazaq universiteti, 2012. – 140 p.

5 **Segizbaeva, K. K.** Izmenenie aktivnogo plasta razgovornoj prostorechnoj leksiki v diskurse SMI : avtoref. dis. ... kand. filol. nauk : specz. 10.02.01 – Russkij yazy'k [Changing the active layer of colloquial colloquial vocabulary in the media discourse : autoref. dis. ... of Candidate of Philology : spec. 10.02.01 – Russian language] [Text]. – Petropavlovsk, 2006. – 28 p.

6 **Raximzhanova, G. K.** Tyurkizmy' v russkom gazetnom tekste (na materiale v SMI yuzhnogo regiona Respubliki Kazaxstan) : avtoref. dis. ... kand. filol. nauk : specz. 10.02.01 – Russkij yazy'k [Turkisms in the Russian newspaper text (based on the material in the media of the southern region of the Republic of Kazakhstan) : autoref. dis. ... of Candidate of Philology : spec. 10.02.01 – Russian language] [Text]. – Astana, 2004. – 26 p.

7 **Nagiyatova, L. B.** Funkcional'no-tipologicheskie i zhanrovye osobennosti regional'noj pechati postsovetskogo Kazaxstana (po materialam pechati Ky'zy'lordinskoj oblasti) : avtoref. dis. ... kand. filol. nauk : specz. 10.01.10 – Zhurnalistika [Functional-typological and genre features of the regional press of post-Soviet Kazakhstan (based on the materials of the press of the Kyzylorda region) : autoref. dis. ... of Candidate of Philology : spec. 10.01.10 – Journalism] [Text]. – Kazan', 2012. – 23 p.

8 **Isengalieva, V. A.** Novoobrazovaniya v russkoyazy'chnoj presse Kazaxstana (1991-2008 gg.) : monografiya [New developments in the Russian-language press of Kazakhstan (1991-2008)] [Text]. – Almaty' : M-vo obrazovaniya i nauki Resp. Kazaxstan, Kazaxskij gos. zhenskij ped. un-t, 2010. – 343 p.

9 **Ajmagambetova, M. M.** Funkcionirovanie transformirovanny'x frazeologizmov v zagolovkax kazaxstanskix gazet i novostny'x sajtoj : dis. ... d-ra filos. (PhD) : specz. 6D020500 – Filologiya [The functioning of transformed phraseological units in the headlines of Kazakh newspapers and news sites : dis. ... of doctoral philosophy (PhD) : spec. 6D020500-Philology] [Text]. – Almaty', 2018. – 207 p.

10 **Filippova, I. M.** Reklamny'j tekst v SMI Respubliki Kazaxstan : avtoref. dis. na soiskanie uch. stepeni kand. filol. nauk : specz. 10.02.19 – Teoriya yazy'ka [Advertising text in the media of the Republic of Kazakhstan : autoref. dis. ... of Candidate of Philology : spec. 10.02.19-Theory of language] [Text]. – Almaty', 2002. – 24 p.

11 **Ixsangalieva, G. K.** Funkcional'no-pragmaticheskij analiz gazetny'x zagolovkov (na materiale kazaxstanskix gazet i teleprogramm): dis. ... kand. filol. nauk : spec. 10.02.00 – Yazy'koznaniye [Functional and pragmatic analysis of newspaper headlines (based on Kazakhstani newspapers and TV programs) : dis. ... of Candidate of Philology : 10.02.00-Linguistics] [Text]. – Almaty', 2000. – 135 p.

12 **Yesenova, K. U.** Qazirgi qazaq media-mätininiñ pragmatikası (qazaq baspasöz materialdarı negizinde) : filol. ғыл. dok. ... dis.: specz. 10.02.02 – Qazaq

tılı [Pragmatics of modern Kazakh media text (based on Kazakh press materials) : philol. science. doc. ... dis. : spec. 10.02.02 –Kazakh language] [Text]. – Almaty, 2007. – 345 p.

13 **Kalkabekova, D. B.** Metafora personifikacii v publicisticheskom diskurse (na materiale kazaxstanskix SMI) : avtoref. dis. ... kand. filol. nauk : specz. 10.02.01 – Russkij yazы`k [The metaphor of personification in journalistic discourse (based on the Kazakhstani media) : autoref. dis. ... of Candidate of Philology Sciences : spec. 10.02.01 – Russian] [Text]. – Almaty, 2010. – 24 p.

14 **Skripnikova, A. I.** Lingvokognitivny`j aspekt issledovaniya yazы`ka SMI (na materiale poliyazy`chnoj kazaxstanskoj pressy`) : diss. na soiskanie step. d-ra filos. (PhD) : specz. 6D021300 – Lingvistika [Linguistic and cognitive aspect of the study of the language of the media (on the material of the multilingual Kazakhstani press) : dis. ... of doctoral philosophy (PhD) : spec. 6D021300 – Linguistics] [Text]. – Almaty, 2015. – 158 p.

15 **Zhaeva, R. R.** Sposoby` aktualizacii precedentny`x fenomenov v publicisticheskix tekstax Yu.D. Pominova : avtoref. dis. na soiskanie uch. stepeni kand. filol. nauk : specz. 10.02.19 – Teoriya yazы`ka, 10.02.01 – Russkij yazы`k [Ways of actualization of precedent phenomena in Yu.D. Pominov's journalistic texts : autoref. dis. ... of Candidate of Philology : spec. 10.02.19 – Theory of language, 10.02.01 – Russian language] [Text]. – Kemerovo, 2012. – 26 p.

16 **Ruzuddinova, A. S.** Sootnoshenie zvuka i izobrazheniya v e`lektronny`x SMI Kazaxstana : avtoref. dis. ... kand. filol. nauk : specz. 10.01.10 – Zhurnalistika [The ratio of sound and image in the electronic media of Kazakhstan : autoref. dis. ... of Candidate of Philology : spec. 10.01.10 – Journalism] [Text]. – Almaty, 2003. – 27 p.

17 **Mambetova, I. K.** Aktual`ny`e problemy` pressy` Kazaxstana (1991–2016 gg.) : dis... kand. filol. nauk : specz. 10.01.10 – Zhurnalistika [Actual problems of the press in Kazakhstan (1991-2016) : dis... of Candidate of Philology : spec. 10.01.10 – Journalism] [Text]. – Moskva, 2016. – 163 p.

18 **Buenbaeva, Z. Q.** Şyğys jäne Batys media üderisi: дәстүр, контент jäne konvergencia (salystyrmaly taldaу) : filosofiya doktory` (PhD) dis. : specz. 6D050400 – Zhurnalistika [Eastern and Western media process; tradition, content and convergence (comparative analysis) : dis. ... of doctoral philosophy (PhD) : spec. 6D050400 – Journalism.] [Text]. – Almaty, 2019. – 170 p.

Материал поступил в редакцию 09.06.23.

*Г. С. Самсенова¹, Е. А. Журавлева²

^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.
Материал 09.06.23 баспаға түсті.

ҚАЗІРГІ ЛИНГВИСТЕРДІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАҚ ТІЛІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Мақала әдеби тілдің қолданылуы және трансформациялаудың негізгі саласы ретінде қазіргі БАҚ тілін зерттеуге арналған. Қазіргі БАҚ тілі стилистикалық әртүрлілікпен, ашық және динамикалық құрылыммен сипатталады, бұл лингвистердің тұрақты қызығушылығын тудырады. Зерттеу нысаны қазақстандық БАҚ тілі саласындағы заманауи ғалымдардың еңбектері болып табылады. Жұмыстың мақсаты – қазақстандық БАҚ тілі саласындағы ғалымдардың негізгі ғылыми бағыттарын анықтау және жіктеу. Зерттеу барысында талдау мен синтездің классикалық ғылыми әдістері, сондай-ақ дереккөздерді сыни тұрғыдан талдау әдісі қолданылды. Зерттеу нәтижесінде автор заманауи ғалымдардың еңбектерін әртүрлі белгілерге қарай жіктейді және қазіргі қазақстандық БАҚ тілінің лексикалық-фразеологиялық, дискурсивті-прагматикалық, лингвокогнитивтік, идиостилдік және конвергентті зерттеулерді бөліп көрсетеді. Авторлар жұмыстардың көпшілігі газет дискурсына арналғанын атап өтеді, өйткені ол тілдік үдерістердің динамикасын барынша жедел және толық көрсетеді. Сондай-ақ, зерттеулер негізінен қазіргі БАҚ тілінің лексика-фразеологиялық жүйесін зерттеуге бағытталған. Қорытындысында автор қазіргі қазақстандық БАҚ-тың зерттеулері жалпы диффузды сипатта болады және тұжырымдамалық жалғастыру мен кешенді талдауды талап етеді деген шешімге келеді.

Кілтті сөздер: медиамәтін, БАҚ тілі, газеттер, Қазақстан, лексика, фразеология, БАҚ тілін зерттеуі.

*G. S. Samsenova¹, Ye. A. Zhuravleva²^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana.

Material received on 09.06.23.

RESEARCH OF THE LANGUAGE OF THE KAZAKH MASS MEDIA IN THE WORKS OF MODERN LINGUISTS

The article reveals the study of the modern language of the media as the main sphere of functioning and transformation of the literary language. The language of modern mass media is characterized by stylistic diversity, open and dynamic structure, which arouses the permanent interest of linguists. The object of the research is the works of modern scientists in the field of the language of the Kazakh mass media, considering its functioning in various positions. The purpose of the work is to identify and classify the main scientific directions of scientists in the field of the language of the Kazakh media. Classical scientific methods of analysis and synthesis, as well as the method of critical analysis of sources were used in the study. As a result of the research, the author classifies the works of modern scientists on various grounds and identifies lexico-phraseological, discursive-pragmatic, linguocognitive, idiostyle and convergent studies of the modern language of the media in Kazakhstan. The authors note that most of the works are devoted to newspaper discourse, since it most promptly and fully reflects the dynamics of language processes. It is also noted that the research is mainly aimed at studying the lexical and phraseological system of the modern language of the media. In conclusion, the author comes to the conclusion that modern studies of the Kazakh media, in general, have a diffuse nature and require conceptual continuation and comprehensive analysis.

Keywords: media text, media language, newspapers, Kazakhstan, vocabulary, phraseology, media language research.

FTAMP 17.71.07

<https://doi.org/10.48081/JOL12709>**A. T. Самтарова¹, *А. Е. Ерланова²**¹Академик М. М. Адышев атындағы

Ош технологиялық университеті,

Қырғыз Республикасы, Ош қ.;

²Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

*e-mail: Ayaulym_erlankyzy@mail.ru

МӘШҲҮР ЖҮСІП ПОЭТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, фольклорист, ақын, ойшыл Мәшһүр Жүсіп Көпеев поэтикасының бастау көзі, рухани арнасы қарастырылады. Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығына қатысты жазылған түрлі зерттеу жұмыстарын сараптай отырып, ақын шығармашылығының поэтикалық бастауларын, рухани арнасын айқындау, ашып көрсету мақаланың мақсатына жатқызылады.

Әдебиет ғылымында поэтика тақырыбына арналған зерттеулер өте көп. Поэтика туралы алғаш рет Аристотельдің еңбегінде қарастырылғанын ескерсек, поэтиканың зерттелу тарихы тереңде жатқанын көруге болады. Сол кезден бастап поэтикаға түрлі анықтамалар беріліп келді. Қазіргі таңда да поэтика өзекті тақырыптардың бірі, себебі ақын-жазушы шығармашылығының көркем табиғатын зерттеу, оның басқа тұлғалардан ерекшелігін бөліп көрсету әрбір тұлғаның әдебиеттегі орнын, ізін анықтауға көмегін тигізеді. Сондықтан да біз зерттеу жұмысымыздың нысаны ретінде алып отырған Мәшһүр Жүсіп поэтикасының ерекшеліктерін зерттеудің қажеттілігі бар деуге болады.

Осылайша жұмыстың ғылыми-тәжірибелік мәні Мәшһүр Жүсіптің поэтикалық бастауларын, рухани арналарын айқындап, саралауда жатыр. Талдау барысында ақынның поэтикалық бастаулары жүйеленді, рухани арналарының бастау көздері анықталды. Зерттеу материалдарын жоғары оқу орындарының арнайы курстарында, семинарларда, әдебиет сабақтарында қолдануға болады.

Кілтті сөздер: поэтика, көркем шығарма, поэтикалық бастаулар, рухани арна, ұлттық болмыс, әдеби байланыс, көркемдік ерекшелік, шығарманың көркем табиғаты

Кіріспе

Әдебиетте әрбір қаламгердің алатын орны бар. Әр қаламгердің шығармашылығын зерттей отыра, әлі де қарастыратын тұстары көп екеніне көзіміз жете түседі. Бұл яғни ақын не жазушы шығармашылығының мазмұнын, көлемін, маңыздылығын, қоғамға қажеттілігін және зерттеу арнасының дұрыс бағыт алып келе жатқанын байқатады. Қай ақын-жазушының шығармашылығын зерттесек, алдымен автордың болмысын, өмірін қарастырудан бастаймыз. Себебі әрбір қаламгер мейлі ол ақын, жазушы, ойшыл болсын өзі өмір сүрген қоғамның, тарихтың мәселелерін шығармашылығымен байланыстыруға тырысады. Әдебиет өмір айнасы деген сөз қолданысының мазмұны осында жатыр. Демек, автор мен әдебиет, автор мен өзі өмір сүрген қоғам бір-бірімен тығыз байланысты. Осы тұста автордың өмірін, шығармаларының шығу тарихын, жазылу себебін, тіпті алған білімін, сүйіп оқыған әдебиетін, рухани арналарының бастау көздерін қарастыру қажеттілігі туады. Осылайша жеке поэтиканың маңызы арта түседі.

Әдебиет тарихында поэтика туралы зерттеулер Аристотельдің еңбектерінен бастау алып [1], Буало [2], Потебня [3], Веселовскийдің [4] еңбектерінде өз жалғасын тапты. Демек, бастауын сонау ерте замандардан бастаған поэтика өміршең ұғым екенін дәлелдей түсті. Сол уақыттардан бастап поэтика тұсында бірнеше пікірталастар орын алып, поэтикаға түрлі анықтамалар беріліп келді. Айтылған көптеген пікірлерді қарастыра келе, поэтиканы «қаламгер шығармашылығының көркем табиғаты» не болмаса «көркем шығармашылықтың табиғаты» деуге болады. Пікірімізді дәлелдеу үшін ақын, әдебиетші Тұрсынхан Әбдірахманованың пікірін келтіре аламыз: «Демек поэтика деген ұғым әдебиеттің тегіне қатысты айтылса да, жанрға қатысты айтылса да, творчествоға қатысты айтылса да қисынды. Мұнда сол жанрдың, сол еңбектің құрылысы мен онда қолданылған көркемдік құралдарының жүйесі, оның заңдылықтары ғана емес, мүмкін болғанынша сол жанр, сол еңбектің барлық табиғаты жан-жақты ашылуға тиіс. Олай болса, біздіңше поэтика – зерттеуге алынып отырған объектінің күллі табиғаты деген сөз. Демек, поэтика – көркем творчество табиғаты туралы ғылым. Өйткені поэтика қамтымайтын әдебиеттің бір де бір саласы, бір де бір жанры, бір де бір проблемасы жоқ» [5].

Осы көркем шығармашылықтың табиғатын зерттеу үшін еңбектің барлық табиғаты оның көркемдік ерекшеліктері, құрылысы, стилі сондай-ақ қаламгер поэтикасының қалыптасуы, дамуы, рухани арналарының

бастаулары да қарастырылу қажет. Осы айтылғандардың барлығын толық зерттеп қарастырған жағдайда ғана қаламгер поэтикасын аша аламыз. Ал ол үшін ақын не жазушы қандай арналардан нәр алды, поэтикалық бастауы қайдан бастау алады деген мәселелерге жауап табу маңызды мәселе деуге болады.

Материалдар мен әдістер

Жұмысты жазу барысында келтірілген ғылыми тұжырымдарды дәлелдеу үшін материалдарды жинау және талдау әдістері қолданылды. Сол арқылы XX ғасыр басындағы әдебиетті, поэтиканы және Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығын зерттеуші ғалымдардың да еңбектері сараланды және салыстырылды. Салыстырудың, герменевтиканың, талдаудың нәтижесінде Мәшһүр Жүсіп Көпеев поэтикасының бастау арналары, көздері мысалдар, тұжырымдар келтіріліп дәлелденді.

Нәтижелер мен талқылау

Әрбір қаламгер болмысының қалыптасуы өзіндік бір қайталанбас ерекшелігімен есте қалады. Сондықтан да әдебиетте әр ақын жазушыны жеке алып қарастыруға тырысамыз. Орыстың ұлы сыншысы В. Г. Белинский: «Ақын қоғамның, уақыттың, адамзаттың органы және өкілі», - деп жазды [6]. Олай болса қандай ақын-жазушы болмасын оның шығармашылығы өзі өмір сүріп отырған дәуірмен тұспа-тұс келеді, сол дәуірдің әдеби процесімен дәл келетін, бөліп даралап қарауға болмайтын құбылыс деуге болады. Сол секілді Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығы да өз дәуірінің әдеби процесімен, дамуымен, көтерген проблемаларымен бірлікте болды.

Мәшһүр Жүсіп өмір сүрген кезең қазақ тарихындағы қиын замандардың бірі еді. Бұл кезде Ресейде революция дауылдары өршіп, халықтың басына сан түрлі қиын күндер, сынақтар төнген заман болды. Ресейдегі әлеуметтік жаңарулар мен өзгерістердің, революциялардың, ірі-ірі көптеген оқиғалардың үні қазақ даласына жетіп жатты. Бұл зұлмат қазақ әдебиетінде де көрініп тауып, өз ізін қалдырып кетті. Осы дәуірдегі қазақ әдебиетін сол тұстағы түрлі тарихи оқиғалармен, әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланыста алып қарастырған жөн. Енді осы оқиғалардың барлығы ақын поэтикасының қалыптасуына қаншалықты әсер етті, әлде қалыптасып, дамып келе жатқан ақын шығармашылығының өзгеруіне себеп болды ма сұрақтар төңірегіне көз салайық.

Әр ақын-жазушының шығармашылығына, жоғарыда айтқанымыздай, өзі өмір сүрген дәуірдің көрінісі, шындығы қатты әсер етеді. Сол дәуір тұлғаның қалыптасуына, өсуіне тіпті алған білімі де ықпал етеді. Себебі тарихтағы әрбір оқиға мәдениеттің, білімнің, өркениеттің дамуымен тығыз байланысты болады. Мәселен, Абай кішкентай кезінен орыстың (батыстың), шығыстың әдебиетімен таныс болды. Халық ауыз әдебиетінің шығармаларымен таныс

болды. Өйткені сол уақытта орыс (батыстың) әдебиетінің гүлденіп, өсіп келе жатқан шағы еді. Тарих сахнасына Пушкин, Лермонтов, Толстойларды шығарған замана қазақ даласына да жетті. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деп күйзелген Абай атамyz балаларын орыстың білімін алуға шақырады. Өлеңдерінде де осыны баса айтып, үлгі етеді. Сол секілді Мәшһүр Жүсіп өзі өмір сүрген дәуірдің талабына сай кішкентай кезінде ауыл молдасынан дәріс алып, хат таниды. Хамеретдин хазіреттің медресесін бітіріп, мұсылманша орта білім алып шығады. Ауыз әдебиеті нұсқаларымен ерте танысып, жыр-дастандарды жаттап өседі. Өзінің ақындыққа, сөз өнеріне бейімділігін сол кезден-ақ аңғарады. Бұл туралы өз өлеңінде былай дейді:

Айрылдым дәл он бесте ақыл естен

Жабысып бір дауасыз ауырып төстен... [7].

Профессор С. Н. Сүтжанов ақынның өмірбаяны туралы: «1875 жылдан бастап біраз уақыт ауылда бала оқытып, қаражат жинайды. Білімін толықтыру мақсатымен 1886 жылы Бұхараға келіп, діни жоғары оқу орнында оқиды. Сосын оқуын Ташкентте жалғастырады. Осы жылдары Орта Азияны аралап, Самарқан, Ташкент, Түркістан, Бұқара т.б. қалаларда болды. Осы жылдары түрколог-академик В. В. Радловпен танысып, ауыз әдебиеті нұсқаларын жинап бастыру ісімен айналысты», – деп жазады [8, 8 б.]. Осы сапар туралы ақын өз өлеңінде былай дейді:

Мәшһүрден келе жатыр өнер қайнап,

Бұлбұлдай қапастағы тұрған сайрап.

Самарқанд, Бұхар, Ташкент бәрін кезген

Жасында бір кем отыз тәңірім айдап [7].

Бұл өлең жолдарынан-ақ ақынның оқу, білім іздеп Бұхара, Самарқан асып кеткенін көре аламыз. Ақын өз өлеңдерімен осыны дәлелдейді. Білімнің ақынның өмірінде қаншалықты маңызды рөл атқарғаны оның басқа өлеңдерінде де байқалады. Мәселен

Өнерге, ғылым-білім, болсаң жерік,

Берілер ақыр бір күн басыңа ерік.

Көп жұртты көз жасыңа қылсаң куә,

Табылар мұңлы-зарлы саған серік [7].

Осы айтылғандарға қарап, Мәшһүр Жүсіптің заманында мұсылманша сауат ашудың, хат танудың өріс алғанын байқаймыз. Қаражат жинау мақсатында бір жылдарында ауылда бала оқытқаны да осының бір дәлелі. Сұлтанмахмұт та мұсылманша хат танып, қаражат жинау үшін ауыл балаларын оқытқаны мәлім. Ал тарихқа үңілсек, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жаңа ұсулы жәдит оқуы шығуына байланысты, қазақ арасындағы мұсылманша оқу Бұхара, Қазан жағындағы діни оқудың үлгі

тәртібі бойынша бастауыш мектеп қатарында, ал медресе орта дәрежелі оқу қатарында болды. Бұл тәртіп Қазан революциясына дейін болды.

Демек, Мәшһүр Жүсіптің өз заманындағы өзекті болған мұсылманша хат танып, медреседе оқуы, кейіннен діни жоғары оқу орнында білім алуы оның болашақта діни-ағартушылық бағытты ұстанған ақын ретінде қалыптасуына ықпал етті. Бұл туралы XX ғасыр басындағы әдебиетті зерттеуші белгілі ғалым Бейсенбай Кенжебаев былай дейді: «Сонымен, Мәшһүр Жүсіп Көпеев – діни көзқарастағы, прогресшіл, демократтық-ағартушылық ой-пікірлерді, сонымен бірге қате-қайшылықтары да бар ақын» [9, 59 б.].

Сонымен қатар XX ғасыр басындағы әдебиеттің тарихта халықты «ояту» деп танылғанын ескерсек, Мәшһүр Жүсіптің діни-ағартушылық бағыттағы ақын болуын сол дәуірдегі қалыпты жағдай деуге болады. Ал шығармашылығының осы бағытта қалыптасуының бір себебі осы десек, екінші бір себебі бала кезінде мұсылманша, кейіннен медреседе алған білімінен бастау алады десек қателеспейміз. Бұл бағытта ақынның «Қара өлең», «Адам екі түрлі», «Жалқаулар туралы айтқаны», «Жеткізер құдай, пенде қылса талап», «Кедей болады кері кеткен, ұйқысы мол» атты өлеңдері бар.

Әдебиеттегі әдеби байланыс – әрдайым зерттеу нысанында болатын ұғымдардың бірі. Бастауын тереңнен алатын әдеби байланыс қазақ әдебиетін де айналып өтпеді. Мәшһүр Жүсіп өмір сүрген XX ғасырдың басындағы әдебиетте әдеби байланыс арналарының бірі Ресейдің отаршылдық саясатымен байланысты. Осы саясатқа қарсы күрес жолындағы Ресей мұсылмандары мен түркі халықтарының идеялық бірлігі негізіндегі қарым-қатынастарының дамуы, өнер тұлғаларының шығармашылығындағы өзара ықпалдастықтың артуы, басқа ұлттардың яғни шығыс-батыс әдебиетінің шығармаларымен танысу, олардың туындыларын қазақшаға аудару, тәжірибе алмасу сынды мәселелер осы XX ғасыр басындағы әдебиеттегі әдеби байланыс арналары болды.

Осы кезең әдебиетінде исламшылдық идеясын көтерген діни тақырып үлкен орын алды. Мұның басты себебі XX ғасырдағы Ресейдің отарлау саясаты, қазақ жерлеріне крестьяндарды орналастыра бастау, сол арқылы билеп төстеу құралын күшейту, рухани тонау еді. Міне, белгілі бағыттағы жұмыстар жүргізіле бастағанда қазақ даласында «мұсылмандық қозғалыс» басталды. Мұны жүзеге асыру үшін әдебиет сахнасында діни-ағартушы бағыттағы ақын-жазушылардың шығармашылығы маңызды рөл атқарды. «Халықты ояту» идеясын діни-ағартушы ақындар адамгершілікпен, имандылықпен, діни іліммен байланыстыра жүргізді. Осылайша Абай салған сыншыл реализмді жалғастыра түсті. Осы ағымды сөз еткенде оның шығыс және исламдық әдебиетпен байланысы айтылады. XX ғасырдың басындағы

әдебиетті бұл бағыт өкілдері шығыс және ислам әдебиетімен ықпалдастықты, байланысты арттыра түсті. Осылардың қатарында Мәшһүр Жүсіп те болды. Әрине бұл байланыс тек біз қарастырып отырған кезеңде ғана бола қойды деуден аулақпыз. Тарихи негізі тереңде жатқаны белгілі. Десе де XX ғасырдағы басындағы әдебиетпен шығыстық байланыс бір жүйелілікке түсті.

Мәшһүр шығармашылығындағы әдеби дәстүрлердің байланысы айқын. Онда төрт бағыт айқын байқалады: біріншісі – қазіргі қазақ әдебиеті рухында ауызша халық шығармашылығының үлгілерін жаңарту, жанрлық алуан түрлілікті кеңінен қолдану; екіншісі – жаңа тарихи жағдайларда пайда болған дәстүрлер тұрғысынан ақындар мен жыраулардың, Мәшһүрдің ізашарларының туындыларын түсіндіру; үшіншісі – қазақ әдебиетінің дамуына орасан зор әсер еткен Шығыс классиктері мен түркі сопыларының шығармаларын рухани қайнар көзі ретінде пайдалану, төртіншісі – орыс әдебиетінің белгілі өкілдерінің шығармашылығымен түпнұсқа тілінде және Байрон, Гете сияқты әлемдік әдебиеттің данышпандарының орыс тіліне аудармаларымен танысу, оларды қолдану идеялар мен ойлар.

Бұған қоса Мәшһүр Жүсіптің бала кезінен мұсылманша хат танып, өсе келе Орта азияны аралап Бұхара, Самарқан қалаларына барғанын ескерсек ақынның сонау ерте жастан шығыс әдебиетімен етене таныс болғанын көреміз. Арабша, парсыша шыққан кітаптарды қадағалап зерттегені ақынның шығыс тілдерін жақсы білгенін дәлелдейді.

Ақынның діни сауаттылығының жоғары болуы және шығыс әдебиетімен өте жақсы таныс болуы оның шығармашылығының қалыптасуына, ақындық өнерінің жоғары деңгейге көтерілуіне және поэтикасының ерекшеліктерінің қалыптасуына көп ықпалын тигізді. Яғни ақын шығармашылығындағы әдеби байланыстар соның ішінде шығыс әдебиетімен байланысы оның поэтикасының екінші ерекшелігіне немесе поэтикасының бастау көздеріне жатады дей аламыз. Бұл пікірімізге дәлелді бірінші орында ақын шығармаларындағы Алланы тану, сүйіспеншілік немесе Аллаға құлшылық ету көрінісі мысал бола алады. Шығыс әдебиетінде бұл көрініс «жылау» немесе «көз жасы» сөздерімен жиі беріледі. Осы ұғымды Мәшһүр Жүсіп кең мағынада алып, Аллаға немесе ақиқатқа деген құштарлықты көрсету үшін қолданған. Мысалы, «Ханымбике» өлеңінде:

...Көз жасың шын жылаумен бетті жауып,

Аласың шын іздесең, жоқты тауып.

Қалғаның қолқа ала алмай Құдайыңнан

Тілеуің кеткендіктен дүниеге ауып [10, 189 б.].

Бұл үзіндіде жеке пенденің көз жасы «шын жылаумен бетті жауып» тілек етсе, ниетіне жететіні сөз болып отыр. Яғни Алладан шын ниет етіп, тілесек,

ниетіміздің дұрыс екенін білдірсек, ақиқатты таба аламыз, мақсатымызға жете аламыз деген астарлы ойларға жетелеген өлеңдері баршылық. Бұдан басқа тағы да:

Ағады күндіз түні көзден жасым,

Түйіліп тамағымнан ішкен асым [10].

Көзімнен неге ақпасын саулап жасым,

Жатыр ғой арзанға өтіп асыл тасым! [10], –

деген өлең жолдары бар. Бұл мысалдардан «көз жасы», «жылау» ұғымдары өз алдына жеке ұғым болып қалып қалмай, әрі шығыстық мұсылман әдебиетіндегі ортақ игі дәстүрді сақтау әрі Мәшһүр Жүсіптің осы дәстүрді сақтап, өзінше өрістетіп, дамыта алғанын аңғарамыз. Шығыс әдебиетімен байланыс ақынның шыңдалуына, әдебиетте өзіндік ізін қалдыруға септігін тигізгенінің дәлелі осылар болар.

Ақын мұрасын зерттеуші Ертай Жүсіпов: «Алланың тек жалғыз екені, оның құдіреті шексіздігі, Алла жолын іздеу мәні туралы Шығыс жұлдыздары – Омар Хайям, Низами, Сағди, көне түркі дарабоздары – Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи, XIX ғасырдағы ерен құбылыс – Абай шабыттана жырласа, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бұл дәстүрді жаңа биікке көтерген», – деп баға береді [11, 36 б.]. Мысал ретінде Қожа Ахмет Ясауи кітабын ақынның бала кезінде, 5–6 жасында-ақ оқығаны оның әулеттік мұрағатта сақталған «Мәшһүрдің 21 жасында жазғаны» өлеңін келтіреді:

Ясауи Құл Қожа Ахмет кітабынан

Көңіліме төгілді нұр хош (хуош) калами.

Алты жасқа келгенде алдым сабақ,

Оқығаным – Шар кітап, панаһим – Хак.

Мәшһүр Жүсіптің шығыс әдебиетімен сусындап, өз шығыс шайырының шығармаларымен етене таныс болып, ақындық жолы қалыптасу жолында өлеңдеріне арқау етіп алуы оның шығармашылығының жанрлық, стильдік, көркемдік тұрғыдан дамып, өсуіне негіз болды. Ақынның өлеңдерінің жанрлық тұрғыдан үгіт (дидактикалық), хикаят, төрттағандар (рубаи), ойлану (философиялық), мұңлы мәснауи болып жіктелуі де шығыс әдебиетімен үндестігін білдіреді.

Қаламгердің поэтикасының ерекшеліктерінің келесі бір түріне оны ақындыққа жетелеген халық ауыз әдебиетінің ықпалы бар десек қателеспейміз. Рас, әдебиетте өз шығармаларында халық ауыз әдебиетінің үлгілерін қолданбаған, дәстүр жалғастығын сақтамаған ақын жазушы кем де кем. Десе де Мәшһүр Жүсіпке халық ауыз әдебиеті қалай әсер етті, ақындық жолының қалыптасуына әсері турасында сөз қозғасақ, бірінші орында жастайынан халық ауыз мұраларынан сусындауы, екіншіден,

өлеңдерінің жанрлық сипаты жағынан жоқтау, арнау, жұмбақ, мадақ, айтыс өлеңдерін жазуын және үшіншіден, ақынның фольклоршылық қызметін баса айтқымыз келеді. Оның халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы қызметі, жинап, қағаз бетіне түсірген аңыз, әңгіме, тарихи жырлар өз алдына шоқтығы биік туындылар. Бұл туралы көптеген зерттеу жұмыстары да жазылды, диссертациялар қорғалды. Яғни ақынның фольклоршылық қызметі дәлелденді. Ал осы фольклоршылық қызметі ақынның поэтикасына ықпалын тигізді.

Мәселен, «Исабек Ишан», «Мұса Шорманұлы», «Әменді жоқтау», «Мәшһүр Жүсіптің Мұса Шормановты оның келіні атынан жоқтауы» т.б. жоқтау жанрында жазылған өлеңдері халық ауыз әдебиетінің үлгісін көрсетеді.

Бісмілла, сөз бастайын асыл тектен,
Түскендей асыл еді ау аспан көктен!
Керуендей бұ дүниеге аз күн қонып,
Паниден жақсы, жаман, бәрі де өткен [10, 229 б.].

немесе

Қозғамай қайтіп тұрайын, күйікке қалай қайтіп шыдайын?
Айтпастай болмас іс болды, қалайша шер қылмайын?
Мен құдайға жылайын, сөкпеңіздер жамағат,
Өртеніп ішім барады, шығарып лебіз тынайын! [10, 239 б.].

Осы өлеңдерінде нақты тарихи деректер келтіріле отырып, өлеңдерінің бәрінде дерлік бастапқы жағында белгілі бір адамның дүниеден озғанын ескертіп алып, бірден оған дейін күйініш әсерімен сол адамның өмір жолын, мінезін, игі істерін, халық үшін сіңірген еңбегін деректермен келтіріп, кең қамтып көрсетуге тырысады. Бірінші мысалда «Исабек Ишанның» өмір жолы, оның қажымай еңбек етуі, әулие адам екені кеңірек бейнеледі. Осылай берілу – жоқтау өлеңінің сипатына тән құбылыс. Ахмет Байтұрсынұлы жоқтауға мынандай анықтама берген: «Жоқтау – өлген кісіні жоқтап сөйлеу. Жоқтау көбінесе белгілі адамдарға айтылады. Өлген адамның қатыны, я қызы, я келіні зарлы үнмен өлген адамның тірідегі істеген істерін, өлгенінше бастарына түскен қайғы-қасірет, күйіктерін шағып, жылағанда айтатын жыр түріндегі сөз. Жоқтауды көбінесе ақындар шығарып береді. Сондықтан жоқтау лұғатты келеді» [12, 254 б.].

Байтұрсынұлы берген анықтамамен Мәшһүр Жүсіптің өлеңдерін салыстырып қарасақ, жоқтау жанрына тән барлық сипаттарды таба аламыз.

Келесі халық ауыз әдебиеті үлгілерінің ішінде шоқтығы биік туындысы – ол айтыс өлеңдері. Профессор Қ. П. Жүсіп: «Мәшһүр Жүсіп қазақ лирикасы дамуына не үлес қосты дегенде оның айтыс өлеңдерінің өзіндік түрін

тудырғанына назар аударған жөн. Бұл туындылардың ерекшелігі – онда сөз таластырушы екі адам, екі ақын емес, бірі лирикалық қаһарман да, екіншісі не дерексіз шартты ұғым, немесе адамша сөйлеуге тиісті емес жануар, құс түрінде алынады. Демек бұл айтыстар өмірде орын аларлық сөз таластырудан гөрі шартты қақтығыс ретінде туып, ақынның лирика жанрында өмірді бейнелеу аясын кеңейтуімен көңіл бөлгізеді», - деп бағалауы ақынның айтыс өлеңдеріне берілген ең тұщымды тұжырым [13, 97 б.]. Бұл жанрға «Сүлеймен мен Байғыз», «Мәшһүр Жүсіптің шабдар атпен айтысы», «Мәшһүр Жүсіп пен Ғалы Күзембайұлы айтысы», «Мәшһүр Жүсіптің қарғамен айтысы» және т.б. өлеңдері жатады.

Бұдан шығатын қорытынды, жастайынан халық ауыз әдебиеті үлгілерін жатқа айтып өскен бала Мәшһүр Жүсіп ақындық жолға бет бұрғаннан бастап тек фольклоршылық қызметімен ғана емес, осы үлгідегі өлеңдер жазу арқылы поэтикасының ерекшелігін үлкейте түсті. Тек көбейтіп қана қоймай, қазақ лирикасының дамуына да өз үлесін қосты. Профессор Қ. П. Жүсіптің пікірі сөзімізге дәлел.

Бұл айтылғандардан басқа ақын шығармашылығының көркемдік ерекшеліктерінен де халық ауыз әдебиетінің сарынын, әсерін көре аламыз. Ол ұлттық өрнекті, ұлттық нақышты ұтымды қолдану. Мысалы,

Жаяу қыл, нәпсінді атқа мінгізбей бақ,
Міне қалса, жортқызып, желгізбей бақ.
Өзін өзі бағуға көп әл керек,
Көз сонынан көңілді жүргізбей бақ [10].

Бұл жерде ақын ұлттық өрнекті шебер қолданған. Себебі қазақ халқының түсінігінде мінер атсыз жаяу қалу нағыз кедейліктің, жоқтықтың белгісі саналған. Ал бұрынғы заманда көшпелі қазақтардың тұрмысында атсыз басқа жерге жету, басқа қалаға, мемлекетке жету мүмкін емес еді. Мәшһүр Жүсіп өмір сүрген кезеңге де осылай деуге болады. Демек, ақын қолданып отырған «жаяу қыл» қолданысы – сол замандардағы адамға етене жақын, түсінікті ұғым.

Ақынның поэтикалық бастауларына, қайнар көзіне, рухани арналарының бастау көзіне осылайша халық ауыз әдебиетінің әсерін, ықпалын жатқызуға болады.

Дәстүр жалғастығы мен үндестік те Мәшһүр Жүсіптің рухани арналарының қатарын толықтырады. Ақын шығармашылығындағы дәстүр жалғастығы, дәстүр тағлымы профессор М. Н. Баратованың еңбегінде айтылып өтті [14]. Жыраулар поэзиясымен үндестігі, дәстүр жалғастығы стиль, көркемдік ерекшеліктер тұрғысынан дәлелді мысалдармен талданды. Мұнда айтылғандарды қайталаудың қисыны жоқ деп ойлаймыз. Әйтсе де

дәстүр тағлымы ақынның поэтикасын толықтыруға, жетілдіруге, дамытуға өзінің үлесін қосқаны сөзсіз. Себебі дәстүр жалғастығы – өміршең құбылыс.

Қорытынды

Мәшһүр Жүсіптің поэтикасы зерттеуді қажет ететін үлкен дүние. Осы зерттеу жолында оның поэтикасының қалыптасуы, дамуы яғни поэтикалық бастаулары, рухани арналары, суреткерлік дүниетанымы, идеялық, эстетикалық көзқарастары, шығармашылығындағы жаңашылдықтар, бейнелілігі толық қарастыруды қажет етеді. Біз бүгінгі зерттеу жұмысымызда ақынның шығармашылығының көркем табиғатының поэтикалық бастауларын қарастырдық. Оларды басты басты үш топқа бөліп топтастырдық: алған білімі, шығыс әдебиетімен байланысы және шығыс әдебиетінің ақынның шығармашылығына әсері, үшіншіден, халық ауыз әдебиеті. Дәстүр жалғастығы, Абаймен үндестігі ақынның шығармашылығында ойып орын алатыны сөзсіз. Әйтсе де бұлар поэтикалық бастауларынан гөрі қаламгер шығармашылығының ауқымды екенін білдіреді. Бұл шағын зерттеу жұмысымыз әлі де зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Аристотель**. Поэтика. Риторика [Мәтін]. – М. : Азбука-Классика, 2014. – 320 с.
- 2 **Буало, Н.** Поэтическое искусство [Мәтін]. – М. 1937.
- 3 **Потебня, А.** Теоретическая поэтика [Мәтін]. – Москва : Высшая школа, 1990. – 342 с.
- 4 **Веселовский, А.** Историческая поэтика [Мәтін]. – М. : Высшая школа, 1989. – 404 с.
- 5 **Әбдірахманова, Т.** Қасым Аманжоловтың поэтикасы [Мәтін]. – Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1976. – 298 б.
- 6 **Белинский, В. Г.** Шығармаларының толық жинағы. 6-том [Мәтін]. – М. 1955. – 585 с.
- 7 **Көпейұлы, М. Ж.** Шығармалары. 4 том [Мәтін]. – Павлодар қ. : «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 535 б.
- 8 **Сүтжанов, С. Н.** Мәшһүртану курсы: оқу құралы [Мәтін] / С. Н. Сүтжанов– Павлодар : ПМПУ, 2019. – Изд. 2-е, доп. – 99 б.
- 9 **Кенжебаев, Б.** Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары [Мәтін]. – Алматы, Қазақ мемлекет баспасы. 1958. – 312 б.
- 10 **Көпейұлы, М. Ж.** Шығармалары. 1 том [Мәтін]. – Павлодар қ. : «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 436 б.
- 11 **Жүсіпов, Е. Қ.** Мәшһүр Жүсіп түркілік әдебиеттің соңғы биігі [Мәтін] // Е. Қ. Жүсіпов // Аңыз адам. – 2013. – № 19 (79). – 36 б.

- 12 **Байтұрсынов, А.** Шығармалары [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1989. – 320 б.
- 13 **Мәшһүр Жүсіп, Қ. П.** Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік [Мәтін]. – Павлодар. Павлодар университеті баспасы, 1999. – 384 б.
- 14 **Баратова, М. Н.** Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшелігі. Оқу құрал [Мәтін]. – Павлодар : Brand print, 2010. – 256 б.

References

- 1 **Aristotel.** Poetika. Ritorika [Poetics. Rhetoric] [Text]. Moscow : Azbuka-Klasika, 2014. – p. 320
- 2 **Bualo, N.** Poeticheskoe iskustvo [Poesy] [Text]. – Moscow, 1937.
- 3 **Potebnä, A.** Teoreticheskaja poetika [Theoretical poetics] [Text]. – Moscow : Vyssjaia škola, 1990. – p. 342
- 4 **Veselovski, A.** İstoricheskaja poetika [Historical poetics] [Text]. – Moscow : Vyssjaia škola, 1989. – p. 404
- 5 **Äbdırahmanova, T.** Qasym Amanjolovtyñ poetikasy [The Poetics of Kasym Amanzholov] [Text]. – Almaty, Qazaq SSR-nıñ «Ğylym» baspasy, 1976. – 298 b.
- 6 **Belinski, V. G.** Şyğarmalarynyñ tolyq jınağy. 6-tom [The complete works. Vol.6.] [Text]. – Moscow, 1955. – p. 585
- 7 **Köpeiüly, M. J.** Şyğarmalary. 4 tom [Collection of works. Vol.4.] [Text]. – Pavlodar : «EKO» ĞÖF, 2003. – 535 p.
Ал өңірде жүргізілген әлеуметтік-лингвистикалық сауалнамаға келер болсақ, аталмыш сауалнама Google форма форматында орыс тілінде құрылды. Сауалнамаға барлығы Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарынан 3690 респондент қатысты. Олардың жас шамасы 13 пен 75 жас аралығын, әрі барлық дерлік әлеуметтік санаттарды қамтиды. Сауалнамаға 12 ұлт өкілдерінен респонденттер қатысты. Қатысушылардың 86,4 %-ын қала тұрғындары құраса, 13,6 %-ын ауыл тұрғындары құрады. Респонденттердің басым бөлігі (72,4 %) ана тілін қазақ тілі деп көрсеткен. Ал тілдерді меңгеру деңгейлеріне келер болсақ, барлық сауалнамаға қатысушылардың 47,4 %-ы қазақ тілін жетік меңгергендіктерін атап көрсеткен, орыс тілін 48,8 %-ы жетік меңгерген болса, ал ағылшын тілін меңгергендер тек 4,4 %-ын құрап отыр. «Үйде, жұмыста, достар арасында, әлеуметтік желілерде қай тілді жиі қолданасыз?» деген сауалдарға жауап берушілердің 36 %-ы үйде, 41,7 %-ы жұмыста, 52 %-ы әлеуметтік желілерде, ал 43,1 %-ы достарының арасында орыс тілінде сөйлейтіндерін ашып айтты.

«Сіздің өңіріңізде қоғамдық өмірдің қай саласында мемлекеттік тіл жиі қолданылады?» деген сауалға жауап берушілердің пікірлері бір жерден

шықпады. Басым көпшілігі (27 %-ы) жоғары, арнаулы орта, орта білім беру саласын көрсетсе, 18 %-ы жегілікті әкімшілік басқару саласын таңдады. Ал жауап берушілердің 13 %-ы бұқаралық ақпарат құралдарын және дәл осындай пайыздық көрсеткішпен әлеуметтік желі және интернет жүйесін таңдаған. Сұхбаткерлердің 11 %-ы мәдени саласын, 8–7%-ын сәйкесінше ісқағаздар мен іскерлік қатынас хаттар және тұрмыстық қызмет көрсету мен сауда салаларын таңдаған болатын. Ал 3 %-ы ғана шаруашылық қызмет саласын белгілеген.

Біздің бақылауымызша, ұйымдардың мамандануы, сондай-ақ бір әлеуметтік-кәсіби ортадағы олардың ұлттық құрамы белгілі бір дәрежеде тілдерді қолдануға өз әсерін тигізетіндігін көрсетеді. Ұжымның этникалық біртектілігіне қарамастан, мемлекеттік басқару органдары, ғылыми және білім беру мекемелері сияқты қызмет салаларында орыс тілі халықтар арасындағы этникалық қарым - қатынас тілі ретінде жиі қолданылады. Бұл ішінара қазақ тілінің әртүрлі функционалды стильдерінің тарлығымен және белгілі бір дәрежеде дамымауымен байланысты. Көрсетілген салаларда орыс тілі нақты сұхбаттасушыға және коммуникативті жағдайларға байланысты, негізінен, күнделікті ауызша қарым - қатынас тілі ретінде жиірек қолданылады.



Сурет 1 – Өңір халқының мемлекеттік тілді қоғамдық өмірдің қай саласында көбірек қолданатыны туралы мәлімет

Қорытынды

Экстралингвистикалық факторларды талдау тілдік жағдайдың әлеуметтік-демографиялық, географиялық және басқа да тілдік жағдай

ерекшеліктерінің бір мәнді емес екендігі және қазіргі мемлекеттік тілдің қолданылуының жағымды да, теріс те әсер ететіндігін көрсетеді. Республика тұрғындарының бір аумақта жинақы өмір сүруі және олардың аумақтағы басқа ұлттардан сандық жағынан басым болуы өңірлердегі қазақ тілінің сақталуына және одан әрі дамуына әсер ететін ең маңызды макрофактор деп санаған жөн. Бұл фактор тілді сақтауға қолайлы жағдай жасайды, оны барлық дерлік коммуникативтік салаларда қолдану қарқындылығына ықпал етеді.

Болашақта теріс салдары болуы мүмкін динамикалық факторларға өңір жастарының білім беру ұстанымдары мен халықтың әлеуметтік-кәсіби құрылымын жатқызуға болады. Біртіндеп өзгеріп жатқан әлеуметтік-кәсіби құрылым, қазіргі тіл иелерін мемлекеттік деңгейде біріктіру, негізінен, орыс және ағылшын тілдерін білуге бағытталған коммуникативті стратегияны қажет етеді. Сондықтан бүгінгі таңдағы негізгі міндет – жастардың өз мәдени мұрасынан бас тартпай, басқа мәдениеттерге бағытталған тілдік сана-сезім деңгейін арттыру болып табылады. Сондай-ақ өңірдегі тілдік жоспарлау халық санағы материалдарына, статистикалық мәліметтерге және аймақтарда жүргізілетін әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулер нәтижелеріне сүйене отырып жүргізілуі тиіс.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 Михальченко, В. Ю. Словарь социолингвистических терминов [Мәтін]. – М. : Институт языкознания РАН, 2006. – 312 с.
- 2 Дешериев, Ю. Д. Теоретические аспекты изучения социальной обусловленности языка [Мәтін] // Влияние социальных факторов на функционирование и развитие языка. – М. : Наука, 1988. – 541 с.
- 3 Беликов, В. И., Крысин, Л. П. Социолингвистика: Учебник для вузов [Мәтін]. – М.: Российский государственный гуманитарный университет, 2001. – 439 с.
- 4 Баскаков, А. Н., Насырова, О. Д. Языковые ситуации в тюркоязычных республиках Российской Федерации (краткий социолингвистический очерк) [Мәтін] // Языки Российской Федерации и нового зарубежья: статус и функции. – М. : Эдиториал УРСС, 2000. – 34–129 с.
- 5 Fierman, W. Kazakh Language and Prospects for its Role in Kazakh «Groupness». – Ab Imperio. – 2005. – № 2. – P. 393–423. [Электронды ресурс]. – URL : <https://www.semanticscholar.org/paper/Kazakh-Language-and-Prospects-for-its-Role-in-Fierman/ba205b1d159afa352b58a1d0df9e7a4e28fa2f1a> (Қаралған күні: 05.09.2022 ж.)

6 2009 жылғы Қазақстан Республикасының Ұлттық санағының қорытындылары [Электронды ресурс]. – URL : https://stat.gov.kz/for_users/national/2009/region (Қаралған күні: 02.09.2022).

7 1999 жылғы Қазақстан Республикасының Ұлттық санағының қорытындылары [Электронды ресурс]. – URL : https://stat.gov.kz/for_users/national/1999 (Қаралған күні: 02.09.2022).

8 2021 жылғы Қазақстан Республикасының Ұлттық санағының қорытындылары [Электронды ресурс]. – URL : https://stat.gov.kz/for_users/national/2020 (Қаралған күні: 09.09.2022).

9 **Алтынбекова, О. Б.** Этнологические процессы в Казахстане: монография [Мәтін]. – Алматы : Экономика, 2006. – 416 с.

10 **Aksholakova, A., Ismailova, N.** The language policy of Kazakhstan and the state language in government service // Materials of the 3rd World Conference on Learning, Teaching and Educational Leadership (WCLTA-2012). – Procedia - Social and Behavioral Sciences. – 2013. – № 93. – P. 1580–1586. [Электронды ресурс] – URL : <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042813035301> (Қаралған күні: 11.09.2022)

References

1 **Mixal'chenko, V. Yu.** Slovar' sociolingvisticheskix terminov. [Dictionary of sociolinguistic terms] [Text] – Moscow : Institut yazy'koznaniya RAN, 2006. – 312 p.

2 **Desheriev, Yu. D.** Teoreticheskie aspekty' izucheniya social'noj obuslovlennosti yazy'ka. [Theoretical aspects of the study of the social conditionality of language] [Text] // Vliyanie social'ny'x faktorov na funkcionirovanie i razvitie yazy'ka. – Moscow : Nauka, 1988. – 541 p.

3 **Belikov, V. I., Kry'sin, L. P.** Sociolingvistika: Uchebnik dlya vuzov. [Sociolinguistics: Textbook for Universities] [Text]. – M. : Rossijskij gosudarstvenny'j gumanitarny'j universitet, 2001. – S. 439. Sociolingvistika: Uchebnik dlya vuzov. – Moscow : Russian State University for the Humanities 2001. – 439 p.

4 **Baskakov, A. N., Nasy'rova, O. D.** Yazy'kovy'e situacii v tyurkoyazy'chny'kh respublikakh Rossijskoj Federacii (kratkij sociolingvisticheskij ocherk). [The language situations in the Turkic-speaking republics of the Russian Federation (a brief sociolinguistic sketch)] [Text] // Yazy'ki Rossijskoj Federacii i novogo zarubezh'ya: status i funkci. – Moscow : E'ditorial URSS, 2000. – P. 34–129.

5 **Fierman, W.** Kazakh Language and Prospects for its Role in Kazakh «Groupness». [Text] – Ab Imperio. – 2005. – № 2. – P. 393–423. [Electronic resource]. – URL : <https://www.semanticscholar.org/paper/Kazakh-Language-and-Prospects->

[for-its-Role-in-Fierman/ba205b1d159afa352b58a1d0df9e7a4e28fa2f1a](https://stat.gov.kz/for_users/national/2009/region) – (Review date: 05.09.2022).

6 2009 zhy'lgıy' Kazakstan Respublikasy'ny'n Ultty'k sanagy'ny'n kory'ty'ndy'lary'. [Results of the National Census of the Republic of Kazakhstan in 2009] [Electronic resource]. – URL : https://stat.gov.kz/for_users/national/2009/region – (Review date: 02.09.2022).

7 1999 zhy'lgıy' Kazakstan Respublikasy'ny'n Ultty'k sanagy'ny'n kory'ty'ndy'lary'. [Results of the National Census of the Republic of Kazakhstan in 1999] [Electronic resource]. – URL : https://stat.gov.kz/for_users/national/1999 – (Review date: 02.09.2022).

8 2021 zhy'lgıy' Kazakstan Respublikasy'ny'n Ultty'k sanagy'ny'n kory'ty'ndy'lary'. [Results of the National Census of the Republic of Kazakhstan in 2021] [Electronic resource]. – URL : https://stat.gov.kz/for_users/national/2020 – (Review date: 09.09.2022).

9 **Alty'nbekova, O. B.** E'tnoyazy'kovy'e processy' v Kazaxstane : monografiya [Ethnolinguistic Processes in Kazakhstan: Monograph] [Text]. – Almaty' : E'konomika, 2006. – 416 p.

10 **Aksholakova, A., Ismailova, N.** The language policy of Kazakhstan and the state language in government service [Text] // Materials of the 3rd World Conference on Learning, Teaching and Educational Leadership (WCLTA-2012). – Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2013. – № 93. – P. 1580–1586. [Electronic resource]. – URL : <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042813035301> – (Review date: 11.09.2022).

Материал 09.06.23 баспаға түсті.

*А. Утегенова

Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Республика Казахстан, г. Актөбе.

Материал поступил в редакцию 09.06.23.

СОЦИОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ ЯЗЫКОВ В ЗАПАДНОМ РЕГИОНЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В данной статье рассматриваются социолінгвістическіе аспекты функционирования языков в западном регионе Республики Казахстан. Цель нашей статьи – охарактеризовать социальные факторы, определяющие языковую ситуацию в западном регионе Республики Казахстан, в частности демографические параметры

населения региона, особенности расселения этнических групп, а также их социально-профессиональную стратификацию и возрастные категории населения. В то же время рассматриваются такие факторы, как географические особенности, политико-экономическое положение, культурные и языковые особенности региона, косвенно влияющие на использование казахского, русского и английского языков. В качестве основного материала исследовательской работы использованы итоговые статистические данные национальных переписей Республики Казахстан за разные периоды. Также в исследовании были рассмотрены результаты проведенного в западном регионе социолингвистического опроса, содержащие исчерпывающую информацию о социальной структуре данного региона Республики Казахстан.

На основании проведенного исследования автор приходит к выводу, что экстралингвистические факторы государственного языка неоднозначны. На сегодняшний день географическое положение западной части Республики Казахстан оказывает существенное влияние на языковую ситуацию, что обусловило компактное расселение казахов на одной территории и их численное превосходство.

Косновным динамическим факторам, способствующим изменению языковой лояльности, языковых установок населения и снижению языкового сдвига, относятся повышение прагматической ценности образования среди молодежи, а также социально-профессиональная структура населения, определяющая распространение казахского, русского и английского языков в различных коммуникативных сферах.

Ключевые слова: языковая ситуация, факторный анализ, социальные факторы, Национальная перепись населения, социолингвистический опрос, экстралингвистические факторы.

*A. Utegenova

Aktobe Regional University named after K. Zhubanov,
Republic of Kazakhstan, Aktobe.

Material received on 09.06.23.

SOCIOLINGUISTIC ASPECTS OF THE FUNCTIONING OF LANGUAGES IN THE WESTERN REGION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

This article deals with the sociolinguistic aspects of the functioning of languages in the western region of Kazakhstan. The purpose of our article is

to characterize the social factors determining the language situation in the western region of Kazakhstan, in particular the demographic parameters of the population of the region, the peculiarities of the settlement of ethnic groups, as well as their socio-professional stratification and age categories of the population. At the same time such factors as geographical features, political and economic situation, cultural and linguistic features of the region, which indirectly influence the use of the Kazakh, Russian and English languages, are considered. As the main material of the research work, the final statistical data of the national censuses of Kazakhstan for different periods were used. The study also considered the results of a sociolinguistic survey conducted in the western region, which contains comprehensive information about the social structure of this region of Kazakhstan.

The main dynamic factors contributing to the change in language loyalty, language attitudes of the population and the decrease in language shift include the increasing pragmatic value of education among young people, as well as the socio-professional structure of the population, which determines the distribution of Kazakh, Russian and English in various communicative spheres.

Keywords: language situation, factor analysis, social factors, National Census, sociolinguistic survey, extralinguistic factors.

<https://doi.org/10.48081/XFAJ9225>

***Ғ. Б. Шойбекова¹, Е. Армия², Б. Молдағали³**

^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар

педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

³Абай атындағы Қазақ ұлттық

педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*e-mail: shoibekova_gaziza@mail.ru

ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОТАНСҮЙГІШТІК МАЗМҰНДАҒЫ МӘТІНДЕРДІ ІРІКТЕУ, БЕЙІМДЕУ, ЦИФРЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тілдік тұлға – ауызша және жазбаша мәтін тудыра алатын, оны адресат пен адресант арасындағы коммуникацияға айналдыра алатын тұлға. Өз кезегінде барлық грамматикалық тұлғалар мен функционалды стильдердің мүмкіндіктерін бастауыш сынып оқушысы өз жасына сәйкес қолдана алады. Демек, тілдік тұлға – философиялық, психологиялық және әлеуметтанымдық т.б. тұтас ғылым салаларында қолданылатын пәнаралық термин. Бұл терминді бастауыш сыныпта отансүйгіштік мазмұндағы мәтіндерді игере отырып, азаматтық құзыреттілікті меңгеруде де қолданылатынын ескерген жөн.

Бұл мақала отансүйгіштік мазмұндағы мәтіндер лингвистикасына арналған докторлық диссертация шеңберінде ұсынылған тақырыпты негізге ала отырып әзірленген. Ғылыми мақалада тілдік тұлғаны қалыптастыруда отансүйгіштік мазмұндағы мәтіндерді іріктеп, бейімдеп, цифрландырып пайдалану мәселесі қарастырылған. Тілдік тұлғаны қалыптастыру баланың кішкентайынан басталу керек. Жас-жасқа бөліп, барлық сынып-сынып бойынша тілдік тұлғаның қалыптасуына назар аудару керек. Осыған дейін тілді структуралық тұрғыдан оқытып, лингвистикалық білімді құрылымдық тұрғыда беруді көздеген жүйе болды. Соған сәйкес фонетикалық тілдік құзыреттіліктер, лексикалық құзыреттіліктер, морфологиялық құзыреттіліктер, синтаксистік құзыреттіліктер, сөзжасамдық

құзыреттіліктер беріліп, тек пәндік құзыреттіліктермен шектелді. Ал тілдік тұлға мәтін тұрғысынан оқыту, мәтінмен байланыстыра оқытуды басты мақсат етпеді. Бүгінде қазақ тілі функционалды аспект тұрғысынан оқытуды қолға алған шақта, мәтін арқылы тілдік тұлға қалыптастыру, сонымен қатар отансүйгіштік мазмұндағы мәтіндерді бейімдеп беру ұсынылып отыр.

Кілтті сөздер: отансүйгіштік, мәтін, тіл, тұлға, цифрландыру.

Кіріспе

Тілдік тұлға қалыптастыру лингвистикалық білім арқылы беріледі. Әрбір балаға азаматтық құзыреттіліктің отансүйгіштік қасиетін сіңіру аса маңызды. Цифрлы Қазақстан жүйесіне ену үшін мәтіндерді өңдеп, бейімдеп, көпшілікке қолжетімді етіп, оқушылардың өз бетімен мәтін құрастыра алуына жағдай жасау мақсатында, сондай-ақ оқу құралдарының авторларына, білім беруші ұстаздарына да әдістемелік және сүйемелдеуші көмекші құралдар дайындалу қажет деп санаймыз. Бұл мақаламыз – осындай атқарылуға тиіс көптеген шаралардың алғашқы бастамасы.

Жаһандану жағдайында оқушылардың тілдік тұлғасын қалыптастыру үшін рухани-адамгершілік, патриоттық дамуы мен тәрбиелік әлеуетін күшейту керек. Бұл үшін отансүйгіштік мазмұндағы мәтіндерді оқушылардың түсініп, қабылдап, өз бетінше мәтін құрай алуы үшін, алдымен, мәтіндер іріктеліп, бейімделіп, үлгілерге салынады, цифрландырылу қажет.

Баланың тілдік тұлғасы бастауыш сыныптан бастап мәтінді құрап үйрену арқылы қалыптасуы керек.

Отансүйгіштік мазмұндағы көркем-әдеби, публицистикалық стильдегі мәтіндерді жинақтап, жасына сәйкестендіріп, бейімдеу әрі қарай жұмыстың жүруінің басты шарты болып саналады.

Материалдар мен әдістер

Отансүйгіштікке тәрбиелейтін мәтіндерді орынды, мазмұнды ұсыну – ұрпақ тәрбиесінің дұрыс қалыптасуының кепілі. Жаңа ұрпақ тілге шорқақ, кітап оқуға құштарлығы аз, ана тілінен сөздік қоры кедей, ойын ауызекі тілде анық жеткізе алмайтын болып келе жатыр. Оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыру үшін көркем шығармалардың маңызы зор екендігі белгілі. Отансүйгіштік мазмұндағы мәтіндерді өңдеп, оқушының жас ерекшелігіне икемдеп ұсыну арқылы тілдік тұлғасын қалыптастыруға әсер етудің тиімді екендігі анық көрінеді. Мақаланы жазу барысында теориялық анализ, синтез, жалпылау, жүйелеу әдіс-тәсілдері негізінде материалдар сараланды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы дайындаған «Қазақстан

республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021–2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат жинағында білім беру ұйымдарының мектепалды және 1–11-сыныптарында 2021–2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жөніндегі материалдар берілген [1, 3 б.].

Ал оқылым мәтіндері арқылы бала деңгейінің өсуі, түрлі құзыреттіліктерді қалыптастырып, тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. Айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым дағдылары білім алушының өзгелермен пікір алмасып, емін-еркін қарым-қатынас жасауына, мәтін құрай алуына, сол арқылы ойын, көзқарасын жүйелеп, анық жеткізуге, оқулықтағы ақпараттарды тиімді пайдаланауына мүмкіндік туғызады. Осы дағдылардың бәрін де қолдану арқылы отансүйгіштік мазмұндағы мәтіндерді оқу, тыңдау, жазу, айту арқылы тілдік тұлғасы қалыптасады.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажет. Ол «...отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыруға көмектеседі» деген пікірін ескерсек, отансүйгіштік қасиет – жалпыадамзаттық, ұлттық құндылыққа жатады [1, 43 б.].

2021–2022 оқу жылына 1-сыныптар үшін «Әліппе», «Ана тілі», «Цифрлық сауаттылық» пәндері енгізілді. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқытуда пәнаралық байланыста оқыту үшін біздің тарапымыздан ұсынылып отырған ғылыми жобаның берері мол болатыны сөзсіз. Себебі бастауыш сынып оқушылары цифрланған мәтіндер жүйесін оқи алу, мәтіндерді жаза алу мүмкіндігіне ие болады.

Осыны негізге ала отырып, ғылыми жобада отансүйгіштік мазмұндағы мәтіндерді іріктеп, бейімдеп, цифрландырып пайдалана отырып, тілдік тұлға қалыптастыру көзделіп отыр.

3) Тек бастауыш сыныпта ғана емес, барлық сыныптарға байланысты тілдік тұлғаның қалыптасуы тілді структуралық тұрғыдан оқытып, лингвистикалық білімді құрылымдық тұрғыда беруді көздеген жүйе болды. Осыған байланысты фонетикалық тілдік құзыреттіліктер, лексикалық құзыреттіліктер, морфологиялық құзыреттіліктер, синтаксистік құзыреттіліктер, сөзжасамдық құзыреттіліктер беріліп, тек пәндік құзыреттіліктермен шектелді. Ал тілдік тұлға мәтін тұрғысынан оқыту, мәтінмен байланыстыра оқытуды басты мақсат етпеді. Бүгінде қазақ тілі функционалды аспект тұрғысынан оқытуды қолға алған шақта, мәтін арқылы

тілдік тұлға қалыптастыру, сонымен қатар отансүйгіштік мазмұндағы мәтіндерді бейімдеп беру де зерттеу жобасында алғаш рет ұсынылып отыр.

Тілдік тұлға – ауызша және жазбаша мәтін тудыра алатын, оны адресат пен адресант арасындағы коммуникацияға айналдыра алатын тұлға. Өз кезегінде барлық грамматикалық тұлғалар мен функционалды стильдердің мүмкіндіктерін бастауыш сынып оқушысы өз жасына сәйкес қолдана алады. Ғалым Ю. Н. Караулов тілдік тұлға терминіне тілді антропоэзектілік тұрғыдан тіл мен адамның қарым-қатынасын қатар қарастыратын, зерттеудің жалпы аспектілерін қамти зерттейтін деген анықтама береді. «Языковая личность – вот та сквозная идея, которая, как показывает опыт ее анализа и описания, пронизывает и все аспекты изучения языка и одновременно разрушает границы между дисциплинами, изучающими человека, поскольку нельзя изучать человека вне его языка» [2, с. 3]. Демек, тілдік тұлға – философиялық, психологиялық және әлеуметтанымдық т.б. тұтас ғылым салаларында қолданылатын пәнаралық термин. Бұл терминді бастауыш сыныпта отансүйгіштік мазмұндағы мәтіндерді игере отырып, азаматтық құзыреттілікті меңгеруде де қолданылатынын ескерген жөн.

Соңғы жылдардағы зерттеулердің де салааралық сипат алып, антропоэзектілік тұрғыдағы зерттеулердің көбейгенін көріп отырмыз. Тілді теориялық тұрғыдан зерделеу қазақ ғылымы үшін көп нәрсе берді. Енді теориялық мәселелерді практикалық, тәжірибелік жағынан қолдануды қолға алу қажет деп санаймыз. Сондықтан да ұлттық тілдегі ең алғашқы балаға беретін нәрсе ол оның өмір сүруге қажетті тілдік бірліктерді үйрету болса, екінші кезекте отансүйгіштік қасиетті бойларына сіңіру болмақ. Отансүйгіштік қасиетті сіңіруге байланысты әлемдік ғылымдағы зерттеу еңбектерге шолу жасалды.

С. С. Коренблит, А. Г. Арушанова, Е. С. Рычагованың «Развитие языковой личности дошкольника: теория, опыт. Программа и технология «Весёлый день дошкольника» («ВЕДЕДО»)» практикалық талдауларға негізделіп жазылған монографиясы [3, 274 с.], педагогикалық оқу орындарының оқытушылары мен білім алушыларға, ғылыми қызметкерлерге балалардың тілдік тұлғасын, тілдік қарым-қатынасын дамыту мәселелеріне арналған еңбегінде «Весёлый день дошкольника» «ВеДеДо» қысқарған нұсқасымен аталатын әдістемелік атаумен мектеп жасына дейінгі баланы қуаныш, жағымды эмоциялар, оптимизм және позитивті атмосферада тәрбиелеу және оқыту жолдары қарастырылған. Балалар өмірінің әртүрлі аспектілері туралы әндерді қамтитын жаңа буын (ойындар, іс-шаралар, серуен, мерекелер, театр, ертегі және т. б.); әндерге иллюстрациялар; әдістемелік өнер туындыларымен танысу процесінде балалар мен ересектердің өзара әрекеттесуінің жаңа

формаларын ашатын ұсыныстар бар. Бірақ еңбекте тәрбиенің салалары қарастырылғанмен, отансүйгіштік мәні келтірілмеген.

Е. А. Башмакова, Л. Н. Фадеева, И. Н. Соколованың «Формирование языковой личности как фактор развития языковой способности у детей» атты мақаласында балалардың тілдік тұлғасын қалыптастыру туралы мәселесі қозғалып, баланың сөйлеу тілінің дамуын ересектерден кішілердің қабылдауымен қалыптасатын күрделі шығармашылық процесс деп болжайды [4]. Бұл пікір ересектердің айтқан сөздерін балалардың бойына сіңіреді деп санасак, онда міндетті түрде үнемі отансүйгіштік туралы айтып, сөз қозғап отырудың қажеттігін растайды.

А. С. Дёмышеваның «Развитие языковой личности младшего школьника в процессе лингвистического образования» (2007) атты зерттеу жұмысы екінші тілді игеру кезіндегі қалыптасатын тілдік тұлға тұрғысынан зерделенсе [5, 25 с.], Е. Р. Ядровскаяның «Развитие интерпретационной деятельности читателя-школьника в процессе литературного образования: 5–11 классы» атты зерттеуі оқырман-оқушының әдеби білім алуды талдау әрекеттеріне арналады [6, 512 с.]. Ал шетелдік зерттеулерде де отансүйгіштік қасиетті меңгертуге арналған зерттеулердің болмауы, қазақ ғылымының әлемдік ғылымның бөлшегі ретінде осы жұмысты атқаруына мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Е. В. Шевцова «Формирование патриотизма у младших школьников средствами народной педагогики» [7] атты еңбегінде халықтық педагогика арқылы отансүйгіштік қасиетті бастауыш сынып оқушыларына құзыреттілік ретінде қалыптастыратын болса, бұл мақала отансүйгіштік мазмұндағы кез келген тақырыптарды кеңінен қамтиды.

Біздің зерттеуімізге дейін Қазақстан ғылымында бастауыш сынып оқушыларының тілдік құзыреттіліктерін отансүйгіштік мазмұндағы мәтіндер арқылы зерделеген жұмыс болмаған. Зерттеулер тек тіл парадигмаларын ғана игерту мақсатында қалыптасатын тілдік тұлға тұрғысынан ғана орындалған. Педагогикалық қырлары зерделенген жұмыс біршама болғанмен, бүгінгі жас ұрпақтың отансүйгіштік қасиеттерін сіңіруге жеткіліксіз.

Отандық ғылымда А. Д. Рысқұлбекованың «Бастауыш сынып оқушыларына арналған оқу тапсырмалар жиынтығы» атты әдістемелік көмекші құралдың жалпы мазмұнын байқар болсақ, оқу тапсырмалары бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналады да, азаматтық құзыреттіліктің бір арнасы отансүйгіштік тақырыбы сырт қалады [8, 36 б.].

Г. А. Тулегенова «Бастауыш сыныпта гуманитарлық пәндер негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру» тақырыпта дайындалған диссертациясына қазіргі заманғы Қазақстандағы демократиялық өзгерістер

жас ұрпақты патриоттық тұрғыда тәрбиелеудің тиімділігін талап ететіндігімен байланысты [9]. Өскемен ұрпақты патриоттық тәрбиелеу мәселесі бүгінде ерекше маңызға ие болып отыр, өйткені Кеңес заманында басқа одақтас республикалар сияқты Қазақстанда да көптеген жылдар бойы коммунистік идеология болды. Тәуелсіздік жылдарында нақты отансүйгіштік идеология көрініс таппады. Тек біртұтастық, көп ұлттардың ауызбіршілігі идеологиясы болды. «Отансүйгіштік» ұғымына зерттеу жасаған Ж. Төлен, С. Төленова, Е. Асылтаева, Н. Айтымбетовтардың авторлығымен жазылған мақалада «отансүйгіш» сөзіне «өзі тұрған жерін құрметтейді, мәңгі бақи туған жеріне адал, ата-бабаларын құрметтейтін, отандастарына деген сүйіспеншілік, әр уақытта көмек қолын созуға даяр, елінің көркеюіне күнделікті үлес қосып отыратын адам» деген түсінік береді. Авторлар қоғамдағы отансүйгіш «азаматтық сана» қалыптастырудың саяси сипаттарын да жаза келе, әр елдің отансүйгіштікке тәрбиелеу әдістерімен бөліседі. Мысалы, АҚШ-та мемлекеттік рәміздер, киноиндустрия, бұқаралық ақпарат құралдарында айтылады, арнайы мереке күнін күнтізбеге енгізген. Жапонияда 2003 жылдан бастап 11 жастан отансүйгіштік бойынша білімдері есепке алынатын болған. Қазақстанда отансүйгіштікке тәрбиелейтін Тәуелсіздік күні, Конституция күні, Қазақстан халықтарының біртұтастығы күні т.б. мерекелер ұйымдастырылады және әр аймақтан жастар мәслихатын құрып, 16 өкіл түрлі шаралар ұйымдастыруға атсалысып отырады [10, 4859–4863 б.]. Отансүйгіштік идеологияны жеткізуді балаға жас кезінен қалыптастырып, елжанды тілдік тұлға қалыптастыру керек.

Қорытынды

Осы ғылыми еңбектерге шолу жасай отырып, қазақ лингвистикасында отансүйгіштік мазмұндағы мәтіндерді іріктеп, жас деңгейлеріне сәйкес бейімдеу қажет. Сонымен бірге қазіргі кездегі техниканың да мол мүмкіндіктерін пайдаланып, цифрландырып беруді де қарастырған жөн. Бұған қоса отансүйгіштік мазмұндағы мәтіндерді сынып-сыныпқа бөліп берген де ыңғайлылық тудырған болар еді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021–2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат [Мәтін]. – Нұр-Сұлтан : Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 378 б.

2 **Караулов, Ю. Н.** Русский язык и языковая личность [Текст]. – М. : Едиториал УРСС, 2004. – 264 с.

3 **Коренблит, С. С., Арушанова, А. Г., Рычагова, Е. С.** Развитие языковой личности дошкольника : теория, опыт. Программа и технология «Весёлый день дошкольника» («ВеДеДо») : практико-ориентированная монография [Текст]. – Краснодар : Издательский дом «ХОРС», 2015. – 274 с.

4 **Башмакова, Е. А., Фадеева, Л. Н., Соколова, И. Н.** «Формирование языковой личности как фактор развития языковой способности у детей» [Электронный ресурс]. – <https://moluch.ru/th/1/archive/170/5219>.

5 **Дёмышева, А. С.** Развитие языковой личности младшего школьника в процессе лингвистического образования : автореферат на соискание кандидата педагогических наук. по 13.00.02 – теория и методика обучения и воспитания (русский язык, уровень общего образования) [Текст] – Екатеринбург, 2007. – 25 с.

6 **Ядровская, Е. Р.** Развитие интерпретационной деятельности читателя-школьника в процессе литературного образования : 5–11 классы : дисс. на соиск. степ. д-ра педагогических наук. по 13.00.02 – теория и методика обучения и воспитания (русский язык, уровень общего образования) [Текст] – Санкт-Петербург, 2012. – 512 с.

7 **Шевцева, Е. В.** Формирование патриотизма у младших школьников средствами народной педагогики: автореферат на соискание кандидата педагогических наук. по 13.00.01 – Общая педагогика, история педагогики и образования [Текст] – Чебоксары, 2010. – 18 с.

8 **Рысқұлбекова, А. Д.** Бастауыш сынып оқушыларына арналған оқу тапсырмалар жиынтығы : әдістемелік көмекші құрал [Электронды ресурс]. – <http://dev-s.balatali.kz/uploads/books/80a1930b212edee2bc7a2950d15ab90a/%D0%B1%D0%B0%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%83%D1%8B%D1%88.pdf>.

9 **Тулегенова, Г. А.** Бастауыш сыныпта гуманитарлық пәндер негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру: 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация [Мәтін]. – Талдықорған, 2021. – 131 б.

10 **Zhengisbek, Tolen., Slushash, Tulenova., Elnura, Assyltaeva., Nurken, Aitymbetov.** Formation of civil and patriotic education of youth in Kazakhstan / [Electronic resource] – https://www.researchgate.net/publication/274028640_Formation_of_Civil_and_Patriotic_Education_of_Youth_in_Kazakhstan#fullTextFileContent.

References

1 «Qazaqstan Respýblıkasynyń orta bilim berý uıymdarynda oqý-tárбие prosesin uıymdastyrdyń 2021–2022 oqý jylyndaǵy ereksheликтери týraly».

Adistemelik nusqaý hat [«On the features of the organization of the educational process in organizations of secondary education of the Republic of Kazakhstan in the 2021–2022 academic year». Methodical instructive letter] [Text]. – Nur-Sultan : Y. Altynsarın atyndaǵy UBA, 2021. – 378 p.

2 **Karaýlov, Iý. N.** Rýsski iazyk i iazykovaia lichnost [Russian language and linguistic personality] [Text] – Moscow : Editorial ÝRSS, 2004. – 264 p.

3 **Korenblit, S. S., Arýshanova, A. G., Rychagova, E. S.** Razvitie iazykovoi lichnosti doshkolnika: teoria, opyt. Programma i tehnologia «Vesolyı den doshkolnika» («VeDeDo») : praktiko-orientirovannaa monografia [The development of a preschooler's linguistic personality: theory, experience. Program and technology «Fun day of a preschooler» («VeDeDo») : a practice-oriented monograph] [Text]. – Krasnodar : Izdatelski dom «HORS», 2015. – 274 p.

4 **Bashmakova, E. A., Fadeeva, L. N., Sokolova, I. N.** «Formirovanie iazykovoi lichnosti kak faktor razvitiia iazykovoi sposobnosti ý detei» [«Formation of a linguistic personality as a factor in the development of language ability in children»] / [Electronic resource]. – <https://moluch.ru/th/1/archive/170/5219/>

5 **Dómysheva, A. S.** Razvitie iazykovoi lichnosti mladshogo shkolnika v prosese lingvisicheskogo obrazovania : avtoreferat na soiskanie kandidata pedagogicheskikh naýk. po 13.00.02 – teoria i metodika obýchenia i vospiania (rýsski iazyk, ýreven obshego obrazovania) [The development of the language personality of a younger student in the process of linguistic education : an abstract for the Candidate of Pedagogical Sciences. on 13.00.02 – theory and methodology of teaching and education (Russian, general education level)] [Text] – Ekaterinbýrg, 2007. – 25 p.

6 **Iadrovskaa, E. R.** Razvitie interpretasionnoi deiatelnosti chitateláshkolnika v prosese literatýrnogo obrazovania: 5-11 klassy : diss. na soisk. step. d-ra pedagogicheskikh naýk. po 13.00.02 – teoria i metodika obýchenia i vospiania (rýsski iazyk, ýreven obshego obrazovania) [The development of the interpretative activity of the student reader in the process of literary education: grades 5–11 : diss. on the job. step. Doctor of Pedagogical Sciences. on 13.00.02 – theory and methodology of teaching and education (Russian, general education level)] [Text]. – St. Petersburg. 2012. – 512 p.

7 **Shevseva, E. V.** Formirovanie patriotizma ý mladshih shkolnikov sredstvami narodnoi pedagogiki : avtoreferat na soiskanie kandidata pedagogicheskikh naýk. po 13.00.01 – Obshaia pedagogika, istoria pedagogiki i obrazovania [Formation of patriotism among younger schoolchildren by means of folk pedagogy : an abstract for the Candidate of Pedagogical Sciences. on 13.00.01 – General pedagogy, history of pedagogy and education] [Text]. – Cheboksary, 2010. – 18 p.

8 **Rysqulbekova, A. D.** Bastyýsh synyp oqýshylaryna arnalǵan oqý tapsyrmalar jyntyǵy : ádistemelik kómekshi qural [A set of educational tasks for

Primary School students : a methodological aid] / [Electronic resource]. – <http://dev-s.balatili.kz/uploads/books/80a1930b212edee2bc7a2950d15ab90a/%D0%B1%D0%B0%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%83%D1%8B%D1%88.pdf>

9 **Týlegenova, G. A.** Bastaýysh synypa gýmanitarlyq pánder negizinde oqýshylarǵa patriottyq tárbi berý : 6D010200 – Bastaýyshta oqytý pedagogikasy men ádistemesi mamandyǵy boyynsha filosofia doktory (PhD) dárejesin alý úshin daýyndalǵan disertasiya [Patriotic education of students in elementary school on the basis of humanitarian disciplines: dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in the specialty 6d010200 – pedagogy and methods of primary education] [Text] – Taldyqorgan, 2021. – 131 p.

10 **Zhengisbek, Tolen., Slushash, Tulenova., Elnura, Assyltaeva., Nurken, Aitymbetov.** Formation of civil and patriotic education of youth in Kazakhstan [Electronic resource]. – https://www.researchgate.net/publication/274028640_Formation_of_Civil_and_Patriotic_Education_of_Youth_in_Kazakhstan#fullTextFileContent.

Материал 09.06.23 баспаға түсті.

*Г. Б. Шойбекова¹, Е. Армия², Б. Молдағали³

^{1,2}Қазақстан Республикасының педагогикалық университеті,

Республика Казахстан, г. Алматы;

³Қазақстан Республикасының педагогикалық университеті имени Абай,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 09.06.23.

ВОПРОСЫ ОТБОРА, АДАПТАЦИИ, ЦИФРОВИЗАЦИИ ТЕКСТОВ ПАТРИОТИЧЕСКОГО СОДЕРЖАНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ЯЗЫКОВОЙ ЛИЧНОСТИ

Языковая личность – это личность, которая может генерировать устный и письменный текст, превращая его в общение между адресатом и адресантом. В свою очередь, возможности всех грамматических форм и функциональных стилей могут быть использованы учеником начального класса в соответствии со своим возрастом. Следовательно, языковая личность – это междисциплинарный термин, используемый в областях целостной науки, таких как философская, психологическая и социологическая и т.д. Следует учитывать, что данный термин используется и в

начальном классе при овладении гражданской компетентностью, овладении текстами патриотического содержания.

Данная статья разработана на основе темы докторской диссертации, посвященной лингвистике текстов патриотического содержания. В научной статье рассматриваются вопросы исследования патриотических текстов и их отбора, адаптации, оцифровки в формировании языковой личности. Формирование языковой личности следует начинать с самого раннего возраста ребенка. Необходимо выделить возраст и обратить внимание на формирование языковой личности по всем классам. До этого существовала система структурного обучения языку и лингвистических знаний. В соответствии с этим фонетические языковые компетенции, лексические компетенции, морфологические компетенции, синтаксические компетенции, словообразовательные компетенции были переданы и ограничены только предметными компетенциями. Когда казахский язык изучается с точки зрения функционального аспекта, с нашей стороны предлагаются формировать языковую личность через текст, а также адаптировать тексты патриотического содержания.

Ключевые слова: патриотизм, текст, язык, личность, цифровизация.

*G. B. Shoybekova¹, E. Armiya², B. Moldagali³

^{1,2}Kazakh National Women's Teacher

Training University,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

³Kazakh National Pedagogical

University named after Abai,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 09.06.23.

ISSUES OF SELECTION, ADAPTATION, DIGITALIZATION OF PATRIOTIC TEXTS IN THE FORMATION OF A LINGUISTIC PERSONALITY

A linguistic person is a person who can give rise to an oral and written text, turn it into communication between the addressee and the addressee. In turn, the possibilities of all grammatical personalities and functional styles can be used by a primary school student in accordance with his age. Therefore, a linguistic person is an interdisciplinary term used in the fields

of science as a whole, philosophical, psychological and sociological, etc. It is important to note that this term is also used in the acquisition of civic competence, mastering texts of patriotic content in elementary school.

This article was developed on the basis of the topic developed within the framework of the doctoral dissertation on the linguistics of texts of patriotic content. The scientific article discusses the selection, adaptation and digitization of texts of patriotic content in the formation of a linguistic personality. The formation of a linguistic personality should begin with a small child. It is necessary to pay attention to the formation of a linguistic personality throughout the class-class, dividing it by age. Before that, there was a system that intended to teach the language structurally and transmit linguistic knowledge structurally. In accordance with it, phonetic language competencies, lexical competencies, morphological competencies, syntactic competencies, word-building competencies were assigned and limited only to subject competencies. And the linguistic personality did not have the main goal of teaching from the point of view of the text, teaching in connection with the text. Today, when the Kazakh language begins to be taught in terms of functional aspects, it is proposed to form a linguistic personality through the text, as well as adapt texts of patriotic content.

Keywords: patriotism, text, language, personality, digitalization.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Абдуов Мұхаммадғали Ілиясұлы, филология ғылымдарының докторы, Филология факультеті, «Қарағанды Бөкетов университеті» КЕАҚ, Қарағанды қ., 100000, Қазақстан Республикасы, e-mail: abduov_m@mail.ru

Абдуова Назия Мұхаммадғалиқызы, т.ғ.м., «Қарағанды Бөкетов университеті» КЕАҚ, филология факультеті, Қарағанды қ., 100000, Қазақстан Республикасы, e-mail: nazilya_abduova@mail.ru

Абдырова Ардақ Оразғалиқызы, докторант, Торайғыров университеті, Филология факультеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы, e-mail: abdyrova_77@mail.ru

Абилдаева Қарлығаш Нұржанқызы, докторант, 8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы, Қазақ тілі және әлем тілдері институты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті КЕАҚ, Алматы қ., A00F6T9, Қазақстан Республикасы, e-mail: abildaeva.00@mail.ru

Абишева Гульнара Кайдарқызы, докторант, «Филология: қазақ филологиясы» мамандығы, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: Abisheva_gulnara1982@mail.ru

Айбекқызы Нұрханым, магистрант, «Қ. Жұбанов Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ, Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы, e-mail: aibekkyzy_n@mail.ru

Анесова Альбина Женисовна, қауымд. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: anesova_albina@mail.ru

Армия Еркежан, «Филология» БББ бойынша докторант, Филология институты, «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КЕАҚ, Алматы қ., 050038, Қазақстан Республикасы, e-mail: erke0716@mail.ru

Әбілханова Назгүл Мукарамақызы, магистрант, КЕАҚ «Қ. Жұбанов университеті», Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы, e-mail: zhetembayeva@mail.ru

Баратова Мухаббат Нұржауқызы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: baratova.muhabbat1970@mail.ru

Дарменова Гульвира Тұрсынбекқызы, PhD доктор, «Қазіргі түрік диалектілері мен әдебиеттері» бөлімінің оқытушысы, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Денизли қ., 20100, Түркия Республикасы, e-mail: gdarmenova@pau.edu.tr

Елікпаев Серік Төлеубайұлы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров

университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: serik.elikbay@mail.ru

Ерғалиев Қуаныш Советұлы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор (доцент), Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі, «Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: ergaliev1976@mail.ru

Ерғалиева Самал Жанатқызы, PhD, қауымд. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: samal17.12@mail.ru

Ерланова Аяулым Ерлановна, докторант, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: Ayaulym_erlankyzy@mail.ru

Жетпісбай Әлия Қожамұратқызы, филология ғылымдарының кандидаты, Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі, Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасының доценті, «Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КЕАҚ, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: a_kanzhygaly@mail.ru

Жумашева Анара Шариповна, филология ғылымдарының докторы, профессор, Шетел филологиясы кафедрасы, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: anara-zhash@mail.ru

Журавлева Евгения Александровна, филология ғылымдарының докторы, профессор, теориялық және қолданбалы лингвистика кафедрасының меңгерушісі, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Филологиялық факультеті, Астана қ., 010008, Қазақстан Республикасы, e-mail: zhuravleva_yea@enu.kz

Журавлева Елена Александровна, филология ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: milsoph_1982@mail.ru

Жүсіпов Нартай Қуандықұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: nartai1970@mail.ru

Иост Ольга Александровна, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, доцент, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: olga_jost@mail.ru

Кадырова Бакытжан Масалимовна, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: masalim70@mail.ru

Кажытай Балнур Кызырбековна, докторант, 8D02314-Әдебиеттану мамандығы, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: k_azhytay@mail.ru

Кайдарова Асель Жанатовна, гуманитарлық ғылымдарының магистрі, ассистент-оқытушы, Шетел филологиясы кафедрасы, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: slada.sladova@mail.ru

Капанова Дамели Енсебековна, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер департаментінің профессоры, «Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы» ЖШС, Астана қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: damelia07@mail.ru

Карипжанова Айнур Ораловна, филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: Ainurok1974@mail.ru

Касымова Асем Аленовна, PhD докторы, Филология факультеті, КЕАҚ «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті», Семей қ., 071410, Қазақстан Республикасы, e-mail: assemzere.ak@gmail.com

Кожакметова Гулим Бакберовна, докторант, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы, Филология факультеті, «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті», Түркістан қ., 161200, Қазақстан Республикасы, e-mail: gulim_bakberovna@mail.ru

Копеев Арслан Жәстілбекұлы, докторант, «Қазақ филологиясы» мамандығы, Торайғыров университеті, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: arslan.kopeyev@gmail.com

Кузембаева Гульжана Айтжановна, PhD, доцент, «Қ. Жұбанов Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ, Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы, e-mail: kuzembayeva@mail.ru

Кульбаева Баглан Тасбулатовна, филология ғылымдарының кандидаты, Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі, Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасының доценті, «Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КЕАҚ, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: kbaglan62@mail.ru

Куманоя-Накагава Йоко, Филология ғылымдарының докторы (Ph.D), профессор, Кейо университеті, Мита, Минато-ку, Токио қ., 108-8345, Жапония, e-mail: kumanoya@keio.jp

Куркимбаева Айжан Муратовна, PhD, қауымд. профессор, Кафедра меңгерушісі, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы қ., 050060, Қазақстан Республикасы, e-mail: aizhan-k@mail.ru

Қапасова Бақытгүл Қасымбайқызы, Филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: Kapasova1970@mail.ru

Мадеева Асия Айтуаровна, «Аударма ісі» мамандығы бойынша докторант, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, assiya_madeyeva@mail.ru

Молдағали Бақытгүл, PhD, пост-докторант, Педагогикалық технологияларды талдау лабораториясы, «Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» КЕАҚ, Алматы қ., 050010, Қазақстан Республикасы, e-mail: bahados_@mail.ru

Муталиева Раушан Мамырқызы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: raushan_mutalieva@mail.ru

Олжабаев Бекарыс Кобланұлы, докторант, «Филология» мамандығы, Филология факультеті, «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ, Ақтөбе қ., 030005, Қазақстан Республикасы, e-mail: olzhabaev.beka@mail.ru

Оразбек Мактагул Социалқызы, профессор, «Қазақ әдебиеті» кафедрасы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: makpal_zere@mail.ru

Оспанов Бақтияр Есенгелдіұлы, докторант, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., 120000, Қазақстан Республикасы, e-mail: bakhtiar_aa@mail.ru

Паланджи Изабелла, докторант, славистика кафедрасы, Германистика, скандинавистика және славистика факультеті, Висконсин университеті, Мэдисон, АҚШ, email: palange@wisc.edu

Пангереев Абат Шамұлы, филология ғылымдарының докторы, профессоры, Филология факультеті, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., 030005, Қазақстан Республикасы, e-mail: pan.abat@mail.ru

Погожева Елена Юрьевна, PhD доктор, қауымд. профессор, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: pogosheva@mail.ru

Самсенова Гульжан Серикбаевна, докторант, «Филология» мамандығы, Филологиялық факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010008, Қазақстан Республикасы, e-mail: gulzhan_samsenova@mail.ru

Саттарова Азиза Тешабаевна, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, «Қырғыз тілі және әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі, Академик М. М. Адышев атындағы Ош технологиялық университеті, Ош қ., 723500, Қырғыз Республикасы, e-mail: aziza.sattarova.1965@mail.ru

Саурбаев Ришат Журкенович, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Шетел филологиясы кафедрасы, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университет, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: rishat_1062@mail.ru

Сахариева Айгүл Жумагельдиновна, аға оқытушы, Торайғыров университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: s_aygul@mail.ru

Таласпаева Жанар Серкешовна, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Тіл және әдебиет институты, «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы, e-mail: talaspaeva@inbox.ru

Толокольников Наталя Ивановна, аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдарының магистрі, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: natasha.tolokolnikova@mail.ru

Түлебаева Куралай Токтаровна, филология ғылымдарының кандидаты, Гуманитарлық факультеті, «Alikhan Bukeikhan University», Семей қ., 070000, Қазақстан Республикасы, e-mail: tulebaeva82@mail.ru

